

ISSN 2710-1371

Қазақ тарихы

электронды журналы

Electronic journal of
Kazakh history

№ 1(181) 2024

«History and Culture» ЖШС

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ KAZAKH HISTORY

ЭЛЕКТРОНДЫ ЖУРНАЛЫ
№1 (181) 2024

ELECTRONIC JOURNAL
№1 (181) 2024

Құрылтай және баспагер:

«History and Culture» ЖШС. Алматы, Қазақстан.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттар мен архивтер комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 02.11. 2023 жылғы № KZ 38RBZ00041763 куәлігі берілген.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

Founder and publisher:

"History and Culture" LLP. Almaty, Kazakhstan

Periodic press publication of the Information and Archives Committee of the Republic of Kazakhstan on communication and information and (but) on registration of information agencies 02.11. Certificate No. KZ 38RBZ00041763 dated 2023 was issued.

Published 4 times a year
(March, June, September, December)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ

Бас редактор – Жұматаев Ринат Серикович – Phd, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасы (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары – жауапты редактор

Ногайбаева Мендигүл Сағатовна – т.ғ.к., қауымд. профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры м.а. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Ангела Шоттенхаммер – тарихшы синолог, т.ғ.д., KU Leven университеті (Бельгия)

Бабақұмар Қинаятұлы – этнограф, т.ғ.к., Дебрецен университеті (Венгрия)

Эврим Олчер – этнограф, PhD, Қажы Байрам Вели университеті (Түркия)

Алтымышева Зухра Америкекуловна – тарихшы, Phd, «Манас» Кыргыз-Түрік университеті (Қырғызстан)

Байгабатова Назгуль Қажымуратовна – этнограф, т.ғ.к., І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті (Қазақстан)

Ақымбек Ералы – Phd, археолог. Ә. Марғұлан атындағы Археология институты (Қазақстан)

Кенжаева Наргиза Соатумуниновна – тарихшы, Phd, Шыршық мемлекеттік университетінің Репрессия құрбандарын еске сақтау музейі (Өзбекстан)

Ильясова Зибегүл Сулейменовна – тарихшы-шығыстанушы, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

Сайлаубай Ерлан Ерназарұлы – археолог, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Елтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры (Қазақстан)

Бесетаев Бауыржан – археолог. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан)

Намен Абай – Phd, археолог. Назарбаев университеті (Қазақстан)

Бабабеков Акбар Давурбаевич – Phd, этнограф. Ұлықбек мырза атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (Өзбекстан)

Гурсой Музаффер – Phd, археолог. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан)

Жетпісбай Нұржан Ықсанұлы – Phd, тарихшы. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

EDITORIAL COUNCIL

Editor-in-chief – Zhumatayev Rinat – Phd, Al-Farabi Kazakh National University, Department of Archaeology, Ethnology and Museology (Kazakhstan)

Deputy editor-in-chief – executive editor – Nogaibayeva Mendigul – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Department of History of Kazakhstan (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Angela Schottenhammer – Full Professor of Chinese Middle Period & Early Modern World History at KU Leuven (Belgium)

Babakumar Kinayatuly – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, University of Debrecen (Hungary)

Evrin Ölçer Özünel – Ethnographer, PhD, Associate Professor, Ankara Haji Bayram Veli University (Türkiye)

Altymysheva Zuhra – Historian, Phd, Kyrgyz-Turkish "Manas" University (Kyrgyzstan)

Baigabatova Nazgul – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, Zhetisu University (Kazakhstan)

Akymbek Eraly – Phd, Archaeologist. Margulan Institute of Archeology (Kazakhstan)

Kenzhaeva Nargiza – Historian, PhD, Chirchik State Pedagogical University, Memorial Museum of Victims of Repression (Uzbekistan)

Ilyasova Zibagul – Historian-Orientalist, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Saylaubay Yerlan – Archaeologist, Candidate of Historical Sciences, Director of the Research Center "Eltanu" of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Besetaev Baurzhan – Archaeologist, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Namen Abay – Phd, Archaeologist. Nazarbayev University (Kazakhstan)

Bababekov Akbar – Phd, ethnographer. National University of Uzbekistan (Uzbekistan)

Gursoi Muzaffer – PhD, Archaeologist. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. (Kazakhstan)

Zhetpisbai Nurzhan – Phd, Historian. Institute of History and Ethnology named after Sh.Sh. Ualikhanov. (Kazakhstan)

Журналда тарих ғылымының келесі бағыттары бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (ежелгі, ортағасырлар, жаңа және қазіргі заман), археология, деректану және тарихнама, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, ағылшын. 1993 жылдан бастап шығады

Scientific works are published in the journal in the following areas of historical science: history (ancient, medieval, new and modern), archeology, source studies and historiography, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, English. Founded in 1993.

Редакциямен баспаның мекен-жайы:
050040 Көктем-4 ы/а, 13-үй, 19 п.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., ***

«History and Culture» ЖШС. Тел.: 87076787670.
e-mail: qazaqtarihy.journal@gmail.com
Журнал сайты: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

Address of the editorial office:
050040 microdistrict Koktem-2, no. 13, apt. 19.
Almaty, Republic of Kazakhstan

"History and Culture" LLP. Tel.:87076787670.
e-mail: qazaqtarihy.journal@gmail.com
Journal site: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ
ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСАН

NEW AND MODERN
KAZAKHSAN

Д.А. Махат

Тарих ғылымдарының докторы, «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының басшысы,
«Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ» Ке АҚ, Астана, Қазақстан,
e-mail: danagul77@mail.ru

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ АҚТАҢДАҚ БЕТТЕРІ: ОҚУ ОРЫНДАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК-ЖАТ ЭЛЕМЕНТТЕРДЕН ТАЗARTU НАУҚАНЫ

Аңдатпа: Коммунистер XX ғ. 20-30 жж. кеңестік жаңа адам қалыптастыруды мақсат етіп, «әлеуметтік жат элементтерге» қарсы қарқынды күрес жүргізді. Университет, институт, академия, техникумдар мен мектептерде партияның тазарту науқаны жүріп, оқытушылар мен қызметкерлердің, студенттердің әлеуметтік шығу тегі тексерілді. «Әлеуметтік жат элементке» жатқызылғандар партия қатарынан, қызметтен, оқудан қуылды.

Зерттеуде Ф. Голощекиннің 1925 жылдың күз айында БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетіне келгеннен кейінгі кезеңде жеделдете жүргізілген ірі революциялық науқандарының (ауылды кеңестендіру, егіндік және шабындық жерлерді бөлу, ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу) білім беру саласына әсері, өз елімізде ғана емес, Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Саратов, Орынбор, Омбы сияқты өзге де оқу орындарында білім алып жатқан қазақстандық жастардың тағдыры қарастырылған. Оқу орындарын алашордашылар мен бай-кулактардың, саудагерлердің, діни қызметкерлердің, төңкеріске дейін патша мекемелерінде жұмыс жасаған адамдардың балалары мен жақын туыстарынан тазарту науқаны қалай жүрді, оқудан шығарылып, қуғындалған азаматтар кімдер? Олардың есімдері анықталып, тың деректер ғылыми айналымға қосылды.

Түйін сөздер: Кеңестік Қазақстан, партиялық тазарту, қазақ студенттері, алашорда, бай-кулак, оқу орындары, қуғын-сүргін, идеялық ұстаным, комсомол.

Сілтеме үшін: Махат Д.Ә. Қазақ тарихының ақтаңдақ беттері: оқу орындарын әлеуметтік-жат элементтерден тазарту науқаны // Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 181. No 1. 4*18 бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-1-1-1-18>

D.A. Makhat

Doctor of historical sciences, Head of the "Otyrar Kitapkhanyasy" research center,
L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan,
e-mail: danagul77@mail.ru

The Undiscovered Pages of Kazakh History: A Campaign to Purge Educational Institutions of Socially Alien Elements

Abstract: In the 1920s and 1930s, the Communists aimed to create a new Soviet man and fought intensively against "socially alien elements". Party purges were carried out in universities, institutes, academies, technical colleges and schools, and the social background of teachers, employees and students was checked. Those who were categorised as "socially alien elements" were excluded from Party ranks, positions and studies.

The study examines the impact of Goloschekin's major revolutionary campaigns (village councils, distribution of agricultural and pasture land, confiscation of the rich and the semi-feudal), intensified in the period after his arrival in the Kazakh Obkom in the autumn of 1925, on the sphere of education, the fate of Kazakh youth studying not only in their own country, but also in other educational institutions such as Moscow, Leningrad, Tashkent, Saratov, Orynbor, Ombi. How was the campaign to purge educational institutions of children and close relatives of wealthy people, merchants, priests, people who worked in tsarist institutions before the revolution, who was the expelled and exiled people? Their names were identified and new data were introduced into the scientific turnover.

Key words: Soviet Kazakhstan, party purge, Kazakh students, alashorda, rich-kulak, educational institutions, repression, ideological position, komsomol.

For citation: Makhat D. A The Undiscovered Pages of Kazakh History: A Campaign to Purge Educational Institutions of Socially Alien Elements // Electronic scientific journal "Kazakh history". 2024. Vol. 181. No. 1. Pp. 4-18 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-1-1-1-18>

Кіріспе

Отандық тарихнамада саяси террор жылдарындағы оқу-ағарту мәселесіне қатысты еліміздің беделді тарихшы-ғалымдары Х.Әбжанов, Қ.Ахметов және т.б. зерттеушілердің монографиялары мен зерттеу мақалалары, танымдық еңбектері жарық көрді. Зерттеулерде қазақ интеллигенциясының оқу-ағарту саласындағы қызметі, білім беру саласын бір партиялық тоталитарлық жүйеге бағындыру, әр түрлі мамандық иелелерін идеялық тұрғыдан тәрбиелеу, қазақ интеллигенциясына қарсы ұйымдастырылған қуғын-сүргін, кеңестік кезеңде ашық айтылмаған ақтандақтарға назар аударды. Алайда, соңғы үш жылда, яғни «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия» жұмысы барысындағы табылған тарихи құжаттар мәселені әлі де терең зерттеу қажеттігін көрсетіп отыр.

Большевиктер саяси билікті өз қолдарына алғаннан кейінгі кезеңде рухани-мәдени өмірге түбегейлі қайта құрулар жасауға бағытталған шаралар кешенін қолға алды. Адамдардың дүние танымын, өмір салтын, дәстүрін түбегейлі өзгерту – мәдени революция деп аталды. В. Ленин «Кооперация туралы» еңбегінде: «Мәдени революция – бұл ... бүкіл халық бұқарасының мәдени даму кезеңін тұтас қамтитын, тұтас революция» деді. Ол мәдени революцияны саяси және әлеуметтік төңкерістен кейін жүзеге асуы тиіс шара ретінде қарастырды. 1917 жылы мамырда («Анархизм манифестінде») алғаш айналымға енген «мәдени революция» саяси терминге айналды.

РК(б)П съездері мен конференцияларында¹ социалистік мәдениеттің қалыптасу және даму мәселелері қаралып, рухани-мәдени саланың мақсат, міндеттері айқындалды. Большевиктер қабылдаған құжаттарда социалистік қоғам орнату, кооперациялау, шаруаларды жаңа құрылысқа тарту мәдени революциямен байланысты екені аталып, оған ерекше маңыз берілді. В. Ленин бастаған большевиктер жаңа социалистік қоғам қалыптастыру үшін пролетариаттың үлес салмағын арттырып, ұлттық мәдениетті пролетарлық мәдениетпен алмастыру, рухани-мәдени өмірді түбегейлі өзгерту мақсатын қойды. Алдымен коммунистік (маркстік-лениндік) идеологияны кеңес адамдары санасына сіңіру бағытындағы іс-шаралар қолға алынды. Партиялық басқару

органдары желісі құрылып, Агитпроп (БЛКЖО Орталық Комитетінің бөлімі), Главполитпросвет, Наркомпрос, Главлит және т.б. мекемелер жұмысын бастады. Баспалар, мұражайлар, кинофабрикалар мемлекет меншігіне алынып, мерзімді басылымдар партиялық саясат пен идеологияны халық арасына тарататын үгіт-насихат құралына айналды.

Коммунистер жеке тұлғаның азаматтық ұстанымы қалыптасатын ағарту мекемелерін өз бақылауына алды. Ф. Голощекиннің 1925 жылдың күз айында БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетіне келуімен жеделдете жүргізілген ауылды кеңестендіру, егіндік және шабындық жерлерді бөлу, ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу науқандары білім саласына да әсер етті. Партиялық тазарту Қазақстанның өз ішінде ғана емес, Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Саратов, Орынбор, Омбы қалалары оқу орындарын да қамтыды. Мақсат, Ресейдің оқу орындарында оқып жатқан алашордашылар мен бай-кулактардың, саудагерлердің, діни қызметкерлердің, төңкеріске дейін патша мекемелерінде жұмыс жасағандардың балалары мен жақын туыстарының саяси ұстанымын, саяси белсенділігін және таптық-партиялық ұстанымын анықтау, ресми партиялық идеологияға жат элементтерден оқу орындарын тазарту болатын.

Материалдар мен зерттеу әдістері.

2.1. *Зерттеу әдістері.* Зерттеу барысында қарастырылып отырған мәселеге қатысты мол тарихи деректер жинақталып, жүйеленіп, деректанулық талдау жасалды. Білім беру саласына қатысты архивтерден алынған материалдар салыстырыла зерттелді. XX ғасырдың 20-30-жылдары білім беру саласында орын алған олқылықтар, билік органдарының асыра сілтеу саясаты, жазықсыз жастардың оқу орындарынан, қызметтен шығарылғаны анықталды. Деректік материалдарды жүйелеу, талдау және мазмұнын зерттеу барысында жастардың ой-пікірлері, коммунистердің «әлеуметтік жат элементтерге» қатысты ұстанымы мәселелеріне талдау жасалды. Жастардың азаттық жолындағы күрес идеясының қайнары, барысы, жастар қозғалысы мәселелеріне назар аударылды. XX ғ. 20-30 жылдарындағы тарихи деректерді жүйелеу және зерттеу жұмыстары барысында Қазақстанның және Ресейдің оқу орындарында оқыған жастардың аты-жөні анықталып, тізімі жасалды, өмірбаяны бір ізге түсірілді.

¹ XI, XII, XIII съездері мен XII партконференция

Оқу орындарын әлеуметтік-жат элементтерден тазарту науқанына қатысты бұрын ғылыми айналымға қосылмаған тың деректерді зерттеуде жалпы ғылыми әдістерден: жинақтау, шолу, талдау, жүйелеу, салыстыру, индукция, дедукция, қорыту және басқа әдістер, нақты тарихи зерттеу әдістерінен: тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелілік әдістері қолданылды. Айта кеткен орынды, «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның» саяси қуғын-сүргінге қатысты деректерді іздестіру, «күпия» және «аса күпия» құжаттарға сараптама жасау, күпиясыздандыруға ұсыну жұмыстары барысында XX ғасырға қатысты бұрын ғылыми айналымға қосылмаған мол дерек көзімен танысып, ұлт азаттығы жолындағы күреске жастардың қатысқаны және азаттық жолындағы күрес үздіксіз жалғасып, тек қана күрес әдісі өзгеріп отырғандығына көз жеткіздік.

Материалдарға сипаттама

«Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның» 2021-2023 жылдар аралығын қамтыған бірінші кезеңінде еліміздің архивтерінен Кеңестік Қазақстан тарихына қатысты тың деректерді іздестіру жұмысы барысында, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қоғамдық саяси ахуалға, қазақ халқының азаттығы мен еркіндігі жолындағы күреске, білім беру саласына қатысты тың деректерге қол жеткіздік. Қазақстан Республикасы архивтерінің күпия қорларынан тергеу материалдары, қуғындалған қазақ зиялыларының күнделіктері мен хаттары, өтініштері, мерзімді басылымдардың редакцияларына жолдаған мақалалар, қуғындалған жастар ұйымдары, оқу орындарындағы партиялық тазарту, тыйым салынған кітаптар мен олардың авторлары, бұйрықтар, қаулы-қарарлар және т.б. мол дерек көзі табылды. Мақала жазу барысында Астана, Алматы, Семей қалаларындағы (ҚР ПА, ҚР ҰҚКАА және т.б.) архивтерден алынған білім беру, оқу орындарындағы партиялық тазарту мәселесіне қатысты деректер сұрыпталып, зерттелді.

Талқылау

XX ғ. 20-30 жж. кеңестік жаңа адам қалыптастыруды мақсат еткен коммунистер «әлеуметтік жат элементтерге» қарсы қарқынды күрес жүргізді. Университет, институт, академия,

техникумдар мен мектептер партия тазартуынан өткізіліп, оқу орындарындағы оқытушылар мен қызметкерлер, студенттер арасындағы «әлеуметтік жат элементтерді» партия қатарынан, қызметтен, оқудан шығарды. 1927 ж. 15-23 қарашасы аралығында өткен VI Бүкілқазақтық партия конференциясында көтерілген қазақ байларын тәркілеумен байланысты білім беру саласына бақылау күшейтілді.

Осы кезеңде коммунистердің айыптаулары мен қуғындау саясатына қарсы жастар қозғалысы пайда болды. Мәселен, 1928 жылғы сәуір-мамыр айларында Еңсеп Достанов өзінің қызметтегі достары және студент жастардан құралған «Қазақшылдар» ұйымын құруды ойластырды. Ұйым құру жөнінде Абдрахман Бітімбаев, Мәулен Молдабеков, Қошқар-Әлі Манасбаевпен кеңесті. Оларға студенттер Халикуз Досов, Абдулла Жүзбаев қосылды. Жастар 1928 жылдың мамыр айында коммунистік партияның жер саясатына және оқу орындарындағы тәрбие жұмыстарына наразылық білдіріп, үндеу дайындау жөнінде шешім қабылдады.

Еңсеп Достановтың бастамасымен Қошқар-Әлі Манасбаев, Абдрахман Бітімбаев, Мәулен Молдабеков қазақ халқына үндеу жазып, оны алты дана етіп әзірледі. Үндеуді 7 мамыр күні түнде Губерниялық атқару комитеті, Губерниялық жер басқармасы, Губсуд, Еңбек бөлімі және Дәріхана қабырғаларына жапсырып кетті. «Қазақшылдар» ұйымы атынан таратылған ұнпарақ алаш зиялысы Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» өлеңімен үндес, «Көтер, қазақ, басыңды!» (немесе «Оян, қазақ!») деп басталған, халықты отаршылдарға қарсы саяси күреске шақырған. Ұнпарақ алғашқы нұсқасында қазақ тілінде жазылып, жарияланған. Кейін партия тыңшыларының қолына түсіп, хатты орыс тіліне аударған. Біздің қолымызға Қазақстан Республикасы Президенті архивіндегі және ҚР ҰҚКАА орыс тіліне аударылған нұсқасы түсті. Үндеу 6 пункттен тұрады. Оның қысқаша мазмұны төмендегідей:

«КӨТЕР ҚАЗАҚ БАСЫҢДЫ!» (НЕМЕСЕ «ОЯН, ҚАЗАҚ!»)

- Қазан төңкерісі ұлттардың өзін-өзі басқаруына құқық бергелі 11 жыл өтті, өзін-өзі басқару құқығын алған ұлттардың бірі — Қазақ автономиялық республикасы, алайда қазақтар ұлттық еркіндік алған жоқ, бүгінгі күнге дейін оларды орыс бұзақылары басқарып отыр

- Олар алдына әлемдік революцияның авангарды болуды мақсат етіп, Қазақстанда әр түрлі

науқандар ұйымдастыруда, соның бірі астық дайындау науқаны.....

- Қазақстан еңбекшілері әлі де отарлық езгіде, бір ғана мысал, қазақ өзі үшін, өз мүддесі ескерілген бір заң-жобасын жасап па еді?! Жоқ!

- Оқу орындарындағы қазақ жастарына тәрбие беру — орыс мәдениетіне бағындыру принципіне негізделген. Жастарды мәдени дамуға жетелеу дегендері қазақты алдау.

Қазақ жастары! Біздің ұлттық принципimizi ұмытпаңдар! Жолдан тайып, орыс авантюристеріне ерсек, қапы қалғанымыз!

- Отаршылдар «Қазақстандыру» деген жалған ұран көтеруде, оған дәлел билік басына клен орыс ұлтының өкілдерін отырғызуы. Қазақ халқының ең болмағанда, мыңнан бір тілегі орындалып отыр ма?!

- Николай патша кезіндегі саясат салдарынан өз жерлерінен қуылып, қазақтың тауы мен орманына орналасқандармен арадағы реніш Қазан төңкерісінен кейін ұмытылар деп едік, алайда ол бұрынғыдан да ушыға түсті...

Қазақтар ешқандай да теңдікке жеткен жоқ. Оған фактілер дәлел.

«САНАЛЫ — АЛТЫ — АЛАШ» өкілдері орыс авантюристері мен қазақты сатқандардың жәбірлеуіне қарсы, ашық саяси күреске шақырады!

«Жасасын әділ «Алаш» ұйымының бірлігі!»

«Қой терісін жамылған қасқырлар, қан сорғыш орыс авантюристеріне өлім!»

«Қазақ ӘЛЕУМЕТІНІҢ бірлігі жасасын!»

«Жасасын «ҚАЗАҚШЫЛДАР» ұйымы!» [ҚР ПМ. Қ.141, т. 17, іс 254, 119 п.; ҚР ҰҚКА. Қ. 1, т. 8, арх.іс 200, 50-51 пп].

Ресми органдар жастардың үндеуін, 1927 жылдың қараша айында өткен Қазақ Өлкелік БК(б)П VI конференциясынан кейін, XI пленум қарсаңында ұлтшылдар мен оңшылдардың жер мәселесіне қарсылығы, ұйымдасқан контрреволюциялық топтың бас көтеруі деп жария етті. Жоғары оқу орындары мен жастар арасында коммунистік қырағылықты күшейтті. Шымкент қаласындағы ауыл шаруашылық және педагогикалық техникумдарында Жүсіпбек Аймауытов бастаған қазақ ұлтшылдарының ықпалы күшті, жастар арасында олардың ізбасарлары дайындалуда деген тұжырым жасалды. Коммунистік партия белсендісі Ә. Байділдин: «Ерте кезде Түркияда Әбдіхамит сұлтанның заманында «Жас Түрік» атты ұйымдар болған. Олар жастар қозғалысына басшылық етіп, жаңа пікір таратпақшы

болған. Жалғыз түрік емес өзіміздің қазақтада сол болды ғой. 1914-1915 жылдарда әсіресе 1917 жылдан кейін, «Алашорда» кезінде қазақ елінің әр жерінде-ақ «Жас қазақ» ұйымдары ашылған болатын. Бірақ, олардың дені жас қазақ тонын жамылып алып, «қарт қазақтың» пікірін таратты» [Бәйділдәұлы, 1929] деп жазды. Партиялық жауапты қызмет атқарған Ә.Байділдин сөзінен, ресми биліктің жастардың бас көтерулерінен сескеніп, саяси күреске үн қосқаны байқалады. Баспасөзде жастар мәселесін көтерген С.Садуақасов пен М.Жұмабаевқа қарсы саяси күрестің үдете жүргізілуі де соны көрсетеді. Жоғарыдағы жастар мәселені оралайық.

Еңсеп Достанов 16 мамырға дейін Шымкент қаласында болды. Алдағы уақытта Қызылордаға баруды жоспарлап, өзін жастайынан тәрбиелеген Қазалы уезінде тұратын байдың ауылына бару мақсатымен жолға шықты. Алайда, ресми орган қызметкерлері оны жолда тұтқындап, жауапқа тартты. «Қазақшылдар» ұйымына мүше болғандар қатарында 6 адамның есімі анықталды. Олар:

1. Еңсеп Достанов – 23 жаста, Сырдария губерниясы, Қамбаш болысынан, сауатты, ВЛКСМ мүшесі, бұрын сотталмаған.

2. Бітімбаев Абдрахман – 22 жаста, Қазалы қаласынан, білімі төмен, Қазалыдағы 7 жылдық мектептің 5 класын бітірген, 1922 жылдан ВЛКСМ мүшесі, тұтқындалғанға дейін Қазақ мемлекеттік сауда мекемесінде қойма меңгерушісінің орынбасары болып істеген. Қоймадағы материалдардың жетіспеушілігіне байланысты жауапқа тартылып, айыппұл салынған. Соңғы уақытта жұмыссыз. Е.Достановпен панасыз балалар үйінен таныс, 1919-1920 жылдары А.Бітімбаев та осы балалар үйінде тәрбиеленген.

3. Манасбаев Қошқар-Әлі – 22 жаста, Әулие Ата уезі Қарабөкір болысы, кедей отбасынан, ВЛКСМ мүшесі, ауыл шаруашылық техникумы оқушысы. Е.Достановпен Әулие Ата қаласында, оның БК(б)П Уездік комитетінде қызметте жүрген кезінде танысқан.

4. Молдабеков Мәулен – 23 жаста, Түркістан уезі, кедей отбасынан, ауыл шаруашылық техникумы оқушысы. Е. Достановпен панасыз балалар үйінде танысқан.

5. Досов Халикуз – 23 жаста, Қызылорда уезі, Қараөзек болысы, кедей отбасынан, 1-басқышты мектепті бітірген, ВЛКСМ мүшесі. Тұтқындалған кезінде Губерниялық соттың Азаматтық бөлімінде хатшы болып істеген. Е.Достановпен панасыз балалар үйінен таныс.

6. Жүзбаев Абдулла – 23 жаста, кедей отбасынан, Ташкент-Өзбек округынан, ВЛКСМ мүшесі, Ташкент қаласындағы медтехникумның 1 курсын бітірген, тұтқындалған кезінде Шымкент қалалық дәріханасында асистент. Е.Достановпен жоғарыда есімдері аталған адамдар арқылы танысқан.

Тергеу кезінде Мәулен Молдабеков пен Қошқар-Әлі Манасбаевтан «Қазақшылдар» ұйымы және үндеу жазу, таратуға байланысты жауап алынды. Еңсеп Достанов ұйымның құрылуы, өзінің осы ұйымға жетекшілігі, үндеу жазу, тарату туралы сұрақтарға жауап беруден және «Қазақшылдар» ұйымына қатысқандармен бетпе-бет сөйлесуден бас тартты.

Тергеу ісіне толықтырулар жасау қажеттігі туындап, агентуралық жұмыс жалғаса берді. Ұйымға қатысқандардың ісі ОГПУ (ОГПУ при СНК СССР) коллегиясына жолданып, Қазақстанның басқа өңірлерінде қазақ ұлтшылдарының ықпалымен жастар ұйымдарының құрылуы мүмкін екендігі ескертілді. Қазақстанның ОГПУ органдарына жалпы жастарға және әсіресе оқу орындарындағы студенттерге ұлтшылдардың іс-әрекетін жан-жақты терең түсіндіру міндеті жүктелді. Оқу орындарын ұлтшыл элементтерден тазарту, партия органдарына ақпаратты уақытында беріп, қажетті шара қолдану, студенттер арасында ұлтшыл әдебиеттің таралуына жол бермеу, әдебиеттің таралу көзін анықтау, жергілікті жерлердегі ұлтшылдардың орталықтағы ұлтшыл ұйымдар жетекшілерімен байланысын анықтау туралы тапсырма берілді.

1927 ж. 15-23 қарашасы аралығында өткен VI Бүкілқазақтық партия конференциясында көтерілген қазақ байларын тәркілеумен байланысты білім беру саласына партиялық бақылау күшейтілген болатын, «Қазақшылдар» ұйымының анықталуы коммунистік қырағылықты одан сайын жандандырды. 1928 жылдың 21 маусымында Қазақ ОАК-і «Қазақстанның барлық еңбекшілеріне» үндеу жариялап, мыңдаған малы бар, Кеңес өкіметіне «анық жау» ірі бай қожалықтары тәркіленіп, жер аударылатыны және де бұл науқан алдымен бұрынғы хан, сұлтан тұқымдарынан шыққандар мен ірі байларды нысанаға алатыны айтылды.

1928 жылғы 27 тамызда «Қазақ байларын тәркілеу туралы декрет»², 30 тамызда Қазақ

АКСР-і ХКК «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы»³ қаулы қабылданып, ол 1928 жылдың 5 қыркүйегінде баспасөзде жарияланды. Мерзімді баспасөздегі мақалада қазақ байларын тәркілеу 1928 жылдың 20 қыркүйегінде басталып, 1 қарашада аяқталатындығы ескертілді.

1928 жылдың соңында ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу науқаны оқу орындарын әлеуметтік шығу тегі коммунистік партияға жат алашордашылар мен бай-кулактардың балалары мен туыстарынан тазартуға ұласты. 1928 жылы 20 қарашада ҚазКСР Халық Ағарту комиссариаты мен Қазақ Өлкелік комитетіне Қарқаралы округі Берікқара аудандық⁴ партия комитетінен белгілі бай балалары: Ақбаев Қазкен Ибраевич, Ермеков Мүсілім Мәскеу ауыл шаруашылық оқу орынында⁵ оқитындығы туралы хат келіп түсті. Хатта Ақбаев Қазкен Ибраевич өзінің тегін Жандеркинге ауыстырып, жасырынып жүргені де айтылған. «Қой терісін жамылған қасқырлардың» жоғары оқу орындарында оқуына қарсылық білдірілген [ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 1 п].

Қазақ студенттерінің әлеуметтік құрамын тексеру жұмыстары шұғыл түрде қолға алынып, «Советская Степь» газетінде С.Сафарбековтың оқу орындарын әлеуметтік жат элементтерден тазарту жұмыстарын жүргізу туралы мақаласы жарияланды. БК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті 1929 жылдың 12 қаңтарында қазақстандық студенттер оқып жатқан Мәскеу (Я.М. Свердлов атындағы университетіндегі Таштитовке), Ленинград (Коммунистік университетіндегі

Декрет бойынша, ірі байларға көшпелі аудандарда ірі малға шаққанда төрт жүз бастан жоғары малы бар, жартылай көшпелі аудандарда үш жүз бастан жоғары малы бар, отырықшы аудандарда жүз елу бастан жоғары малы бар қожалықтар жатқызылды. Іс жүзінде отырықшы аудандарда ірі бай қатарына жүз бас малы барлар да жатқызылып, тәркіленді.

³ Қаулы бойынша Сырдария округіндегі Қызылқұм, Созақ, Сарысу және Шу аудандары, Қызылорда округіндегі Арал, Қазалы, Аламысық, Қарсақбай аудандары, Алматы округіндегі Балқаш ауданы көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандар қатарына жатқызылды.

⁴ Берікқара ауданы – 1928–1930 жылдары болған Қазақ АКСР-і Қарқаралы округінің әкімшілік бөлінісі. Орталығы – Милыбұлақ мекені. Берікқара ауданы 1928 жылы Қарқаралы округінің құрамында Семей губерниясындағы Қарқаралы уезінің Ақсара, Берікқара, Кент және Темірші Темірші болыстары аумағында құрылды. 1930 жылы аудан таратылып, оның аумағы Қарқаралы ауданына берілді.

⁵ К.А. Темирязов атындағы Мәскеу ауыл шаруашылығы академиясы.

² 1928 жылдың 5 қыркүйегінде «Қазақ байларын тәркілеу туралы декрет» және БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің «Барлық еңбекшілерге» үндеуі баспасөзде жарияланды.

Жамбыршинге), Омбы (Қамысовқа), Орынбор (Кислицинге), Ташкент (Шыңғыспаевқа) қалаларындағы жұмысшы факультеттеріне ресми хат жолдады. Ресми хатта: оқу орындарындағы қазақ студенттерінің әлеуметтік тегін тексеріп, тазарту жұмыстарын 1929 жылдың 1 наурызына дейін аяқтау, «Советская Степь» газетіндегі С.Сафарбековтың мақаласын басшылыққа алу, тексеру қорытындысын Халық ағарту комиссариатына жолдау тапсырылды.

Мәскеу оқу орындарын әлеуметтік жат элементтерден тазарту. Жұмыс жедел басталып, Мәскеу қаласындағы оқу орындарында білім алып жатқан қазақстандық студенттердің әлеуметтік шығу тегі, идеялық ұстанымы, қоғаммен араласуы, революциялық өзгерістерге сенімі тексерілді.

Мәскеудегі қазақ студенттерінің қауымдастығы 1929 жылғы 18 қаңтарда Қ.Таштитовтың төрағалығымен (хатшы Сапихонов) бюро мәжілісін өткізді. Оған Таштитов, Қуанышев, Сизонов, Сапихонов, Мельников, Маносов қатысты. Күн тәртібіне: орта және жоғары оқу орындарындағы студенттерді жат элементтерден тазарту мәселесі қойылды. БК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті жолдаған ресми хатта айтылған қазақстандық студенттердің әлеуметтік тегін тексеру үшін арнайы комиссия құрылатын болды. Комиссия құрамына: Таштитов, Мүсірәлиев, Қожакеев, Сизонов және Дәулетқалиев [ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 55 п] кірді.

Жоғарыда айтқан Мәскеу қаласындағы жоғары оқу орындарында оқитын Ақбаев Қазкен Ибраевич, Ермеков Мүсілімге қатысты арыз хат жоғары оқу орындарын жаппай тексеруге себеп болды. Мәскеу ауыл шаруашылық оқу орынының студенттері: Ибрагимов Язязит Өтеғалиұлы, Ибрагимов Кәрім, Жандеркин Қазкен, Ермеков Мүсілім, Бошаев Яхия, А.А. Атабаев тазартудан өткізілді.

Ибрагимов Язязит Өтеғалиұлы – Батыс Қазақстан облысы Теңіз ауылдық округінен, 1927 жылы К.А. Темиряев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылығы академиясының агрономия факультетіне оқуға түсіп, мемлекеттің шәкіртақысына оқып жатқан болатын. Академияның 2 курсында оқып жүргенде елдің құрметті азаматы, балық шаруашылығы саласындағы ірі кәсіпкердің ұлы ретінде комсомолдан және оқудан шығарылды.

Ибрагимов Кәрім де Батыс Қазақстан облысынан. Ол Бүкілресейлік кооперативтік инсти-

тутқа⁶ 1927 жылы арнайы жолдамамен келген. Сол кездегі беделді оқу орындарының бір саналатын институты К. Ибрагимовтің оқуына Қазақ ауыл шаруашылық банкі 50 сом көлемінде айсайын шәкіртақы төлеп тұрды. Балық шаруашылығы саласындағы ірі кәсіпкердің ұлы ретінде оқудан шығарылды.

Қарқаралы округінен Мәскеудің жоғары оқу орындарына келіп білім алып жатқан Жандеркин Қазкен, Ермеков Мүсілімнің әлеуметтік шығу тегі тексерілді. Олар К.А. Темиряев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылығы академиясының мал шаруашылығы факультетіне 1926 жылы Ташкенттегі САГУ-тен ауысып келген еді. Қазкенге Қазақ ауыл шаруашылық банкі, Мүсілімге ҚазХАК шәкіртақы төлеп тұрды.

Жандеркин Қазкен белгілі байдың ұлы және өзінің Ақбаев деген тегін жасырғаны үшін, Ермеков Мүсілім байдың ұлы ретінде тексерілді. Сондай-ақ, Ташкенттегі жұмысшылар факультетіне 1925 жылы оқуға түскен комсомол мүшесі Бошаев Яхия да (Сырдария ауданы) К.А. Темиряев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылығы академиясының мал шаруашылығы факультетіне ауысып, ҚазХАК шәкіртақысына оқып жатқан болатын. Республикалық газет бетінде Бошаев Яхияның әкесі белгілі бай адам болғаны туралы мақала жарияланып, осы мақалаға орай жан-жақты тексерілді.

Газет бетінде әкесінің әлеуметтік тегіне қатысты шыққан мақалаға орай 1926 жылдан Мәскеу мемлекеттік университетінің кеңестік құқық (совправо) факультетіне Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданынан келіп оқып жатқан Асқар Атабаевтың да шығу тегі [ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 2 п] тексерілді.

Мәскеудегі қазақ студенттері қауымдастығы жиналысында әлеуметтік шығу тегі, идеялық ұстанымы, революцияға көзқарасы, қоғамдық жұмысқа араласуы қаралған қазақстандық студенттер тізімі:

1. Рүстемов Мақсат – К.А. Темиряев атындағы Мәскеу ауылшаруашылық академиясы (бүдан әрі – ТМАО) студенті, оның ісін қайта қарау туралы шешім шығарылды

2. Досщанов Гарон – ТМАО студенті, оқудан шығарылған

3. Бошаев Я.Б. – ТМАО студенті, оқудан шығарылған

⁶ Бүкілресейлік кооперативтік институт 1918 жылы 30 қыркүйекте ашылған

4. Жандеркин А. – ТМАО студенті, оқудан шығарылған

5. Сүтішев Хусаин – ТМАО студенті, оқуында қалдырылды

6. Ермаков Муслин – ТМАО студенті, оқудан шығарылған

7. Хусмутдинова – Мәскеу медициналық техникум студенті, оқудан шығарылған

8. Атабаев Асқар – Мәскеу Мемлекеттік университеті. Ташкентке ауыстырылған, ісі сонда қаралатыны белгілі болды

9. Мусин Рафик – Г.В. Плеханов атындағы Халық Шаруашылық институты студенті, тұрғылықты орыннан қосымша анықтамалар алу туралы шешім шыққан

10. Азербайев Мардан – Мәскеу тау-кен академиясы студенті, тұрғылықты орыннан қосымша анықтамалар алу туралы шешім шыққан

11. Янковская – Мәскеу медициналық техникумы

12. Раббасов – ТМАО студенті, тұрғылықты орыннан қосымша анықтамалар алу туралы шешім шыққан

13. Ризев – И.Сталин атындағы Рабфак студенті, тұрғылықты орыннан қосымша анықтамалар алу туралы шешім шыққан

14. Қалменов Мырзаш – Мәскеу тау-кен академиясы студенті, оқудан шығарылған

15. Бөкейханов Сергей – Мәскеу тау-кен академиясы студенті, оқуын тәмәмдау ұсынылған

16. Атышаев – Мәскеу тау-кен академиясы студенті, оқудан шығарылған

17. Мұхаммедов М. – Свердловск Рабфак студенті, оқудан шығарылған

18. Дубовик Яков – ТМАО студенті, оқудан шығарылған

19. Кусейкалиев Гапер – банк қызметкері курсына, істі қайта қарау туралы шешім шығарылды.

Орынбор қаласындағы оқу орындарын әлеуметтік жат элементтерден тазарту. Жоғары оқу орындарында оқитын қазақ студенттерін тексеру, оқу орындарын әлеуметтік-жат элементтерден тазарту науқаны Орынбор округтік партия комитетінде жалғасты. 1928 жылдың 22 желтоқсанында БК(б)П Орынбор округтік партия комитеті студенттер мәселесіне қатысты жиын өткізіп, тексеру комиссиясын құрды. Тексеру комиссиясы құрамына Леострин (комиссия төрағасы), жұмыс тобына мүшелікке Тохтыбаев (төрағасы), Кислицын және Баталов (мүше) ұсынылды. Жиын соңында аталған адамдар қаулымен бекітілді.

Арнайы жасақталған комиссияға оқу орындарындағы қазақ студенттерін тексеру міндеттелді. Әр оқу орынында Округтік комиссия мүшелерімен бірге тексеру жүргізетін үштіктер мен бестіктер құрылды. Үштік және бестік жұмыс тобының құрамына: оқу орнының басшылары, Округтік комиссия мүшесі, студенттер ортасынан өкіл (партия мүшесі немесе комсомол) кірді. Үштік оқу орындарын әлеуметтік жат элементтерден тазартудың барлық практикалық жұмыстарына басшылық жасап, қажетті материалдар дайындайтын болды.

1929 жылдың 1 қаңтарында БК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне аталған мәселе жөнінде арнайы хат [ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 2 п] жолданды. Тазартудан студенттермен қатар оқытушылар да өткізілді. Мәселен, БК(б)П Орынбор округтік комиссиясының 1929 жылдың 11 қаңтарындағы шешімімен оқытушылар Оразалин пен Иманов Милиция, Жасөспірімдер мектептерінде, Қазмедтехникумда Алашорда идеологиясын насихаттағаны және діни көзқарасы үшін жұмыстан босатылды [ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 19 п].

Ташкент оқу орындарын әлеуметтік жат элементтерден тазарту. 1928 жылдың 8 желтоқсанында Ташкент қаласы қазақ студенттерінің қоғамдастығы комиссиясы САГУ студенттерінің әлеуметтік тегін және саяси идеялық ұстанымын тексерді. Арнайы құрылған комиссия САГУ-нің ауыл шаруашылығы және құқық факультетінің IV курс студенті Хамит Ыбырайұлы Ақбаевтың⁷ мәселесін қарап, кеңес жоғары оқу орнына әлеуметтік шығу тегі және идеялық ұстанымы жат адам ретінде оқудан шығарылды, оны басқа оқу орындарына оқуға түсу құқығынан да айырды.

Хамит Ақбаевтың САГУ-нің физика-математика факультетінің бірінші курсына оқитын туысы Халмұрат Жақұлы Ақбаев (18 жаста) та тексеріліп, оған да оқудан шығару туралы шешім шықты.

Исатаев Хұсанбек Исатайұлы⁸ – САГУ-нің ауыл шаруашылығы және құқық факультетінің

⁷ Хамит Ыбырайұлы Ақбаев – атақты Ыбырай Ақбаевтың ұлы, Қарақалпақ автономиялық округінің Берхарин ауданында туған. ҚазОАК-нің бай-феодалдарды тәркілеу туралы декретіне сәйкес әкесі Ыбырай I категорияға (ірі бай) жатқызылып мал-мүлкі тәркіленіп, жер аударылған. «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жылғы № 237 санындағы мақалаға орай Хамит Ақбаевты тексеруден өткізген.

⁸ Исатаев Хұсанбек Исатайұлы Қарақалпақ автономиялық округіндегі ірі байдың баласы болғаны және ағасы Топатайдың мал-мүлкінің тәркіленуі дұрыс емес деген пікірі үшін жауапқа алынған.

соңғы курсының студенті, оны дипломдық жұмысын қорғауға жібермеу және оқудан шығару жөнінде шешім шықты.

Дүйсетаев Смағұл Есенкүлұлы⁹ – САГУ-і медицина факультетінің үшінші курс студенті, партия қатарында жоқ. Комиссия оны оқудан шығару жөнінде шешім қабылдады.

Бұралқиев Мұстафа Бұралқыұлы¹⁰ – САГУ-нің экономика бөлімі ауыл шаруашылығы және құқық факультетінің II курсына оқитын. Комиссия мүшелері Мұстафадан С. Садуақасовтың «О национальностях и националах» («Большевик» 1928, №1) деген мақаласы туралы жауап алған кезде, С. Садуақасовтың Қазақстанның саяси және экономикалық еркіндігі туралы пікірлерін қолдайтынын ашық айтты. Мұстафаны қазақ буржуазиялық интеллигенциясының көзқарасын қолдаушы әлеуметтік жат элемент ретінде оқудан шығарды.

Қой-Айдарова Мағрипа Мырзағұлқызы¹¹ – САГУ-і медицина факультетінің бесінші курс студенті, БК(б)П мүшелікке кандидат. Комиссия М. Қой-Айдарованың мәселесін факультеттің партия ұйымы жиналысында қарау жөнінде шешім шығарды.

Асанбеков Әшім¹² САГУ-нің экономика бөлімі ауыл шаруашылығы және құқық факуль-

тетінің III курс студенті. Әшім өз өтінішімен комсомолдан шыққан. Комиссия мүшелері одан комсомолдан шығу себебін сұрағанда, Әшім: комсомол жиналыстарына қатыспағаны, мүшелік жарна төлемегені үшін комсомолдан шығып қалғанын, сонымен қатар студенттердің қоғамдық жұмыстарға тартылуы олардың білім алуына кедергі болатынын жеткізген. Қазақстанда жүріп жатқан бай-феодалдарды тәркілеуге қатысты бейтарап көзқарас ұстанатынын, университеттегі оқуын бітіргеннен кейін де саясатқа араласпайтындығын айтқан. Комиссия кенеске қарсы, пролетар студентіне жат ұстанымы үшін Асанбеков Әшімді оқудан шығару туралы шешім қабылдады.

Қаратаев А.Х.¹³ – САГУ-і инженерлер дайындайтын факультетінің үшінші курс студенті, 1927 жылдан комсомол мүшесі. Комиссия университет бітірген соң коммунист маман ретінде оны қызметке тарту мүлде мүмкін емес, сондықтан оқудан шығару қажет деген шешім шығарды.

Сейдалиев Әли-Ақбар Жансұлтанұлы¹⁴ САГУ-нің студенті. Комиссия оның алдағы уақытта комсомол қатарында болу мәселесін қарап, әлеуметтік тегі мен идеялық ұстанымы кенес жоғары оқу орнына жат элемент деп тауып, оқудан шығару туралы шешім қабылдаған.

Қашқынбаева Сара¹⁵ – САГУ-і медицина факультетінің үшінші курс студенті, комсомол мүшесі. Алашорданың көрнекті өкілі Иса Қашқынбаевтың қарындасы. Сара ағасының қамқорлығында болған. Комиссия Сараның комсомол қатарында болу мәселесін алдағы уақытта қарау және оқуда қалдыру туралы шешім шығарды.

Мәрсекеев Рахмет Мәрсекұлы¹⁶ – САГУ-і физика-математика факультетінің дипломнигі.

⁹ Дүйсетаев Смағұл Есенкүлұлы – Алматы округі Ақсу ауданында туған, әкесі қажы, ауқатты адам болған. Смағұлдың туыстарынан бес ірі шаруашылық тәркіленген. Әлеуметтік шығу тегі жат элемент ретінде комсомол қатарынан шығарылған. Комиссия «Тілші» газетінің 1928 жылдың 56 санында шыққан материал негізінде тексеру жүргізген.

¹⁰ Бұралқиев Мұстафа Бұралқыұлы Сырдария округі Әулие ата ауданы 10 ауылында туған. Әкесінің бар байлығы тәркіленіп, округтан басқа жаққа жер аударылған. 1926 – 1927 жылдары май-ірімшік дайындайтын артел ашқан, алайда оны өз байлығын жасыру үшін ашты деген желеумен таратып жіберген. М. Бұралқиевтан артел жөнінде сұрағанда, кедейдің артелді ұстайтын шамасы болмағандықтан сол елдің ауқатты адамдарын әкесінің жұмысқа тартқанын жасырмады. Қазақ байлары артелге көмек бергенін де айтты. С. Садуақасов өзінің 1928 жылғы «Большевик» журналының №1 санындағы «О национальностях и националах» деген мақаласында өнеркәсіп орындарын Қазақстанның өзінен ашу мәселесін көтерген болатын. Мұстафа аталған мақалада айтылған пікірлерді толық қолдайтындығын білдірді.

¹¹ Қой-Айдарова Мағрипа Мырзағұлқызы – Орынбор губерниясында туған. Беделді байдың қызы. Әкесі 1920 жылы қайтыс болған. Анасы мен бауырларымен хат арқылы хабар алысып отырған. Тұрмыс құрған, жұбайы Қазақ Жер Комиссариатында агроном болып қызмет жасаған, партиядан шығарылған.

¹² Асанбеков Әшім Қарқаралы округі Шет ауданы 3 ауылда дүниеге келген. Әкесі ірі бай.

¹³ Қаратаев А.Х Орал округі Шалқар ауданы 7 ауылда туған, ақсүйек тұқымы (сұлтан). Әкесінің мал-мүлкі тәркіленіп, жер аударылған. Оның жақын туысы Б. Қаратаев Мемлекеттік Думаға мүше болған.

¹⁴ Сейдалиев Әли – Ақбар Жансұлтанұлы Қостанай округі 3 ауылда туған, ақсүйек тұқымы (сұлтан). Әли – Ақбардың САГУ-дің қай факультетінде оқығаны туралы мәлімет жоқ. Әкесі революцияға дейін аймақтық сотта қызмет жасаған. Ол өзінің әкесінде ірі шаруашылық болғанын жармай айтқан. Алаш орданың көрнекті өкілі И. Қашқынбаевпен жақсы байланыс жасап тұрған.

¹⁵ Қашқынбаева Сара Орал губерниясы Жымпиты уезі Тайпақ болысының 4 ауылда дүниеге келген.

¹⁶ Мәрсекеев Рахмет Мәрсекұлы Қарқаралы округі бұрынғы Мендешев болысы 1 ауылда туған. Әкесі ауқатты адам, мал шаруашылығымен айналысады. Мал-мүлкі тәркіленіп, жер аударылған атақты бай Хасен Ақаев оның туысы болып келеді.

Р. Мәрсековтің елінде 3 жыл болмағаны және Алашордамен байланысы жоқтығы ескеріліп университетте қалдырылды.

Тұнғашина Зейнеп Мұхамедиярқызы¹⁷ – САГУ-і медицина факультетінің үшінші курс студенті, 1926 жылдан ВЛКСМ мүшесі. Оның барлық құжаттары САГУ-не жолданып, оқуда қалдырылды.

Досмұхамедова Р.Х.¹⁸ – САГУ-і медицина факультетінің екінші курс студенті, партия қатарында жоқ. Әкесі Алашорданың белді мүшесі, ҚазМУ-де оқытушы болып қызмет еткен, атақты Халел Досмұхамедов. Комиссия Р.Х. Досмұхамедованы оқуын жалғастыру жөнінде шешім шығарды.

Әлінбаев Нүрәлі¹⁹ – САГУ-нің экономика бөлімі ауыл шаруашылығы және құқық факультетінің III курс студенті, 1924 жылдан ВЛКСМ мүшесі. Комиссия оның қоғамдық және идеологиялық жұмыстарға белсенді қатысатындығын ескере келе, оқуда қалдыру жөнінде шешім шығарды.

Далатказина Г.²⁰ – ұлты татар, САГУ-і медицина факультетінің екінші курс студенті. Әкесін 1918 жылы қызылдар атып өлтірген. Ол 16 жасынан еңбекке араласып, студент кезінде балабақшада медбике болып жұмыс жасаған. Тексеру комиссиясы оны университеттегі оқуында қалдырды.

Саулебеков Орманбай²¹ – әлеуметтік шығу тегі колхозшы. Комиссия мүшелері оның «Алашорда идеясын білмеймін, таныс емеспін» деген

жауабына қанағаттанбады. Алашорда идеясына қатысты шынайы пікірін жасырды деп күдікпен қарағанымен, университеттегі оқуын жалғастыру туралы шешім шығарды.

Теміров Едіге²² – төре тұқымынан, САГУ-нің экономика бөлімі ауыл шаруашылығы және құқық факультетінің 3 курс студенті, партия қатарында жоқ. Әкесі революциядан бұрын патша шенеунігі болған, кейін шағын шаруашылыққа иелік еткен. Едігенің 3 жылдан аса уақыт отбасымен қарым-қатынаста болмағанын және саяси-идеялық ұстанымы коммунистік бағытта екені ескеріліп, оқуда қалдырылды.

Бөкейханов Р.А.²³ – САГУ-і физика-математика факультетінің студенті, партияда жоқ. Шыққан тегі төре-ақсүйек. Оның ағасы Әлихан Бөкейхановпен және алашордашылармен қарым-қатынасы тексерілді. Комиссия С.Садуақасов және басқа да Алаш ордашылармен жақсы қарым-қатынаста деп айыптап, оқудан шығару жөнінде шешім шығарды.

Қойайдаров Д.М.²⁴ – САГУ студенті. 1920 жылы қайтыс болған әкесі беделді бай кісі болған. Ол өзінің туған үйіне 3 жылдай бармаған, алайда анасы және бауырларымен байланыста, хат-хабар алып тұрған. Комиссия оның коммунистік ұстанымда екенін ескеріп, оқуда қалдырды.

Тұрсынов Сәбет Әбенұлы²⁵ – САГУ-нің экономика бөлімі ауыл шаруашылығы және құқық факультетінің 3 курс студенті, партияда жоқ. Оның әкесінің 1915 – 1919 жылдары болыс басқарғаны, ағасы Ақбеннің (әкесінің інісі) мал-мүлкі тәркіленіп, жер аударылғаны атап көрсетілді, әлеуметтік шығу тегі және идеялық ұстанымы жат элемент ретінде оқудан шығарылды.

Оқу орындарын әлеуметтік жат элементтерден тазарту науқаны белең алысымен БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетіне әр түрлі мазмұндағы

¹⁷ Тұнғашина Зейнеп Мұхамедиярқызы Ақтөбе губерниясы Ырғыз уезінде дүниеге келген. Әкесі революциядан бұрынаудармашы болып қызмет жасаған, кейін «Казмьсода» жұмыс істеген. Зейнеп ата-анасымен бірге, солардың қамқордығында болған. Ағасы Ахмет Тұнғашин Қазақстаннан тыс жерге жер аударылған.

¹⁸ Досмұхамедова Р.Х. Орал губерниясы Гурьев уезі 3 ауылда дүниеге келген. Әкесі Алаш Орданың белді мүшесі, ҚазМУ-де оқытушы болып қызмет еткен.

¹⁹ Әлінбаев Нүрәлі орынбор округі Бөрті ауданы 2 ауылда дүниеге келген. Әкесі егіншілікпен айналысқан орта шаруа. 1919 жылдан білім ала бастаған, Қой-Айдароваға туыс болып келеді. Университеттің қоғамдық өміріне белсене араласып, идеологиялық жұмыстарға қатысқан.

²⁰ Далатказина Г. ұлты татар, Ақтөбе қаласында туған. Әкесін 1918 жылы қызылдар атып өлтірген. 16 жасынан еңбекке араласып, студент кезінде балабақшада медбике болып жұмыс жасаған.

²¹ Саулебеков Орманбай Қарқаралы округі Шет ауданы 3 ауылында туған. Әкесі шағын шаруашылығы бар колхозшы. Комиссия мүшелерінің Алаш Ордаға қатысы сұрағына: «Алаш Орда идеясын білмеймін, таныс емеспін» деп жауап берген.

²² Теміров Едіге Қостанай облысы Аман – Қарағай ауданы 9 ауылда туған. Шыққан тегі төре – ақсүйек. Әкесі революциядан бұрын да шенеунік, Оксуд қызметкері болған.

²³ Бөкейханов Р.А. Қарқаралы Округінде туған. Шыққан тегі төре-ақсүйек. Алаш орда идеологы Әлихан Бөкейханов жақын ағасы.

²⁴ Қойайдаров Д.М. Орынбор округі, Бөрті ауданы 2 ауылда туған. Әкесі ел ішінде беделді, бай адам болған. 1920 жылы қайтыс болған.

²⁵ Тұрсынов Сәбет Әбенұлы Қарқаралы Округі Шет ауданында туған. Әкесі 1915 – 1919 жылдары болыс басқарған. Әкесінің інісі Ақбеннің мал-мүлкі тәркіленіп, жер аударылған.

хаттар, өтініштер, арыздар келіп түсіп жатты. Мәселен, САКУ студенті Жаркенттік Камалова Зухраның әкесі Камалов Мамыр революцияға дейін және одан кейінгі кезеңде алып-сатумен айналысқан, контрабандистермен байланыста [ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 47 п.] деген мазмұндағы арыз түсіп, тексерілген.

Ташкент қаласы қазақ студенттерінің қоғамдастығының 1929 жылдың 1 ақпанындағы жалпы жиналысы: Ақпаев Хамитты, Исатаев Хұсайнбекті, Дүйсетаев Смағұлды (Исмағұл), Бұракиев Мұстафаны, Асанбеков Әшімді, Сейдалиев Әлиакбарды, Қаратаев Хубиді, Тұрсыновты, Бөкейханов Райымжанды, Қойайдарова Мағрипаны, Ақбаев Қалмұратты, Қашқынбаева Сараны, Сұлтангереева Надіржанды оқудан шығару, қазақ студенттері көп шоғырланған Ташкент қаласындағы орта оқу орындарын тексеру туралы шешім қабылдады.

Ташкенттегі қазақ студенттерінің қауымдастығы БК(б)П Қазақ Өлкелік комитетінің 1929 жылғы 4 ақпандағы хатына бұқаралық сипат беру мақсатында Рабфак, САГУ, САКУ, Казлестехникум және Казинпрос студенттері арасында жиналыстар өткізді. Қазақстан партия ұйымының ұстанған саясаты мен жұмыс тәжірибесін түсіндіретін үйірмелер мен студенттердің жазғы өндірістік-тәжіриелік жұмыстарын (студенттердің тізімін жасау, денсаулық жағдайы т.б.) ұйымдастыру, кітапхана жұмысын жандандыру, 1929 жылдың 1 сәуірінен қалдырмай студенттердің әлеуметтік тегін, саяси идеялық ұстанымын тексеру жұмыстарын аяқтау жөнінде қарар қабылданып, «қазақ студенттері арасында топшылдық, садуақасовшылдықтың қалдығы бар» деп атап көрсетілді.

Оқу орындарын жат элементтерден тазарту барысында асыра сілтеулер, жазықсыз жазаланғандар болды. Мәселен, ҚКСР-нан мыңнан аса оқушы (оның 200-300 БК(б)П мүшесі) оқитын Ташкент қалалық қазақ студенттер қоғамдастығы Тәттібековтың төрағалығымен құрған комиссия студенттерге арнайы іс-шаралар (баяндама, жиналыс т.б.) арқылы алдын-ала түсіндіру жұмыстарын жүргізбестен жұмысын бастап кетті. Комиссия жұмысында Ташкент студенттері арасындағы «топшылдықты», «садуақасовшылдықты» анықтауға баса маңыз бергені анықталды. Сонымен қатар комфракция жиналыстары шашыраңқы өтіп, бір жиынға қатысқан адам екіншісіне қатыспады немесе алғашқы жиында болғандар соңғысына келмеді. Сондықтан жиналысқа қатысқан адамдар барлық қаралған

мәселелерден толық хабардар болмай шықты. Шешім көбіне комиссия мүшелерінің бір жақты пікірі негізінде шығылды. Оған дәлел комиссияның САГУ жұмысшы факультетінің үшінші курс студенті, БК(б)П-не кандидат Нұрпейіс Исмағұловқа қатысты тексеру жұмыстары.

1928 жылдың желтоқсан айында қазақ студенттері қоғамдастығы бірінші комфракциясы шақырылып, Хобби Қаратаев, Дәрібай Қайдаров, Нұрпейіс Исмағұлов, Едіге Теміров және басқа да бірқатар САГУ студенттерінің мәселесі қаралып, шыққан тегі, саяси ұстанымы мен бағыты тексерілгенін жоғарыда айтқан болатынбыз. Нұрпейіс Исмағұловқа қатысты мәселелеге толығырақ тоқталғанды жөн көрдік.

Нұрпейіс Исмағұлов 1903 жылы Семей Округі Жарма ауданы 4 ауылда²⁶ дүниеге келген. Әкесі өмір бойы «Большая речка» поселкасындағы тері заводында жалдамалы жұмысшы, тек өмірінің соңғы екі жылында әрлеуші, етікші болған. Нұрпейіс 14 жасқа толғанда әкесі дүние салып, ұзақ уақыт материалдық қиыншылықтарды басынан өткерген. 1917 жылғы революциядан кейін қалаға келіп, ана тілінде аздаған білім алған Нұрпейіс, ауыл өмірі жайлы мақала жазып, жергілікті мерзімді басылымдарда жариялап, Әбдірахман Байділдин, Әмзе Нахымжанұлы, Смағұл Садуақасовпен танысып, қоғамдық өмірге белсенді араласа бастаған. Нұрпейіс Исмағұлов 1922 жылы комсомол, 1925 жылы партия қатарына кандидаттыққа өткен. 1924/1925 жылдары Омбы жұмысшы факультетінің дайындық курсына, 1926 жылдан Ташкент қаласындағы жұмысшы факультетінде оқитын еді. Ташкент қаласындағы қазақ студенттері қоғамдастығы құрған тексеру комиссиясы САГУ жұмысшы факультетінің 3 курс студенті, БК(б)П-не кандидат Нұрпейіс Исмағұловқа оңшыл, садуақасовшыл, алашорданың ұлтшыл идеясын насихаттаушы бай тұқымы [ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 35 п.] деген айыптар тақты.

Қазақ студенттері қоғамдастығы екінші комфракциясы жиналысында Нұрпейіс Исмағұлов сөз алып, елдегі әлеуметтік-экономикалық іс-шаралармен қатар жүргізіліп отырған оқу орындарын тазарту жұмыстарының таптық сипаты бар екендігіне тоқталды. Сонымен қатар кейбір кемшіліктерді де ашып көрсетті. Оның

²⁶ <https://ru.openlist.wiki> ашық тізімінде 9 ауылда туғаны жазылған, ал оның өз қолымен Ф. Голощекинге жазған арызында Семей Округінің Жарма ауданы 4 ауылында дүниеге келгенін жазған. ҚР ПА. 141-қ., 1-т., 2248-іс. – 36-п.

біріншісі – комиссияның тазарту жұмыстарын тек қазақ студенттері арасында жүргізуі. Н. Исмағұлов өз сөзінде: «Бұл мәселені бір жақты қойғандық, біз тазартуды тек қазақтар арасында емес, барлық Қазақстандықтарға жүргізуіміз керек. Егер біз таптық бағытты мықты ұстағымыз келсе, тазарту БК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті директивасы негізінде, ҚКСР-нан келген барлық ұлттар оқушыларын қамтуы тиіс» деді.

Екінші, комиссияның кейбір студенттердің кандидатурасын қарағанда бейтараптық таныта алмауын сынға алды. Н. Исмағұловтың өз сөзімен айтар болсақ, «талқылау барысында бірін қырағы көзбен, үлкейткіш әйнектен (лупадан) өткізе қараса, енді біріне ешқандай құрал қолданбастан, тіпті бір көзін қысып қарауы» еді. Ол комиссия мүшелерінің объективті болуын сұрады.

Үшінші, Н. Исмағұлов кейбір кандидатураларға қатысты ашық айтылған пікірлерді, комиссия төрағасы Тәттібеков және басқалардың «оңшылдық» деп бағалауы еді. Ол мұндай пікірлермен де келіспеді. Н. Исмағұлов: «Мәселе ашық талқылауға қойылғандықтан, әр сөйлеген адам қандай да бір кандидатқа қатысты өзінің ашық пікірін айтуға құқығы бар. Сондықтан сөйлегендерді оңшылдыққа айыптауда – солшылдықтың белгілері бар» деді.

Төртіншіден, ол сөйлеген азаматтардың «тазарту қазақтар арасында ғана емес, барлық Қазақстандықтарға жүргізілуі тиіс» деген пікірін комиссияның ұлтшылдыққа айыптауына қарсы тұрды. Н. Исмағұлов: «Менің тұжырымым бойынша мұнда ешқандайда ұлтшылдық белгі жоқ. Мысалы: орыс, ұйғыр сияқты ұлттардан келген оқушылардан бізге салт-сана жағынан яки тек жағынан жат адамдар жоқ деуге болмайды және олар анасының жатырынан коммунист немесе Маркстың түкірігінен жаралған жоқ қой» деп коммунистердің асыра сілтеп отырғанын айтты.

1929 жылдың 25 қаңтарында өткен қазақ студенттері қоғамдастығы үшінші комфракциясы жиналысына Н. Исмағұлов қатыса алмады. Осы жиында оның кандидатурасы қаралып, комиссия төрағасы Тәттібеков Н. Исмағұловтың қазақ студенттері қоғамдастығы екінші комфракциясы жиналысында сөйлеген сөздерінен үзінділер келтіріп, ол оқу орындарын тазартуға қарсы, оңшыл, садуақасовшыл деп айыптап, коммунистік партияға үміткерліктен шығарылды [ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 31-37 п].

Жоғарыда айтқанымыздай комфракция жиналыстарының бір жиында болған адам, екінші

жиында болмады. Барлық жиналыстарға адамдар толық қатыспағандықтан қаралған мәселеден бейхабар болды. Комиссия мүшелері тазартуда қаралған адам туралы өз қалауынша шешім қабылдап отырды. Комиссия Н. Исмағұловтың айыпталып, партиядан шығарылғаны туралы оған хабарламада жібермеді. Ол айыптау қорытындысын 4-5 күн өткеннен кейін, жиынға қатысқандардан естіп білді.

Нүрпейіс Исмағұловтың 1929 жылдың 13 ақпанында Ф. Голощекинге жолдаған арызында комиссия тарапынан кеткен қателіктерді тізіп көрсетті. Біріншіден, фракция бюросы Н. Исмағұлов тарапынан қателік кеткенін алдын ала айтып, ескерпегені, екіншіден, Н. Исмағұлов кінәлі болып, айып таққанның өзінде алдымен фракция бюросында талқылып, сонан кейін жалпы фракцияға шығаруы тиіс еді, олай жасалмағаны, үшіншіден, Н. Исмағұловтің мәселесі күн тәртібіне қойылатынын алдын ала ескертіп, комфракция жиналысына шақырмағаны, оны сыртынан айыптап, партияға мүшеліктен шығарғанын жазды.

Жұмысшы факультетінің партия ұйымы Н. Исмағұловтың жазықсыз айыпталып, БК(б)П-ға кандидаттықтан шығарылғаны жөніндегі арызын талқылады. Н. Исмағұловты партия қатарына қайта қабылдау туралы ауызша шешім шығарылды, алайда ол орындалмады.

Н. Исмағұлов өзінің жазықсыз партия қатарынан шығарылғанын айтып Ф. Голощекинге тағы да арыз [ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 29 п] жазды. ҚАКСР жұмысшы-шаруа инспекциясы Халық Комисариаты БК(б)П Өлкелік Тексеру комиссиясының жауапты хатшысы Ш. Жүсіпбеков Ташкент Округтік БК(б)П комитеті мен Қазақ Өлкелік комитетіне, САГУ-нің жұмысшы факультетіне хат жазып, мәселені қайта қаруды тапсырды.

Саратов қаласындағы оқу орындарын әлеуметтік жат элементтерден тазарту. Оқу орындарын әлеуметтік жат элементтерден тазарту жөнінде Саратов қазақ студенттерінің қауымдастығы да арнайы комиссия құрып, Саратов Мемлекетік университетінің, Ауылшаруашылық институтының, Мал дәрігерлік институтының барлық факультеттерінде, Музыка техникумында, Татар педтехникумында, Землеустроительный техникумда, Индустриальный техникумда өткен 6 жиналыста жоғары және орта оқу орындарының студенттері тазартудан өткізілді. Барлық студент саны – 84, оның жетеуіне оқудан шығару, алтауына ісін

қайта қарау туралы шешім шықты. Оқудан шығарылған студенттер:

1. Бөкейханов Хабир – Саратов Мемлекетік университеті (медфак) студенті

2. Сүтішев Зафир – Саратов Мемлекетік университеті студенті

3. Епифанов Николай – Саратов Мемлекетік университеті студенті

4. Епифанова Александра – Саратов Мемлекетік университеті (медфак) студенті, әкесі ірі саудагер.

5. Епифанов Петр – Ауылшаруашылық институты студенті, әкесі ірі саудагер.

6. Кусенғалиев Шахигали – Ауылшаруашылық институты студенті, әкесі ата-тегінен бай, дүние-мүлкі тәркіленген.

7. Шонтықов Хайрулла – Ауылшаруашылық институты студенті, әкесі жеті атасынан бай, жеке ірі шаруашылығы бар, дауыс беру құқығынан айрылған.

Тұрғылықты жерінен мінездеме, т.б. қосымша материалдар сұратып, ісін қайта қарау туралы шешім шығарылған студенттер:

1. Крымко – Ауылшаруашылық институты студенті

2. Мұсағалиев Қадыр – Саратов Мемлекетік университеті (педфак) студенті

3. Ыдырысов Акрам – Саратов Мемлекетік университеті (медфак) студенті

4. Рамакаева Гайни-Жамал – Татпедтехникум

5. Гафуров Гафнат – Татпедтехникум

6. Кузмин Федор – Саратов Мемлекетік университеті (педфак) студенті

Омбы қаласындағы оқу орындарын әлеуметтік жат элементтерден тазарту. Омбы қаласындағы қазақ студенттерінің қауымдастығы оқу орындарын әлеуметтік жат элементтерден тазарту комиссиясын жасақтады. Мұндағы қазақ студенттері қауымдастығында 220 мүше, бұл толық тізім емес, қазақстандық 100 адам қауымдастыққа тіркелмеген. Омбы қаласындағы оқу орындары студенттері тексеріліп, төмендегідей шешім қабылдады.

1. Омбы мал дәрігерлік институты: Валовскийді²⁷ оқудан шығару, студенттер: Беззубик, Тараненко, Голованов, Антонова, Черкашкиннің әлеуметтік тегін тексеру;

2. Худпромтехникум: студент Карлов²⁸ оқудан шығару;

3. Агропедтехникум студенттері: Швецованың, Зинакованың және Молдабаевтың әлеуметтік тегі тексерілген, оқудан шығарылған студент жоқ;

4. Омбы Рабфакгы: Токаев²⁹ оқудан шығарылған, Қадырбеков, Мурзин, Акишев, Сыздықов, Шадияров, Дүйсембаевтың бұрынғы тұрғылықты жерінен анықтама алу туралы шешім шыққан;

5. Медицина институты: Жайықпаев³⁰, Бланк³¹, Бижова³², Акинфиев³³ және Рылова³⁴ оқудан шығарылған, Швыркова, Левина, Седельников, Панкратова, Чайко, Царковтың тұрғылықты жерінен анықтама сұралған;

6. Медтехникум: Чайко, Мацкевич, Красюкованың тұрғылықты жерінен анықтама сұралған;

7. Индустриальный техникумнан оқу шығарылған студенттер жоқ, Гунцин, Губанов, Венгерский, Скворцовқа қатысты тұрғылықты жерінен анықтама сұралған;

8. Сібір ауылшаруашылық және орман институтынан Жидких³⁵, Карпенко³⁶ оқудан шығарылып, Яковлев, Воитков, Левинаға қатысты тұрғылықты жерінен анықтама сұралған;

9. Медтехникум: Хецелиус, Ряховский, Мұхаметова және Поповқа қатысты тұрғылықты жерінен анықтама сұралған;

²⁸ Карлов – Петропавловск округынан, Худпромтехникумның 2 курс студенті.

²⁹ Токаев – Павлодар округі, Баянауыл ауданынан, байдың ұлы, тазарту кезінде ол Омбы Рабфакгының III курсына оқыған.

³⁰ Жайықпаев – Ақмола округінен, атасы хан, әкесі болыс басқарушысы болған, ағасы контрреволюциялық көтеріліске қатысқан, мал-мүлкі тәркіленген. Медицина институтының 5 курс студенті.

³¹ Бланк – Семей округінен, әкесі алтын өндіруші және саудагер. Медицина институтының 5 курс студенті.

³² Бижова – Петропавловск округынан, кулактың қызы. Медицина институтының 4 курс студенті.

³³ Акинфиев – Семей округінен, әкесі поп болған. Медицина институтының 5 курс студенті.

³⁴ Рылова – Петропавловск округынан, әкесінің шағын тері заводы болған. Медицина институтының 3 курс студенті.

³⁵ Жидких – Семей округінен, саудагердің қызы, Сібір ауылшаруашылық және орман институтының I курс студенті.

³⁶ Карпенко – Петропавловск округынан, Сібір ауылшаруашылық және орман институтының II курс студенті, Колчак әскерінде болған, дауыс беру құқығынан айрылған.

²⁷ Валовский – Семей округінен, Омбы мал дәрігерлік институтының I курс студенті. Әкесінің Новосибирск қаласында екі қабатты үйі, Семейдегі ағайынды Трапезниковтардың тері заводында үлесі бар,

Омбы қазақ студенттерінің қауымдастығында 1929 жылдың 4 наурызында өткен жалпы жиналыста, жоғары және орта оқу орындарын жат элементтерден тазарту жұмысының қорытындысы тыңдалды. Омбының жоғары және орта оқу орындарынан 10 адамды оқудан шығару³⁷ туралы шешім қабылданған.

Қазақстандық студенттердің әлеуметтік құрамын тексеру мақсатында құрылған Орталық Комиссия 1929 жылдың 7 наурызында Орынбор, Ленинград, Мәскеу және Свердловск қалаларындағы қазақ студенттері қауымдастығы хаттамасы негізінде студенттер мәселесін қарап, оқудан шығару жөнінде шешім шығарды. Олар:

1. Орынбор милиция және партия мектептерінде оқитын ағайынды Имановтар, Рабфакта оқитын Шадсина³⁸, Құлжанов, Досжанов, Қаратаев, Орынбор педагогикалық институты студенттері Петрова, Емуранов, Иванов, Азясская, Гриценко, Лысенко, Орынбор медтехникумынан Майоров, Омарбеков, Қарманов, Дауылов, Орынбор тәжірибе мектебінің оқушылары И. Бисалиев, Наурызбаев, Нүрпейісов, Айшуақов, Құрманғалиев, Наушев, Батырбеков, Мамытов, Қожамқұлов, 7 жылдық мектептің 7 сынып оқушылары Отарбаев, Бурманов, Есжанов, Милиция мектебінен Өтетілеуов;

2. Быстролетов – Ленинград мәдениет тарихы институтының студенті, Смет Кеңесбаев³⁹ Ленинград шығыс тілдері институтының студенті;

3. К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылық академиясының студенттері: Қазкен Жандеркин, Яхия Бошаев, Қалменов, Мүсілім Ермеков, Я. Дубовин, Мәскеу тау-кен академиясынан Бөкейханов, Атшыбаев, Мәскеу медтехникумынан Хуснутдинова, Кооператив курсынан Кәрім Ибрагимов, Мәскеу Мемлекет-

тік университетінен Асқар Атабаев, Свердловск Рабфагынан Мұхамедов.

Нәтижелер

Билік басына келген большевиктердің қазақ елінің тарихи-табиғи ерекшеліктерін, жергілікті ұлт кадрларының орынды ой-пікірлерін ескермей, жеделдетте жүргізген аграрлық реформалары қазақ халқына «ақ табан шұбынды, алқа көл сұламадан» да асқан қайғы-қасірет әкелді. Қазақ халқы қалыптасып келе жатқан ұлттық буржуазиядан айырылды, аштан қырылып, аман қалғаны жан-жаққа босып кетті. Балалар ата-анасыз, ас-сусыз қалып, қаңғыбас балалардың саны өсті. Осының бәрі – ұлттық дәстүр мен тәрбиені негіз еткен қазақ отбасының шырқын бұзып, ұрпақтар сабақтастығының сақталуына кері әсер етті.

Түйіндер немесе қорытынды

Большевиктер қоғамға «жат отбасының» (алаш ордашылар, бай-кулақтар, діни тұлғалар, т.б.) балаларын ата-анасынан, туған-туыстарынан бөліп, коммунистік тәрбие беруді мақсат етті. Оқу орындарында білім алып жатқан жастардың әлеуметтік тегі, саяси ұстанымы, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы тексерілді. Мәселен, студент өзі қосымша еңбек етіп, ата-анасының әлеуметтік көмегіне қол жеткізе алмайтын болса, ол балалардан жаңа қоғам азаматын тәрбиелеуге болады деп тұжырымдады. Қалыптасқан саяси жүйе білім саласы мамандарынан, болашақ маман болып шығатын студент жастардан кәсіби шеберлікпен қатар таптық-партиялық ұстанымды талап етіп, оқу-ағарту саласына бұрын-соңды болмаған қатаң партиялық бақылау орнатты.

Білім саласындағы саяси қуғын-сүргін XX ғасырдың 30-жылдары оқу орындарының кадрлық құрамына, халық ағарту ісіне кері әсерін тигізді. Маман кадрлардың (мұғалім, дәрігер және т.б.) тапшылығы сезілді. Қазақ халқының көзін ашып, төл әліппесін жасаған Ахмет Байтұрсынов бастаған алаш интеллигенциясын жойды. Бұл – қазақ қоғамына үлкен ұлттық қасірет әкелді.

³⁷ Рабфактан – 1, Сибактан – 2, Малдәрігерлік институтынан – 1, Мединституттан – 5, Худпромтехникумнан – 1. Тұрғылықты жерінен қосымша анықтама сұралған студенттер: Рабфактан – 6, Музтехникум – 4, Агропедтехникум – 3, Индустриальный техникум – 4, Сибактан – 3, Малдәрігерлік институтынан – 6, Медтехникумнан – 3.

³⁸ ақ офицердің қызы

³⁹ Смет Кеңесбаев ел арасында беделді дін адамының ұлы болғаны үшін.

Қысқартулар

АКСР-і ХКК – Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесі
БК(б)П – Бүкілресейлік коммунистік (большевиктер) партиясы
БЛКЖО – Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы
ВЛКСМ – Всесоюзный ленинский коммунистический союз молодежи
ҚазМУ – Қазақ Мемлекеттік университеті
ҚазХАК – Қазақ халық ағарту комиссариаты
ҚР ОММ – ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағаты
ҚР ПА – ҚР Президенті архиві
ОАК – Орталық атқару комитеті
ОГПУ – Объединённое государственное политическое управление при СНК СССР
Рабфак – Рабочий факультет
САГУ – Среднеазиатский государственный университет
САКУ – Средне-Азиатский коммунистический университет
СНК – Совет Народных Комиссаров
СССР – Союз Советских Социалистических Республик
ТМАА – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауылшаруашылық академиясы

Abbreviations

CPCASSR – Council of People's Commissars of the Autonomous Soviet Socialist Republic
AR(b)P – All-Russian Communist (Bolshevik) Party
AULCYU – All-Union Leninist Communist Youth Union
AULCYU – All-Union Leninist Communist Youth Union
KazSU – Kazakh State University
KazPEC – Kazakh People's Education Commissariat
SA of the RK – the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
PA of the RK – archive of the President of the Republic of Kazakhstan
CEC – Central Executive Committee
USPA – the United State Political Administration under the SNK of the USSR
FL – Faculty of Labor
CASU – Central Asian State University
CACU – Central Asian Communist University
SPC – Soviet of People's Commissioners
USSR – Union of Soviet Socialist Republics
TMAA – K.A. Timiryazev Moscow Agricultural Academy

Әдебиеттер

Бәйділдіұлы Ә. «Жас Қазақстан» тонын жамылған «сәдуақасовшылдық» // Еңбекші қазақ. 1929. 10 апрель. № 80(1409)
Совершенно-секретная переписка (Личная папка Голощекина) // ҚР ПМ. Қ.141, т. 17, іс 254, 119 п.
Материалы о националистических группировках в Казпедвузе. (Решения: бюро Крайкома ВКП(б), общих собраний ячеек ВКП(б) и ВЛКСМ Вуза, заявления студентов переписка с Средазбюро ЦК ВКП(б) и др.) за 1928 г. // ҚР ПА. 141-к., т. 1, іс 2248, 1-п.
Материалы о националистических группировках в Казпедвузе. (Решения: бюро Крайкома ВКП(б), общих собраний ячеек ВКП(б) и ВЛКСМ Вуза, заявления студентов переписка с Средазбюро ЦК ВКП(б) и др.) за 1928 г. // ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 2 п
Материалы о националистических группировках в Казпедвузе. (Решения: бюро Крайкома ВКП(б), общих собраний ячеек ВКП(б) и ВЛКСМ Вуза, заявления студентов переписка с Средазбюро ЦК ВКП(б) и др.) за 1928 г. // ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 19 п
Материалы о националистических группировках в Казпедвузе. (Решения: бюро Крайкома ВКП(б), общих собраний ячеек ВКП(б) и ВЛКСМ Вуза, заявления студентов переписка с Средазбюро ЦК ВКП(б) и др.) за 1928 г. // ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 29 п.
Материалы о националистических группировках в Казпедвузе. (Решения: бюро Крайкома ВКП(б), общих собраний ячеек ВКП(б) и ВЛКСМ Вуза, заявления студентов переписка с Средазбюро ЦК ВКП(б) и др.) за 1928 г. // ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 31-37 пп.
Материалы о националистических группировках в Казпедвузе. (Решения: бюро Крайкома ВКП(б), общих собраний ячеек ВКП(б) и ВЛКСМ Вуза, заявления студентов переписка с Средазбюро ЦК ВКП(б) и др.) за 1928 г. // ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 35 п
Материалы о националистических группировках в Казпедвузе. (Решения: бюро Крайкома ВКП(б), общих собраний ячеек ВКП(б) и ВЛКСМ Вуза, заявления студентов переписка с Средазбюро ЦК ВКП(б) и др.) за 1928 г. // ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 47 п

Материалы о националистических группировках в Казпедвузе. (Решения: бюро Крайкома ВКП(б), общих собраний ячеек ВКП(б) и ВЛКСМ Вуза, заявления студентов переписка с Сredazbiuro ЦК ВКП(б) и др.) за 1928 г. // ҚР ПМ. Қ.141, т. 1, іс 2248, 55 п

Обзор по делу группы «Казакшильдар» // ҚР ҰҚКА. Қ. 1, т. 8, арх.іс 200, 50-51 пп

References

Baidildaulы A. “Zhas Kazakhstan” tonyn zhamylgan “saduakasovshyldyk” [“Saduakasovism” disguised as “Young Kazakhstan”] // Enbekshi Kazakh. 1929. April 10. No. 80(1409)

Sovershenno-sekretnaia perepiska (Lichnaia papka Goloshchekina) [Top-secret correspondence (Goloshchekin’s personal folder)] // KR PM. F.141, vol. 17, case 254, p. 119.

Materialy o natsionalisticheskikh gruppirovkakh v Kazpedvuze. (Resheniia: biuro Kraikoma VKP(b), obshchikh sobranii iacheek VKP(b) i VLKSM Vuza, zaiavleniia studentov perepiska s Sredazbiuro TsK VKP(b) i dr.) za 1928 g. [Materials about nationalist groups in Kazakh Pedagogical University. (Decisions: bureau of the Krai Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), general meetings of cells of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b) and Komsomol of the university, students’ statements, correspondence with the Sredazbureau of the Central Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), etc.) for 1928] // KR PM. F.141, vol. 1, case 2248, p. 1.

Materialy o natsionalisticheskikh gruppirovkakh v Kazpedvuze. (Resheniia: biuro Kraikoma VKP(b), obshchikh sobranii iacheek VKP(b) i VLKSM Vuza, zaiavleniia studentov perepiska s Sredazbiuro TsK VKP(b) i dr.) za 1928 g. [Materials about nationalist groups in Kazakh Pedagogical University. (Decisions: bureau of the Krai Committee of the All-Union Communist Party (b), general meetings of cells of the All-Union Communist Party (b) and the Komsomol University, correspondence of students with the Sredazbureau of the Central Committee of the All-Union Communist Party (b), etc.) for 1928.] // KR PM. F. 141, vol. 1, case 2248, p. 2.

Materialy o natsionalisticheskikh gruppirovkakh v Kazpedvuze. (Resheniia: biuro Kraikoma VKP(b), obshchikh sobranii iacheek VKP(b) i VLKSM Vuza, zaiavleniia studentov perepiska s Sredazbiuro TsK VKP(b) i dr.) za 1928 g. [Materials about nationalist groups in Kazakh Pedagogical University. (Decisions: bureau of the Krai Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), general meetings of cells of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b) and Komsomol of the university, students’ statements, correspondence with the Sredazbureau of the Central Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), etc.) for 1928] // KR PM. F.141, vol. 1, case 2248, p. 19.

Materialy o natsionalisticheskikh gruppirovkakh v Kazpedvuze. (Resheniia: biuro Kraikoma VKP(b), obshchikh sobranii iacheek VKP(b) i VLKSM Vuza, zaiavleniia studentov perepiska s Sredazbiuro TsK VKP(b) i dr.) za 1928 g. [Materials about nationalist groups in Kazakh Pedagogical University. (Decisions: bureau of the Krai Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), general meetings of cells of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b) and Komsomol of the university, students’ statements, correspondence with the Sredazbureau of the Central Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), etc.) for 1928] // KR PM. F.141, vol. 1, case 2248, p. 29.

Materialy o natsionalisticheskikh gruppirovkakh v Kazpedvuze. (Resheniia: biuro Kraikoma VKP(b), obshchikh sobranii iacheek VKP(b) i VLKSM Vuza, zaiavleniia studentov perepiska s Sredazbiuro TsK VKP(b) i dr.) za 1928 g. [Materials about nationalist groups in Kazakh Pedagogical University. (Decisions: bureau of the Krai Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), general meetings of cells of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b) and Komsomol of the university, students’ statements, correspondence with the Sredazbureau of the Central Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), etc.) for 1928] // KR PM. F.141, vol. 1, case 2248, p. 31–37.

Materialy o natsionalisticheskikh gruppirovkakh v Kazpedvuze. (Resheniia: biuro Kraikoma VKP(b), obshchikh sobranii iacheek VKP(b) i VLKSM Vuza, zaiavleniia studentov perepiska s Sredazbiuro TsK VKP(b) i dr.) za 1928 g. [Materials about nationalist groups in Kazakh Pedagogical University. (Decisions: bureau of the Krai Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), general meetings of cells of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b) and Komsomol of the university, students’ statements, correspondence with the Sredazbureau of the Central Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), etc.) for 1928] // KR PM. F.141, vol. 1, case 2248, p. 35.

Materialy o natsionalisticheskikh gruppirovkakh v Kazpedvuze. (Resheniia: biuro Kraikoma VKP(b), obshchikh sobranii iacheek VKP(b) i VLKSM Vuza, zaiavleniia studentov perepiska s Sredazbiuro TsK VKP(b) i dr.) za 1928 g. [Materials about nationalist groups in Kazakh Pedagogical University. (Decisions: bureau of the Krai Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), general meetings of cells of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b) and Komsomol of the university, students’ statements, correspondence with the Sredazbureau of the Central Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), etc.) for 1928] // KR PM. F.141, vol. 1, case 2248, p. 47.

Materialy o natsionalisticheskikh gruppirovkakh v Kazpedvuze. (Resheniia: biuro Kraikoma VKP(b), obshchikh sobranii iacheek VKP(b) i VLKSM Vuza, zaiavleniia studentov perepiska s Sredazbiuro TsK VKP(b) i dr.) za 1928 g. [Materials about nationalist groups in Kazakh Pedagogical University. (Decisions: bureau of the Krai Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), general meetings of cells of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b) and Komsomol of the university, students’ statements, correspondence with the Sredazbureau of the Central Committee of the All-Union Communist Party of Bolsheviks (b), etc.) for 1928] // KR PM. F.141, vol. 1, case 2248, p. 55.

Review of the case of the “Kazakshildar” group // Archives of the National Security Committee. F. 1, vol. 8, case 200, p. 50-51.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ
ТАРИХНАМА

SOURCE STUDIES AND
HISTORIOGRAPHY

Т.А. Төлебаев

тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
e-mail: Tur-07@mail.ru

СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕЛДІ-МЕКЕНДЕР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа. Қазіргі уақыт зерттеушілерден Қазақ халқы тарихының бай қазынасын тереңдей аша түсу жолында жан – жақты ізденіске баруды талап етеді. Отандық тарихтың өткен кезеңдеріндегі шындығы бұрмаланып, ақиқаты айтылмай келген оқиғалары мен құбылыстарын ой елегінен өткізуге деген қажеттілік туындады. Сондықтан да тарих ғылымының салалары саналатын археология және этнография бағытында да, елді мекендер мен тұрақ жайлар жайында зерттеулер жүргізіліп, бірқатар еңбектер жарық көрді. Археологиялық және этнографиялық зерттеулерге одан әрі серпін бере түсу үшін ендігі жерде белгілі бір кезеңдердегі елді мекендер мен тұрақ жайларындағы өзгерістерге, әр өңірдегі тарихи даму процестерінің ауқымына және олардың жекелеген аймақтардағы ерекшеліктеріне баса назар аударған абзал. Сонымен қатар, бұл мәселелердің ғылыми әдебиеттерде көрініс табу деңгейіне тарихнамалық талдау да жасау қажет. Өйткені мұндай талдау тарихи процестердің негізгі желісін, оның елеулі құбылыстарын ғылыми тұрғыда дұрыс көрсетуге және көкейтесті проблемаларын белгілеп, зерделеу үшін тарихи таным тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл тақырыптың өзекті мәселелерінің бірі археологиялық және этнографиялық зерттеу негізінде, әр өңірдегі анықталған елді мекендер мен тұрақ жайлар жайлы деректерге ғылыми талдау жүргізу.

Солтүстік және Шығыс Қазақстандағы ежелгі және ортағасырлық елді-мекендер туралы зерттеулерге тарихнамалық шолу жасау нәтижесінде Қазақстан аумағында әлі зерттелмей жатқан және зерттелуі аз болып жатқан географиялық аймақтарды анықтауға болатынын байқауға болады.

Түйін сөздер: Солтүстік және Шығыс Қазақстан, елді-мекендер, археология, зерттеулер, зерттеушілер, мәдениет, қола дәуірі,

Сілтеме үшін: Төлебаева Т.Ә. Солтүстік және Шығыс Қазақстандағы ежелгі және ортағасырлық елді-мекендер туралы зерттеулер // Қазақ тарихы электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 181. No 1. 20-27 бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-1-1-20-27>

T.A. Tulebaev

Doctor of Historical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: Tur-07@mail.ru

Study of ancient and medieval settlements of Northern and Eastern Kazakhstan.

Abstract. At present, researchers are required to conduct comprehensive studies to deeply reveal the rich treasure of the history of the Kazakh people. The need to comprehend the events and phenomena of past periods of national history, the truth of which has been distorted and the truth has not been told, has arisen. That is why in the field of archeology and ethnography, which are branches of historical science, researches of settlements and sites were conducted and a number of works were published. In order to give further impetus to archaeological and ethnographic research, it is better to emphasise the changes of settlements and sites in separate periods, the scale of historical development processes in each region and their peculiarities in separate regions. In addition, it is necessary to conduct a historiographical analysis of the level of reflection of these issues in the scientific literature. Because such an analysis allows to correctly show the main line of historical processes, their significant phenomena in the scientific sense, to use the experience of historical cognition to identify and study the relevant problems. One of the topical issues of this topic is the scientific analysis of the data on the identified settlements and settlements in each region on the basis of archaeological and ethnographic research.

As a result of historiographical review of studies of ancient and medieval settlements of Northern and Eastern Kazakhstan, it is possible to identify yet unexplored and understudied geographical areas on the territory of Kazakhstan.

Keywords: Northern and Eastern Kazakhstan, settlements, archaeology, research, researchers, culture, Bronze Age.

For citation: Tulebaev T.A. Study of ancient and medieval settlements of Northern and Eastern Kazakhstan // Electronic scientific journal "Kazakh history". 2024. Vol. 181. No. 1. Pp. 20-27 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-1-1-20-27>

Кіріспе

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде республикамыздағы елді мекендер мен тұрақ жайлардың дамуы өткен кезеңдермен тығыз байланыста жатқандығы жайында нақты мәліметтер мен тұжырымдамалар ғылыми көпшілік назарына ұсынылып келеді. Соған қарамастан кейбір Ресейлік саясаткерлер мен бұқаралақ ақпарат өкілдері Қазақстанның солтүстігі мен шығыс аймақтарында Ресей басып алғанға дейін елді мекендер болмаған, адамдар тұрмаған бос жерлер болған деген ақпараттарды әлсін-әлсін таратуда. Ал археологиялық, этнологиялық зерттеулер мұндай мәліметтердің тарихи шындыққа сай емес екендігін айқындаған.

Бұл тақырыптың өзекті мәселелерінің бірі археологиялық және этнографиялық зерттеу негізінде, әр өңірдегі анықталған елді мекендер мен тұрақ жайлар жайлы ғылыми зерттеулерге талдау жүргізу және сол арқылы қазіргі кезеңдегі ресейлік саясаткерлер мен БАҚ өкілдері мәліметтерінің негізсіз екендігін айқындай түсу. Екіншіден, Солтүстік және Шығыс Қазақстандағы ежелгі және ортағасырлық елді-мекендер мен тұрақ жайларын туралы археологиялық және этнографиялық зерттеулерге тарихнамалық шолу жасау нәтижесінде Қазақстан аумағында әлі зерттелмей жатқан және зерттелуі аз болып жатқан мәселелерді айқындау.

Материалдар мен зерттеу әдістері.

Зерттеу әдістері: Мақалада қойылған мәселелерді ғылыми тұрғыдан ашып көрсету үшін тарихи зерттеудің логикалық тәсілімен тығыз байланыстылығы тарихшылдық, объективтілік, жан-жақтылық сияқты негізгі ғылыми зерттеу принциптері басты назарда болды. Зерттеу барысында жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдар, жаңа тарихи көзқарастар тұрғысынан жазылған зерттеулер басшылыққа алынды және теориялық зерттеу әдістері: анализ, синтез, индукция, дедукция, тарихи салыстырмалық, диалектикалық, статистикалық талдау және басқа әдістер қолданылды. *Материалдарға сипаттамаға* келер болсақ зерттеуде

артүрлі деректер пайдаланылды, олардың бастылары: 1) сирек кездесетін құжаттар мен мәліметтер; 2) кеңес дәуіріне дейінгі археологиялық деректер; 3) кеңес дәуірі кезіндегі ғылыми зерттеулер; 4) баспасөз мәліметтері; 5) «Мәдени Мұра» бағдарламасы бойынша зерттелген ғылыми зерттеулер, елді мекендер мен тұрақ жайлар мәселелеріне арналған монографиялар, мақалалар және т.б. тарихнамалық талдаудың деректік негізі болды.

Тақырыпты зерттеуде негізгі тарихнамалық деректер археологиялық материалдар болып табылады. Нақты айтар болсақ, Шығыс және Солтүстік Қазақстан аумағын зерттеген ғалымдар Г.Б. Зданович, Абилов А.К., В.В. Евдокимов, Оразбаев А.М., Черников С.С. Аргынбаев Х.Белослюдов Б.А., Максимова А.Г. В.В.Варфоломеев, А.А.Ткачевтердің ғылыми зерттеулері де тарихнамалық дерек ретінде пайдаланылды.

Талқылау

Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның елді мекендері мен тұрақ-жайлары туралы мәселелердің зерттелу дәрежесін сипаттағанда Оңтүстік аймағының біршама жақсырақ екенін атап өтеміз. Оларды М.Елеуовтың, К.М. Байпақовтың, А.Н.Подушкинның, Е.И.Агееваның, Г.И. Пацевичтің, Л.Б.Ерзаковичтің, М.С. Мерциевтің, М.С. Қасеновтың, Д.Ә.Талеевтің еңбектерінен көреміз.

XIX ғасырдың II жартысында Орталық және Солтүстік Шығыс Қазақстанның археологиясы бойынша біршама материалдар қоры жинақталды. Осы жинақталған материалдар бойынша аталған өңірлердің ежелгі тарихын сипаттауға мүмкіндіктің пайда болады. Ә.Х.Марғұланның “Беғазы- Дәндібай мәдениеті”, «Ежелгі Орталық Қазақстан» атты, М.К. Қадырбаев пен Ж. Құрманқұловтың “Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки” еңбектерінде қысқаша тарихнамалық шолулар бар.

Г.Б.Зданович өз еңбегінде андронов мәдениетін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне ғылыми шолу жасаудан бастайды. Ол бұл еңбекте бір қабатты және көп қабатты елді мекендердің

археологиялық қазба жұмысына жүйелі түрде түсінік берген.

А.К.Абилев, В.В. Евдокимов «Казахстан в древности» атты еңбекте қола дәуіріндегі елді-мекендер төмендегідей мәдениеттерге жіктелуін сипаттаған. Солтүстік Қазақстанның қола дәуіріндегі дамуын зерттеп ғылыми еңбек жазған ғалым А.М. Оразбаев болған. Бұл ғылыми еңбегінде Солтүстік өңірді мекендеген тайпалардың даму барысына тоқталып, ондағы елді мекендер мен тұрақ жайларға көңіл аударған. Дегенмен, аталған еңбектерде Солтүстік және Шығыс Қазақстандағы елді мекендер тарихнамасы арнайы сөз етілмеген. Бұл айтылғанда біздің мақала тақырыбының өзекті, әрі қажетті екендігін тағы да айқындай түседі.

Нәтижелер

Г.Б. Зданович андронов мәдениеті зерттеушілердің еңбектері бойынша өзінің даму барысында үш кезеңнен өткеніне (Федоров, алакөл және замараев мәдениеттері) тоқталады [Зданович 1988:162]. Оның еңбегінде андронов мәдениетін кезеңге бөлуде елді мекендер жайлы материалдар негізгі бағыт беруші ретінде көрініс береді. Ол сонымен қатар, бір қабатты және көп қабатты елді мекендердің археологиялық қазба жұмысына жүйелі түрде түсінік берген. Оларды зерттеген кезде статистика – стратиграфиялық әдістерді пайдаланған.

Бескөл IV, Боголюбово I, Петровка IV елді мекендері Петров, Федоров және Сарғарлы мәдениеттері жайлы да түсінік беретінін көрсеткен. Сонымен қатар көп қабатты Новоникольск I және Петровка II елді мекендері қола дәуірінің мәдениетінің даму барысын жүйелі түрде айқындауға мүмкіндік бергенін анықтаған. Бескөл IV елді мекеніне арнайы ғылыми сипаттама жасаған. Ол Петропавловск қаласынан оңтүстік –батысына қарай Есіл өзенінің оң жағалауында 17 шақырым жерде орналасқан. Бұл елді мекен 18 ғасырда Жаңаесіл қорғаныс бекінісін салған кезінде қатты қираған. Бұл елді мекендерде табылған археологиялық материалдар қоладан жасалған бұйымдар екені дәлелденген.

Ал Боголюбово I елді мекенін зерттеу барысында тас және қола дәуірінде тұрғындардың қоныстанғаны анықталған және орта қола дәуірінде қорғанысты елді мекен өмір сүргені дәлелденді. Новоникольск I елді мекеніне қазба жұмыстарының нәтижесінде 19 баспананың қалдықтары, қорғаныс жүйесі болғаны анықталған. Қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған

материалдарды саралай келе бұл жерде Петров, алакөл, Федоров-Бескөл және Сарғары-Алексеев-ка мәдениеттерінің болғанын да анықтаған. Керамиканың әртүрлігі бұл ескерткіштің ұзақ өмір сүргенін, яғни орта және соңғы қола дәуірі кезеңдерінің де қамтылғанын дәлелдеген.

Петровка II, Петровка IV елді мекендеріндегі қазба жұмыстарының нәтижесінде баспаналардың орналасуын, табылған керамикаға сараптама жүргізу арқылы олардың қай мәдениетке жататынын және қай дәуірде өмір сүргенін анықтаған.

Г.Б. Зданович бұл еңбегінде елді мекендерден алынған материалдарды сараптай келе қола дәуірінің соңғы кезеңіне дейін баспаналардың өмір сүргенін анықтаған. Бұл ғылыми сипаттамасынан Солтүстік Қазақстан өңірін мекендеген тарихи тұрғындардың дамуын дәлелдейтін деректердің қалыптасқанын байқауға болады. Зерттеу жұмысының жүйелі түрде жүргенінің әсерінен, Солтүстік өңірде де отырықшылықтың дамуы қола дәуірінен басталатынын дәлелдеген. Солтүстік Қазақстанда бір топ археологтар Жабай өзенінің бойынан Сарғары елді мекенін анықтап зерттеген. Анықталған материалдардың ішінде тоғыз жартылай жер үйлердің қалдықтары анықталып, оларға сараптама жүргізу барысында, елді – мекен соңғы қола дәуірінде өмір сүрген деген қорытындыға келген. Кеңөткел X елді мекенінде малшылардың жылдық тұрақтары болғаны анықталып, ондағы тұрғындардың ерте темір дәуірінде мекендегенін айқындаған. Ал Кеңөткел VIII елді мекені ерте қола дәуірінде өмір сүргені жер үстіндегі тұрақ жайлар арқылы анықталған. Археологиялық қазба жұмыстарына байланысты бұл хабарламасы, ғалымдардың алдарына қойған мақсат міндеттерінің алғашқы жетістіктері деп есептеуге болады. Бұл елді мекендердің анықталуы Солтүстік Қазақстанды мекендеген халықтың сонау ерте кезеңнен бастау алып дамуы бар екенін дәлелдейтін негізгі деректер болып табылады. Елді мекендердегі тұрақ жайлардың анықталуынан да сол өңірде өмір сүрген тұрғылықты тұрғындардың материалдық мәдениетінің қандай деңгейде дамығаны жайлы мәлімет алуға болатынын көреміз.

А.К.Абилев пен В.В. Евдокимов «Казахстан в древности»- атты еңбектерінде қола дәуіріндегі елді-мекендер төмендегідей мәдениеттерге жіктелуін сипаттаған [Абилев, Евдокимов, 1991: 1-128].

1. Петров мәдениетінің ескерткіштері (б.э.д. XVII – XVI ғғ.) республиканың Батыс, Солтүстік, Орталық Қазақстан жерінде орналасқанын

көрсеткен. Осы өңірлердегі елді – мекендер толық зерттелген аймақ Солтүстік Қазақстан жері екенін анықтаған. Петров елді мекендерінің негізгі сипаты оларда қорғаныс құрылыстарының болуы. Орлардың тереңдігі 1,5-2,6 метр, кеңдігі 3,5 метр, іші-сыртқы қабырғалары балшықтан қаланғанын анықтап, елді мекеннің ауданы 5-9 мың кв.м. болғанын көрсеткен. Ал тұрғын үй жер үй түрінде кездескенін анықтаған. Ерекше көрсетілген белгі Петров елді мекендеріндегі тұрғын үйлерде баланың моласының табылуы.

2. Алакөл мәдениетінің ескерткіштері (б.э.д. XV – XIII ғғ.) Батыс, Солтүстік, Орталық Қазақстанда анықталған. Елді мекендер су баспаған өзен жағалауларында орын тепкен. Онда анықталған тұрғын үйлер жартылай жер үйлер түрінде кездесіп, жерден төмен 0,6-1,2м қазылған, ауданы 100- 180кв.м. болған.

3. Сарғары – алексеевск мәдениеті ерекше. Бұл кезеңде елді мекендердің аудандары өскен. Мысалы, Тобыл шөлінде қола дәуірінде елді мекеннің ауданы 3-6 мың кв.м., ал шаруашылық құрылыстар 3 тен 6 ға дейін жеткен, ал соңғы қола дәуірінде елді мекеннің ауданы 8-10 мың кв.м., шаруашылық құрылыстар 10ға жеткен. Бұл мәдениетте ірі елді мекендер де анықталған. Ол Қарағанды облысындағы Кент тауындағы Кент елді мекені, оның ауданы 100мың.кв.м. асады. Бұл жер бірнеше рет қоныстанған. Сонымен қатар тұрғын үйдің ауданы 180-400 кв.м. жеткен. Тұрғын үйдің құрылысына ғылыми сипаттама берген.

С.Я.Здановичтің Сарғары мәдениетінің елді мекендері мен тұрақ жайлары туралы арнайы ғылыми зерттеуінде Солтүстік Қазақстан өңіріндегі жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарынан жиналған материалдарды саралап, анықталған елді мекендердің топографиясына, олардың құрылысы мен архитектурасына талдау жасаған [Зданович, 1970: 17].

Сарғары мәдениетін аудан бойынша бірнеше топқа жіктеген: Есіл тобы Петропавловск қаласының маңайындағы 12 ескерткіші; шағалалы тобында 8 ескерткіші; есім- жабайлы тобында – Атбасар қаласының маңында 9 ескерткіш; тобыл тобында 8 елді мекен шоғырланғанын көрсеткен. Анықталған елді мекендердің орналасуы өзен суларының жүйесімен байланысты екенін айтады. Елді мекендердің пайда болуының негізгі бір талабы – жақын жерде кең жайылма болуы қажет болған деп есептейді. С.Я.Зданович зерттеу барысында елді мекендердің орналасуының екі нұсқасын көрсеткен: олар 1) мүйістерде, кең жайылмаларда; 2) өзен жағалауларының түзу

жерлерінде орналасуы. Сарғары мәдениетінің елді мекендерінің тарихи дамуы бұрын мекендеген тарихи тайпалардың салт дәстүрімен байланысты және оларда адамдар б.э.д. II ғасырдың екінші жартысында қоныстанып, темір дәуірінің басында ол жерден кеткен деп санайды.

Анықталған елді мекендер көп қабатты болғанын дәлелдейтін дерек ретінде Зданович Г.Б., Малютина Т.С., Зайберт В.Ф. Новоникольское I елді мекені туралы зерттеулерінде көрсеткен [Зданович, Малютина, Зайберт, 1978: 514]. Барлау және қазба жұмыстарынан табылған материалдарды сараптай келе сарғарлы мәдениетінің елді мекенін көлемі бойынша екі топқа бөлген. Ірі елді мекендердің аудандары 6- 12 мың шаршы метр- Новоникольск I, Сарғары, Жабай- Покровка II, Куропаткино; ал ұсақ елді мекеннің ауданы 1мың шаршы метр болатындар: Петровка III, IV, Владимиро- Борисовка II. Ең ірі елді мекен – ауданы 30 мың шаршы метр болған Қонысбай мекені екені анықталған. Бірінші елді мекен тобында 10 нан 20 ға дейін тұрақ жайдың орны болған, ал екінші топта 3- 4 үйдің орны белгілі болғаны анықталған. Сарапталған материалдар негізінде сарғары мәдениетінің елді мекендерінің жоспарлы орналасуының үш типі белгілі болғанын көрсеткен: “ В первом жилища располагаются вдоль кромки берега в один- два ряда (Жабай- Покровка II), во втором группируются по два-три (Куропаткино и Владимиро-Борисовка II). Совершенно новый вид планировки был выявлен раскопками однослойного поселения Саргары. Здесь 16 построек располагались компактно на расстоянии 0,5-3 м друг от друга” [Зданович, 1970:14].

Елді мекендерде құрылыс салған кезде негізгі екі факторға баса көңіл аударған, олар: желдің бағыты және су ағысының бағыты екенін айқындаған. Сарғарлы қонысының қалыптасуы аз уақыт аралығында пайда болған және бұл жерде құрылыс техникасының, тұрақ жайды жоспарлаудың, дамудың көзі байқалмайды, тек онда құрылымдық жоспардың бары нақты көрінеді. Қонысы алғашқы салушылар үйдің құрылысын алдын ала жоспарлаған, - деп тұжырымдайды.

Сарғары ауылын салудың тарихы жаңа құрылыстың жоспарының түрін қалыптастырады деп өз ойын былайша білдіреді:” установить последовательность в сооружении отдельных жилищ помогает несколько факторов и, прежде всего, расположение выкида, часть которого при рытье нового котлована строители укладывали на кровлю уже сооруженных построек. Вторым

важным фактором является профилировка стен котлована» [Зданович, 1970:16].

Сарғары ауылының бір қабатты мекен екені нақты анықталып, толық зерттеудің барысында көп бөлмелі үй жайлардың болуы, басқа елді мекендермен салыстыруға болатынын көрсеткен: "Принцип многокамерности сооружений и соединения в один комплекс нескольких построек следует признать ведущим в архитектуре заключительного этапа бронзового века" [Зданович, 1970:14]. Мысал ретінде көпбөлмелі Петровка III, Перелески II, Шағалалы, Атасу, Бұғылы I, Ақбауыр елді мекендерді атаған. Сонымен қатар Н.В. Трубникованың, А.В. Збруеваның, Н.А. Прокошевтің, М.А. Итинаның және В.Е. Стояновтың еңбектеріндегі деректерде көп бөлмелі тұрақ жайлар жайлы баяндалады дейді.

С.Я. Зданович Солтүстік Қазақстандағы сарғары мәдениетінің елді мекендерінде 41 құрылыс зерттелді және оның кестесі жасалды деп қорытынды жасай отырып: «археологиялық материалдар Алексеевқадағы 10 құрылыс мен Новоникольск I елді мекендеріндегі – 8 құрылысты зерттеп алынған. Ал архитектуралық материалдарды Садчиков, Шағалалы, Ильинка, Петровка II, Петровка IV, Перелески, Загаринка елді мекендерін зерттеген кезде алынған. Ғылыми құнды деректі сарғары елді мекені береді,-» деп түйіндейді [Зданович, 1970:16].

Солтүстік Қазақстанның қола дәуіріндегі дамуын зерттеп ғылыми еңбек жазған ғалым А.М. Оразбаев болған [Оразбаев, 1958: 170]. Бұл ғылыми еңбегінде Солтүстік өңірді мекендеген тайпалардың даму барысына тоқталып, ондағы елді мекендер мен тұрақ жайларға көңіл аударған. Қола дәуіріндегі мәдениеттің бірі федоров кезеңіндегі дамуда елді мекендер кездеспеген, тек тұрақ жайлар жайлы болжам ретінде ғана сипаттап жазған. Мәдениеттің хронологиясын жүйелеуде ескерткіштердің ішіндегі негізгі көмек беретіні обалар болып есептеледі, ал елді мекендерден алынған материалдар әр уақыттағы болғандықтан одан нақты шешім шығара алмайсың деп есептеген. Негізгі уақытты белгілейтін нақты материал- керамика мен қоладан жасалған заттар болып есептеледі,- деп А.М.Оразбаев өзінің ғылыми еңбегінде көрсеткен болатын.

Сонымен қатар зерттеуші Солтүстік Қазақстандағы замараев мәдениетінің ескерткіштеріне ғылыми сипаттама берген. Анықталған ескерткіштер: Боровое мен Ақкөлдегі үш оба, онбір елді мекен, оның көбі ежелгі таулы жерлерде жұмыс жүргізген жерлер. Ол бірнеше елді мекеннің ғылыми сипаттамасын берген. Боровое

курортының жанындағы елді мекені 1930 жылы Б.Н. Ждановтың басшылығымен зерттелген. Зерттеу барысындағы, қазба жұмысының нәтижесінде асудің қалдықтары және сазды балшықтан жасалған ыдыстардың сынықтары, пештің орны анықталған. Қазба жұмысы барысында қарасу мәдениетіне жататын қоладан жасалған пышақ табылған. Анықталған елді мекенге барлау жұмысынан кейін зерттеу жүргізілмеген. Сондықтан бұл жерге әлі де толық зерттеу жұмысы жүргізу қажет деп есептеген.

Г.Б. Зданович, Т.С. Малютина, В.Ф. Зайберттің Новоникольск I елді мекеніне жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының барысы ғылыми зерттеу ретінде жарияланған [Зданович, Малютина, Зайберт, 1978: 510-515].

Бұл археологиялық қазба жұмысы кезінде алакөл тұрғын үйі мен петров уақытына жататын тұрғын үйдің жартысы және соңғы қола дәуіріне жататын екі бөлме, қорғаныс құрылысы зерттелген. Алакөл тұрғын үйі (240кв.м.) төртбұрышты түрі батыс – шығысқа қарай бағытталған.

Қазақ тарихында Шығыс Қазақстан облысының жөні бөлек. Шығыс Қазақстан облысы Алтай кеңістігінің бір бөлігі, жалпы адамзаттық өркениетте мыңдаған жылдық тарих пен мәдениетті бейнелейтін әр түрлі тарихи оқиғалар мен ескерткіштерге бай. Дәл осы Алтайда 1500 жыл бұрын алғашқы түрік мемлекеті құрылған. Алтай аумағы және бүгінгі Шығыс Қазақстан тек сауда, экономикалық, қаржы, мәдени орталық қана емес, мұнда көптеген түрік қағанаттарының тайпалары пайда болып, олар кейін қазақ халқының құрамына енді. Бұл Шығыс Қазақстан өлкесінің трансконтинентальды зор халықаралық маңызы бар Ұлы Жібек жолының үстінде мемлекеттерді байланыстырған күретамырда тұрғанын көруге болады.

Б.А. Белослюдов, А.Г.Максимовалардың "Аул" курортының жанындағы ежелгі елді мекен" деген мақаласында Семей облысының Бородулихин ауданындағы Ауыл курортының қазіргі қасында құмды жоталардың арасында мекендеген тұрғындардың мекендерінен тас құралдар анықталған [Белослюдов, А.Г.Максимова, 1951:125-129]. Зерттеу жұмысы барысында табылған материалдарға ғылыми сараптама жүргізген. Олардың қай уақытта өмір сүргенін анықтаған. Ол тас құралдар: қырғыштар, оқ масақтары, микролиттер, ыдыстардың сынықтары және қоладан жасалған заттар. Бұл анықталған заттарды үш дәуірге жатқызған: ертедегі қола, андронов және ертедегі көшпелі дәуірлер.

Шығыс Қазақстандағы қола дәуірінің дамуына арнаған көлемді ғылыми зерттеудің бірі ретінде С.С. Черниковтың еңбегін атауға болады [Черников, 1960: 189]. Бұл еңбекте андронов мәдениетінің ескерткіштерінің даму барысын және олардың ерекшеліктерін археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері бойынша сараптама жүргізу арқылы ғылыми тұжырымдамалар жасаған.

С.С. Черниковтың басшылығымен Степняк қаласының ауданындағы Черная пика селосының қасындағы, Қыстау-қарағай шатқалындағы, Ащлыкөл жанындағы ежелгі елді мекендерді зерттелді және соның барысында, жиналған материалдарды зерттеу негізінде керамикалардың кебіреулері андронов мәдениетіне сәйкес келетінін жазды. Сонымен қатар Елизаветинск приискісіндегі, Степняк қаласының ауданындағы басқа елді мекендерді және Бестөбе, Сталин руднигіндегі, Ауыл ауданындағы анықталған елді мекендерге қазба жұмыстарын жүргізіп, онда табылған материалдарға ғылыми сараптама жасап олардың қандай уақытта өмір сүргенін көрсеткен. Оның Елизаветинск приискісіндегі табылған материалдар коллекциясы Эрмижада сақталғанын ескерткен. Бұл анықталған елді мекендердегі материалдар негізінен замараев мәдениетіне жатады, ал аз бөлігі ерте көшпелі заманға, одан азы андронов мәдениетіне тисілі деп ғалым тұжырымдайды.

Шығыс Қазақстан жерінде жүргізілген алғашқы зерттеулерден бастап 1960 жылдарға дейінгі аралықтағы барлық зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде көрсеткен. Сонымен қатар жартылай жер үйлер мен шаруашылық құрылыстары бар елді мекендердің өзен бойында орналасуын андронов мәдениетінің белгілерінің бірі ретінде қарастырған. Андронов мәдениетінің ескерткіштерінің қатарына елді мекендерді енгізе отырып, археологиялық зерттеу барысында анықталған елді мекендерді қосқан. Олар: Мешіт, Семипалатинские Дюны I, II, Аул курорты, Григорьевка, Мыңшұңқыр, Барашки I, Барашки II, Барашки III, Коржым, Қанай, Усть-Нарым, Трушниково. Бұл елді мекендердің ішіндегі негізгі төртеуіне (Қанай, Усть – Нарым, Мало-Красноярка, Трушниково) қазба жұмыстарын жүргізе отырып, тұрақ жайлардан табылған материалдарды саралай келе олардың қола дәуіріне жататынын анықтаған.

Қанай ауылы маңында бір-біріне жапсарлас салынған бірнеше құрылыс бар. Қамыс пен балшықтан салынған аумағы 50 шаршы метр тұрғын жай қазып, тастан жасалған үш ошақ ма-

нынан тас келсап, сүйек қалыптар мен дәнүккіш, сабау, қола моншақтар, білезік бүрмалар, кетпен, пышақтар, түрлі қыш құмыралар табылған.

Мало-красноярк селосы жанынан аумағы 160 шаршы метр жартылай жертөле үлгісімен салынған, қора-қопсысы бар екі тұрғын үй қазылды. Үй ортасындағы екі ошақ қасынан гранитпен жабылған келі, қола пышақ, орақтар, біздер, шоттар, т.б. табылған.

Зерттеген материалдар негізінде Шығыс Қазақстан жеріндегі ескерткіштердің кезеңдері мен өмір сүру уақытын көрсетеді: Бірінші кезең - усть-букон кезеңі - б.э.д. XVIII - XVI ғғ., екінші - канай кезеңі - б.э.д. XV - XII ғғ., үшінші - мало-краснояр кезеңі - б.э.д. XII - IX ғғ., төртінші - трушников кезеңі - б.э.д. IX - VIII ғғ. деп 4 кезеңге бөлген.

Сонымен қатар С.С. Черников андронов мәдениетін зерттеушілердің (Зауралье зерттеуші К.В. Сальников, Зауралье және Батыс Қазақстанды зерттеуші О.А.Кривцова-Гракова, Солтүстік Қазақстанды зерттеуші А.М.Оразбаев) елді мекендерге қазба жұмыстарын жүргізген кезде табылған керамикаларды кезеңдерге бөлу барында оның ерекшеліктерін, алшақтығын нақты кесте арқылы көрсеткен. Осы зерттеу барысында жасаған оның бірінші қорытындысы: "что памятники всех четырех хронологических этапов находится только в Восточном и Северном Казахстане, т.е. в северной полосе Казахской степи от Иртыша до Ишима. Это и есть, судя по всем данным, основная территория андроновских племен, наиболее богатая памятниками этой культуры" [Черников, 1960: 175].

Зерттелген аймақта андронов мәдениетінің ескерткіштерінің көптеп кездескенін өзінің жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесі арқылы дәлелдеуге тырысады. Сонымен қатар елді мекендерде табылған материалдар негізінде Шығыс Қазақстан өлкесін мекендеген тайпалар мал шаруашылығымен айналысқанын да анықтаған.

Ал тұрақ жайлардың көлемі 250-300 шаршы метр ауданды алып жатқан үлкен үйлерде патриархальды отбасының өмір сүргенін де көрсеткен. Андронов мәдениетіндегі елді мекендер мен обалардың орналасуына байланысты тізімін жасауға ұмтылады. Бұл тізім арқылы бүкіл Евразия материгінде жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелерін көруге болады.

Х. Арғынбаевтың "Историко-культурные связи русского и казахского народов..." атты еңбегінде Шығыс Қазақстан өңіріндегі тарихи өзгерістерге ғылыми сараптама жасалған [Арғынбаев, 1959: 176]. Сонымен қатар қазақ халқының

елді мекен мен тұрақ жай салуда орыс халқының әсерін сипаттаған. Қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысына көшпелі өмір сүру әдісі белгілі бір дәрежеде әсер еткен. Қазақ халқы өмір сүруге ыңғайлы үйдің түрі киіз үйлерде өмір сүрген. Киіз үйдің түріне қарап, ол кімнің үйі екені бірден анық болған, себебі бай қазақтардың киіз үйлерінің жабдығы қолөнер мен ою-өрнектеп, ағаштан, сүйектен, күмістен жасалған бұйымдар болған. Бұл еңбек қазақ жерінде ежелден бері қоныс, елді мекен салу оардың орналасқан орнының ерекшеліктері жөнінде мәлімет бере отырып, тарихи сабақтастықтың өте ертеден келен жатқанын айқындауымызға мүмкіндік береді. Ал кедей топтың үйінде пеш және жүннен жасалған төсек орындары ғана болған деп ғалым өз зерттеуінде көрсеткен.

Солтүстік-шығыстағы қазақтар қыс кезінде, қатты аяз болғанда таудың шатқалын, ну тоғайда немесе қамыста тұрақты бір жерде қоныстанған. Осындай қыстауларда, ортағасырларда малға арналған орын дайындаған, ол тастан немесе балшықтан жасалған. Ал XIX ғасырдың 20 жылдары малға арнап төбесі жабық құрылыстар салына бастаған.

Қазақ халқының жартылай отырықшылыққа көшуінің әсерінен қыстауларды құрылыс салуда өзгеріске ұшыраған. Солтүстік өңірде қыстық ауылдың саны орманы жоқ жерге қарағанда көбірек болған. Тау шатқалында қоныстанған қыстаудың саны 15-ке дейін жеткен, ал далалық жерлерде 5-6 қыстау ғана болған деп ғалым көрсеткен.

Қыстаудың саны жердің рельефіне де байланысты болған. Бөлінген рельефті жерлердегі ауылдар кішілеу, ал тегіс жерлерде ірі ауылдар болған. Мысал келтірген, Қалба және Алтай ауданында бір ауылға 5,3 және 3,3 шаруашылдық, ал Ұлан ауданында 11,7 және Күршімде-19 шаруашылық болған.

XIX ғасырдың II жартысында ауылдың экономикасы мен шаруашылығында болған өзгерістер, қазақ топтарын жер шаруашылығымен отырықшылыққа көшуге әкеліп, олар орыс селоларына ұқсас ауылдар сала бастаған. Ғалым мысал келтірген 1859 жылы Семей уезіндегі Уаков ауданында 30 қазақ шаруашылығы Семей облысының әкімшілігінен ауыл салуға Назар мекенін беруге және орыс архитекторын беруді сұраған. Оларға 811 дес. құнарлы жер мен 329 дес. тасты қолайсыз жер берілген-деп деректерді көрсеткен. Мұндай талпыныстар патша әкімшілігінен қарсылық көрсетіліп отырған.

Мысалы, 1866 жылы Семей уезіндегі Аққұм ауданындағы 40 шаруашылық, ауыл салуға жер сұрау талаптары қанағаттандырылмаған.

XX ғасырдың басында қазақтар жартылай отырықшылыққа және отырықшылыққа көшуінің әсерінен орыс халқының ауылдарының түрлеріне ұқсас ауылдар саны көбейе бастаған. Қазақ халқының орыс патшасының қол астына енуінің әсерінен елді мекендер орыс халқының құрылысына ұқсас құрылыстар салғанын ғалым көрсеткен.

В.В. Евдокимовтың Орталық және Солтүстік Қазақстан далалары қола дәуірінде деген диссертациясы археологиялық деректерге сараптама жүргізу арқылы ғылымда белгілі бір жетістікке жеткенін көрсетеді. [Евдокимов, 2001:17] Еңбекте 190 археологиялық объектілер, соның ішінде 93 елді мекен және 97 зират-обалар жайлы зерттелген материалдарды енгізген.

Зерттеуші Солтүстік Қазақстанның даласынан 31 қонысты анықтап, оның 14 археологиялық қазба жұмысын жүргізген. Зерттеу барысында 43 тұрғын үй ашылып, оның 28 бұзылмаған және 5 шаруашылық құрылыс екені анықталған. Елді мекендерді белгілеріне: топографиясына, ауданына, шұңқыр санына байланысты 2 топқа жіктеген. I топқа-өзен жағалауларындағы ашық төмененгі аудандарында орналасқан 3-6 шұңқырлы құрылысы бар ауданы 3,5-6 мың кв.м. болатын кішілеу елді мекендер енген; ал екінші топқа-өзен жағалауларындағы жоғарғы мүйісінде орналасқан 8-10 шұңқырлы құрылысы бар, ауданы 8-10 мың кв.м. болатын үлкен елді мекендерді жатқызған. Елді мекендердің қай мәдениетке сәйкес келетінін керамиканы зерттеу әдісі арқылы анықтаған. Конезавод III (төменгі қабаты), Желкурай (жоғарғы қабаты), Семиозерлык II елді мекендері петров мәдениетіне жататын керамикалар анықталған, Шұқыбай I, Перелески II, (төменгі қабаты), Алексеевск (алғашқы қабаты), Садчиков (алғашқы қабаты) елді мекендердегі анықталған керамикалар ала-көл мәдениетіне тисілі, Алексеевск поселкесі (соңғы қабаты), Переелески II (соңғы қабаты), Конезавод III (соңғы қабаты), Шұқыбай I елді мекендерінде – алексеевск керамикасының түрі анықталған.

Қорытынды

Қазақстан тарихында алғаш рет Шығыс және Солтүстік Қазақстанның археологиялық деректері бойынша елді мекендер туралы ғылыми зерттеулерге тарихнамалық шолу

жасалынды. Қазақстанның бұл аумағындағы археологиялық зерттеу арқылы елді мекендер мен тұрақ жайлар жайлы тарихнамалық деректер анықталып, жүйелене отырып мәселенің зерттелу дәрежесі айқындалды. Соның барысында Қазақстанның Шығыс және Солтүстік өңірлерінің елді мекендері мен тұрақ-жайлары туралы зерттеу жұмыстарының аз екені анық-

талды. Әсіресе солтүстік Қазақстан аумағы арнайы археологиялық экспедициялар бойынша кешенді түрде зерттелсе дұрыс болар еді. Сонымен қатар, аймақтағы елді мекендердегі баспаналар мен тұрақ-жайлардың құрылысы, көлемі, экономикалық-әлеуметтік маңызы туралы мәселелер айқындауды, толықтыруды қажет етеді.

Әдебиеттер

- Абилев А.К., Евдокимов В.В. Казахстан в древности. Караганда, 1991. С.1-128.
- Аргынбаев Х. Историко- культурные связи русского и казахского народов и их влияния на материальную культуру казахов в сер. XIX в. и нач. XX в. Алма-Ата, 1959.
- Белослюдов Б.А., Максимова А.Г. Древнее поселение у курорта « Аул» // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия археологическая. Вып.3. 1951. С. 125-129.
- Евдокимов В.В. Эпоха бронзы степей Центрального и Северного Казахстана .: Автореферат диссертации . Алматы, 2001.
- Зданович Г.Б. Бронзовый век Урало -Казахстанских степей. Свердловск: Из-во Урал.ун-та,-1988.
- Зданович С.Я. Саргаринская культура- заключительный этап бронзового века в Северном Казахстане : Автореф.дис. канд. М.,1970.
- Зданович Г.Б., Малютин Т.С., Зайберт В.Ф. Поселение Новоникольское 1// Археологические открытия 1977. М., 1978. С.513-514.
- Оразбаев А.М. Северный Казахстан в эпоху бронзы. Труды ИИАЭ АН КазССР. Археология. Алма-Ата, 1958. Т.5.
- Черников С.С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. М.-Л., 1960.

References

- Abilev A.K., Evdokimov V.V. Kazakhstan v drevnosti.-Karaganda,1991. s.1-128. (In Rus)
- Argynbaev H. Istoriko- kulturnye svyazi russkogo i kazahskogo narodov i ih vliyaniya na materialnuyu kulturu kazahov v ser. XIX v. i nach. XXv. Alma-Ata,1959. (In Rus)
- Beloslyudov B.A., Maksimova A.G. Drevnee poselenie u kurorta « Aul»// Izvestiya Akademii nauk Kazahskoy SSR. Seriya arheologicheskaya. vyip.3.1951. 125-129. (In Rus)
- Evdokimov V.V. Epoha bronzyi stepey Tsentralnogo i Severnogo Kazahstana .:Avtoreferat dissertatsii .Almaty, 2001. (In Rus)
- Zdanovich G.B. Bronzovyy vek Uralo -Kazahstanskikh stepey. Sverdlovsk: Iz-vo Ural.un-ta,1988. (In Rus)
- Zdanovich S.Ya. Sargarinskaya kultura- zaklyuchitelnyy etap bronzovogo veka v Severnom Kazahstane : Avtoref.dis. kand.- M.,1970. (In Rus)
- Zdanovich G.B., Malyutina T.S., Zaybert V.F. Poselenie Novonikolskoe 1// Arheologicheskie otkryitie 1977.-M.,-1978.S.513-514. (In Rus)
- Orazbaev A.M. Severnyiy Kazahstan v epohu bronzyi. Truly IIAE AN KazSSR. Arheologiya. Alma-Ata, 1958.T.5. (In Rus)
- Chernikov S.S. Vostochnyy Kazahstan v epohu bronzyi. M.-L.,1960. (In Rus)

Т.Ә. Төлебаев¹, Г.Е. Абикенова²

¹Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы
Қаз ҰУ, Қазақстан, Алматы, e-mail: tur-07@mail.ru

²Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған теңестірілген
Профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы, e-mail: agulzhazira@mail.ru

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БАСПАНАЛАРЫ ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ (XIX ғасырдың соңы)

Аңдатпа. Адамзат пайда болған кездерден бері оның өмірінде басына қалқа болып, жеке немесе отбасылық тұтыныста болған тұрғын-жайлар маңызды орын алып келеді. Материалдық мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналған тұрғын-жай немесе баспаналар алғашқы қауымдық қоғам кезеңіндегі үңгірлерден бастап, жер үстіндегі қарапайым күркелерден тұрды және біртіндеп әр аймақта әртүрлі қалыптасу мен даму кезеңдерін бастан өткерді. Адамзат баласы табиғи ортаға бейімделу барысында жер бедерінің ыңғайына қарай өздеріне лайықтап тұрғын-жайларды салып отырды. Аз зерттелген мәселенің бірі түркі халықтарының баспанасының тарихы болып табылады. Олардың қатарында көшпелі өмір салтына негізделген жасалған қазақ халқының киіз үйі де бар. Қоршаған ортаның ыңғайына қарай қазақтың көшпелі мал шаруашылығының өрісі мен қоныстары жылдың төрт маусымына қарай қыстау, көктеу, жайлау және күзеу деп төртке бөлінді. Әдетте көктеу мен күзеу бір орында болса, ал қыстауда малшылар құйма кесектен немесе соқпа тамнан немесе тастан қаланған үйлерде қоныстанды. Ал орманды өңірлерде, ағаштан қиылған үйлерде қыстап шықса, жылдың басқа мезгілдерінде көшіп-қонуға ыңғайлы, бір орыннан екінші орынға көшіру кезінде киізбен қымталып, қаңқасы жеңіл ағаштан жасалып, тез құрстырылып, тез жиналатын ыңғайлы киіз үйді пайдаланды[1].

Киіз үй біздің заманымыздан бұрынғы VII ғасырдан бастап кеңінен пайдаланылып, киіз басу белгілі бір еңбек кәсібіне айналған. Киіз үй көшпелілердің көктем, жаз және күз мезгілдерінде қоныстан қонысқа көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама баспана еді. Сонымен қатар климат жағдайы суық аймақтарда тастан қаланған, балшықтан сыланған, ағаштан қиылған баспана түрлері де кездесі. Бұл баспаналар көшпелі өмір салтын ұстанған түркі халықтарының ортақ баспанасы деп айтуға болады.

Кілт сөздер: тұрғын-үй, тұрғын-жай, баспана, күрке, тастан қаланған үй, ағаштан қиылған үй, киіз үй

Сілтеме үшін: Төлебаев Т.Ә., Абикенова Г.Е. Түркі халықтарының баспаналары орыс зерттеушілерінің еңбектерінде (XIX ғасырдың соңы) // Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 181. No 1. 28-40 бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-1-1-28-40>

T.A. Tulebaev¹, G.E. Abikenova²

¹Doctor of historical sciences, professor, KazNU named after al-Farabi,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: tur-07@mail.ru

²Candidate of Historical Sciences, Assassinated Professor, KazNU named after al-Farabi.
Kazakhstan, Almaty, e-mail: agulzhazira @ mail.ru

Shelter of the Turkic peoples in the works of Russian researchers (late 19th century)

Abstract. From the very beginning of human life, housing for personal or family use has played an important role in human life. The dwellings or shelters that became an integral part of the material culture ranged from caves in early communal society to simple above-ground huts and gradually passed through different stages of formation and development in each region. The course of adapting to the natural environment, humanity built houses taking into account the terrain. One of the little-studied issues is the history of the settlement of Turkic peoples. Among them is a yurt of the Kazakh people, built on the basis of a nomadic lifestyle. According to the comfort of the environment, the fields and settlements of Kazakh nomadic livestock breeding were divided into four seasons: wintering, spring, grazing and protection. As a rule, breeding and guarding were carried out in the same place, and for the winter the shepherds settled in houses made of cast logs or covered with thatch or stones. And in forest areas, if they winter in wooden houses, at other times of the year they used a comfortable yurt house, covered with felt, made of

light wood, quickly assembled and quickly assembled when moving from one place to another [1]. Yurts became widespread from the 3rd century BC, and felting became a specific labor profession. The yurt was a composite dwelling suitable for nomads who moved from settlement to settlement in the spring, summer and autumn. At the same time, in regions with cold climates, there are also types of shelters made of stone, coated with clay, and carved from wood. We can say that these shelters are ordinary shelters of Turkic peoples leading a nomadic lifestyle.

Key words: dwelling, dwelling, shelter, hut, stone house, log house, yurt

For citation: Tulebaev T.A., Abikenova G.E. Shelter of the Turkic peoples in the works of Russian researchers (late 19th century) // Electronic scientific journal "Kazakh history". 2024. Vol. 181. No. 1. Pp. 28-40 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-1-1-28-40>

Кіріспе

Жер шарын бүгінгі таңда 3500-ге тарта түрлі ұлттар мен ұлыстар тобы құрап, олар әр түрлі дәуірлерде қалыптасып, өзіндік өмір салты мен салт-санасын, тілі мен ділін, өзіне тән табиғи ортасын қалыптастырып отыр. Десек те, олардың барлығы да бағзы замандарда қоршаған ортасы мен табиғи-климаттық жағдайына сай әр түрлі баспаналар мен тұрғын-жайларды мекен етті. Соның қатарындағы түркі халықтарының бейімделу ортасына сай алғашқы баспаналары қалыптасты. Олардың қатарында түркі халықтарының да баспаналары да болды және ол түрлі саяхатшылар мен ғалымдардың назарын аудартты.

Мәселен, түркі халықтарының баспаналары XIX ғасырда орыс зерттеушілерінің назарын аудартты. Соған орай орыс зерттеушілері түркілердің өмір-салты мен этнографиясын, оның ішінде баспанасын да зерттеу нысанына айналдырғанын байқауға болады. Атап айтсақ, XIX ғасырдың соңында жарық көрген маңызды еңбектің бірі П. Маковецкийдің 1893 жылы Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібірлік бөлімшесіндегі мәжілісте жасаған хабарламасы болып табылады [2]. Хабарламасында зерттеуші: «Біз, еуропалықтар, өз мәдениетінің артықшылығын мақтан тұтамыз, қырғыздарды жартылай жабайы, біздің назарымызға лайық емес деп санаймыз.

Мұндай көзқарас әділетсіз. Біз басқаратын халықтың өмірін зерттеудің практикалық маңызы туралы айтпағанда, көшпенділердің өмірімен жақын танысу», – деп сөз бастайды. Оның бұл айтып отырғандары тарихи шындық еді. Басқасын айтпаған күннің өзінде біз бүгінгі таңда да, әлі күнге дейін азиялықтарға, соның ішінде қазақтарға да, еуропалықтардың, кейбір орыс саясаткерлері мен ғалымдарының тарапынан жоғарыдан, менсінбей қараудың орын алып отырғанын байқаймыз. Сол себепті де бұл ғылыми мақалада түркі халықтарының баспанасы мен

тұрғын үйі турасындағы XIX ғасырдың екінші жартысында жасалған пікірлер мен ұстанымдар тобын қарастырып, негіздеу жұмыстың өзекті мәселесі болып отыр.

Зерттеу әдістері. Мәселені толымды етіп ашу мақсатымен жалпылау мен жекелеу, топтау, салыстыру, айқындау, қорытындылау сияқты *әдістерді басшылыққа ала отырып*, бірізділікпен пайымдауды көздедік. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ өлкесі туралы жазылған орыс зерттеушілері мен өлкетанушылары еңбектері негізінде түркі халықтарының баспанасы мен тұрғын үйлері туралы берілген мәліметтер топтастырылып, саралаудан өткізіліп, тарихнамалық тұрғыдан негізделді.

Талқылау

Біріншіден, авторлар тарапынан көтеріліп отырған түркі халықтарының баспанасы мен тұрғын үйлері туралы жазылған мәліметтер қазақ халқының материалдық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды және ең бастысы осы бағытта жазылған орыс зерттеушілерінің еңбектерінде дала өркениетіне басымдылық бермейді, тек баспаналардың көшпелі қоғам үшін тиімділігін нақтылап өтеді. Екіншіден, Қазақстандағы тәуелсіздік жылдары жарық көрген Отан тарихына қатысты оқулықтар мен оқу құралдарында бұл тақырып жекелей, яғни арнайы түрде жеке мәселе деңгейінде қарастырылмады. Үшіншіден, аталған кезеңдегі орыс зерттеушілерінің, этнографтары мен өлкетанушылары берген мәліметтерді саралап бағамдай келе, т8рк3 халы0тарыны4 баспаналарының пайда болуы, олардың өзіндік ерекшеліктері, табиғат жағдайына сай бейімделіп қалыптасуы мәселелерін нысана ету, сөйтіп, оған жүйелік пен құрылымдық сипат беру жолымен шынайы тарихи үрдіс ретінде зерделуді басшылыққа алуда. Демек, мәселенің нақтылы тарихын беру және оны көпқырлы объект тұрғысынан талдау керектігі туралы тұжырым жасалды.

Нәтижелер

Қазақ киіз үйіне қатысты зерттеулер. Жұмысымыздың кіріспе бөлімінде аталып өтілгендей, қазақ халқының баспанасы – киіз үйге қатысты зерттеулер негізінен XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жазыла бастады. Себебі бұл тұста қазақ елін толық өзіне бодан етіп алған Патшалық Ресей өлкені жан-жақты біліп, оның тарихи, мәдени, рухани құндылығымен танысып, өзіне қажетті мәлімет жинақтау мақсатында түрлі экспедициялар мен географиялық ұйымдар жұмысын жандандырғаны белгілі. Оның қатарында Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібірлік бөлімшесінің өкілі П. Маковецкий да болған. Ол қазақ тарихы мен тұрмыс-тіршілігі мәселелерін баяндауда өзінің көптеген замандас зерттеушілерінен алға қарай озып шықты. Бұл мәселелерде біршама шынайы пікірлер айтып, дұрыс қорытындылар жасай алды. Мәселен, ол зерттеушілердің еңбектерінде қазақтардың өзіне тән ерекшелігі деп есептелетін «қонақ асы» жөнінде біршама тың ойлар айтып, шынайылыққа жақын тұжырым жасайды.

Автор қазақ даласына сапары барысында бақылап-байқап отырғанын, сұрақтар мен сауалдар жүргізгенін, соның негізінде киіз үй туралы мәліметтер жинап барып хабарламасын жасап отырғанын атап көрсетеді. Даланың біртекті, сүреңдеу екенін, бірақ дәл сол сүреңсіз даланың қазақтардың үйренген әлемі екендігін, жиі-жиі өмірін қиын жағдайға душар етіп отыратынына қарамастан, сол даланы қымбат санайтынын, сүйетінін, ондағы өмір жағдайына үйреніп кеткенін жаздық баспанасынан көруге болатынын айта отырып, киіз үй туралы мәселеге көшеді.

Киіз үй – түркі халықтарының, жиналмалы баспанасы деп анықтама бере отырып, оның жеке бөліктері жиналып, басқа да заттар сияқты бір жерден екінші жерге тасылатынын айтады. Қыста кедейлер киіз үйде амал жоқ болғандықтан ғана тұрады, – дей келіп, далалы аймақтың қыстау үшін ағаш материалдарды табу қиындау оңтүстік бөлігінде қазақтардың жазда да, қыста да киіз үйлерде тұратынын, оның мысалын Балқаш көлі мен Шу өзенінің бойынан кездестіруге болатынын жазған.

Бұдан кейін зерттеуші киіз үйдің бөліктерін атап көрсете отырып, олардың қалай, неден жасалатынын, жасауға қажетті еңбек құралдары мен олардың ерекшеліктерін толық баяндайды. Киіз үйдің ағаш бөліктерінің өзен бойларындағы талдардан жасалатынын, оларды жасайтын адамдарды үйші деп айтатынын, оның басты ең-

бегінің керегелерді жасауға кететінін, сол керегенің ерекшеліктерін толық жазады. Шаппашот, үскі, тез сияқты еңбек құралдарының қызметіне, үйшінің оларды пайдалану түрлеріне назар аудартады. Жалпы үйшілердің еңбек құралдары, кереге – қанат, көк туралы мәселелерді орыстық тарихнамада алғаш рет толық сипаттаған осы П. Маковецкий болып есептеледі. Ол сондай-ақ киіз үйдің әрбір бөлігінің дұрыс анықтамасын бере алған орыс зерттеушілерінің бірі. Мәселен уықты киіз үйдің қабырғасына теңей отырып, оның қалай жасалатынын, көлемін, атқаратын қызметінің мәнін де дұрыс сипаттайды. Ал шаңырақтың қайың ағаштан, өзара байластырылған және шегемен бекітілген екі доғадан жасалатынын, ондағы күлдіреуіштердің санының алты болатынын, айналасындағы тесіктерге уықтардың кигізілетінін, олардың көздерінің кішірек киіз үйде жүз, ал үлкендерінде 150 – 200 болатынын да жазған. П. Маковецкий еңбегінің киіз үй туралы жазған басқа орыс зерттеушілерінен тағы бір ерекшелігі оның бөліктері мен құрылыс заттарының қазақша атауларын дұрыс жазуында екендігінде. Мысалы, ол босаға, таяныш, есік, иткерме, маңдайша атауларын дәл атап қана қоймай, олардың қолданылатын орнын, атқаратын қызметін де дұрыс көрсетеді. Киіз үйдің қажетті бөліктерінің арасында бақанның өзіндік орын бар екенін, оның бас жағында ойық немесе айырша болатынын, ол арқылы шаңырақты қатты дауыл тұрғанда құлап кетпес үшін тіреп қоятынын, дәл осы мақсатта ұзын арқаннан жасалған жел-бауды үйдің ортасындағы қазыққа байлап қоятынын, бақаннан басқа ағаш бөліктерінің сары түске боялатынын баяндаған.

Еңбекте киіз үйдің маңызды бөлігінің бірі болып табылатын шиден жасалған заттарға да тоқталады. Шидің қандай өсімдік екенін, оны жинау уақытын, шиден тоқылған жабу жасаудың ерекшеліктерін толық алғаш сипаттаған орыс зерттеушілерінің бірі де осы П. Маковецкий еді. Ол шиді үш қатар түрлі – түсті жіппен, тіпті жібекпен байластырған кезде кілем тәрізді әдемі болып шығатынын жаза келе: «Киіз үйді орнату кезінде оның қажетті керек-жарағын жасай отырып, керегенің киіз үйін қоршап, киіз үйдің ішкі жағдайында рөл атқарады. Ол киіз үйдің кіреберісінен оңға қарай орналасқан экранды ауыстырады және оның артында қырғыздардың керек-жарақтары мен үй ыдыстарын жасырады; жазда әйелдер арнайы орналастырылған, шиден (далада, көбіне су жағаларында өсетін өсімдік) тоқылған орында сүттен «еремчик», «курт» (ірімшік, құрт)кептірсе, сонымен бірге оны сыр-

ғанау құралы ретінде пайдаланды», – дейді [3]. Бұл үзіндіден біз автордың шидің не үшін пайдаланылғанын, қолданылатын орнын дұрыс түсінгенін және түсіндіргенін байқаймыз. Киіз үйді тұрғызу кезінде қойдық жүнінен жасалған жуандығы мен ұзындығы әртүрлі арқандардың жасалатынын, мықтырақ болу үшін оларға жылқының қылы қосылатынын жаза отырып, басқұрға толығырақ тоқталады. Оны жүннен тоқылған белбеу деп атайды және жасалу ерекшеліктерін, көлемін, маңызы мен қызметін дұрыс баяндайды. Оған ұқсас алашалардың болатынын айтады және бұлардың әртүрлі, әрі әдемі болатынын да көрсетеді.

Даланы қойлар патшалығы дей отырып, қазақтардың жүнді және одан жасалатын киізді көп дайындайтынын атап өте отырып, оны жасау технологиясына толықтай сипаттама береді. Киіз басу ісінің әзіл-қалжыңмен көңілді өтетінін ескерте отырып, оның барысындағы қазақ халқының салт-дәстүрлеріне де назар аудартады. Мәселен, шиге оралған басылып жатқан киізге ыстық су құйып отыру барысында киіз бастырып отырған әйелдің аздап айран құйып отыратынын, сол кезде «алты күн аш болсаң да, ата қаденді ұмытпа» деген сөздің айтылатынын жазады және мұны көрінбейтін құдыретке құрбандық беру жөніндегі ескі сенімнің қалдығы деп санайды. Автор киіз басу ісінің жеңіл жұмыс емес екендігін, көп уақытты алатынын, қол күшін талап ететінін жаза отырып, оның қазақ әйелдерінде мол екендігін де атап өтеді.

Зерттеушінің бұдан кейінгі көңіл аударған бір мәселесі үйдің киізден жасалған бөліктеріне қатысты болып шыққан. Онда туырлық, үзік және түндік кеңірек сипатталып, әсіресе олардың көлемі, түрі, атқаратын қызметі дұрыс жазылған. Дәлірек айтсақ, туырлықтың шаршы тәрізді киіз бөліктерінің құралып негізінен керегені сондай-ақ уықтың үштен бірін қамти жабылатынын, үзіктің трапеция тәрізді болатынын және уықтың үстіне тасталып, жоғары бөлігінің шаңыраққа жетіп, ал төменгі жағының туырлықты қамтитынын, әрі осы етегінде дөдеге деп аталатын – шаршыланған кесе тігілетінін, мұның әрі сәндік үшін, әрі бұл жерлерге бауды бекіту үшін жасалатынын автор кең түрде, дұрыс түсіндіреді. Үйдің барлық киізді бөліктерінің жіппен жиектелетінін, сонымен қатар туырлықтың бұрышына ұзын баудың жалғанатынын, үзіктің бауларының үш түрге бөлініп бас – бау, орта – бау және аяқ – бау деп аталатынын, түндікке төрт баудың жалғанатынын да жазады. Еңбекте киіз үйдің киізді бөлігіне есікті

жауып тұратын киізді де жатқызған. Оның жоғары жағының уыққа үзіктің астында қалатындай етіп тасталатынын, ал төменгі бөлігінің кіретін есікті жабатынын, мұндай киіздердің әдетте ақ түсті болатынын және сыртқа қараған жағының кестеленетінін, ал төменгі жағының шимен де сәнделетінін қысқа, әрі нақты сипаттаған. Көшпелілер үшін киіз үйді тұрғызы мен құрастырудың өте қиын есемтігін, тек біліктілік пен икемділікті талап ететінін және әдетте әйелдердің жұмысы болып табылатынын айта келе, үйді тігу ісін жүйелі түрде, бөліктерінің әр қайсысын тұрғызылу, жабылу реттері бойынша баяндаған. Автордың баяндауы бойынша алдымен кереге тұрғызылады, оның барысында есікке орын қалдырылып барып, есік жақтаушалары қойылады. Сол шеңбердің ортасына бір немесе екі ер адам бақанмен шаңырақты көтеріп тұрады да оған бірден уықтар шаншылып, аяқ жағы керегеге байланады. Осылайша негізгі бөлігі дайын болады да, енді кереге басқұрмен оралып, содан соң шимен көмкеріледі, содан кейін барып, киізді бөліктері мына ретпен жабылады: туырлық, есік, үзік және түндік. Бұлардың барысында бір әйел киіз үйдің ішінде жүріп үзік пен түндіктің жиырылған жерлері болса жазып, түзеп жүреді де басқалары сыртта оған көмектеседі. Яғни, біз бұл зерттеуден байқайтынымыз, қазақ киіз үйінің табиғи орта мен көшіп-қонуға өте қолайлы баспана екендігін және оны тіпті орыс ғалымдары да байқағандығын көреміз.

Қыстау үйлер мен тұрақтар туралы зерттеулер. Кеңестікке дейінгі қазақтардың тұрақжайлары мен баспаналары туралы жазылған және өзінен кейінгі көптеген зерттеушілер еңбектерінде жиі пайдаланылған туындылардың бірі В. Шнэнің Ақмола облысы көшпелілерінің қыстаулары мен басқа да тұрақты құрылыстары жөніндегі 1894 жылы Омбыда жарық көрген көлемді мақаласы болды [4]. Автор өз еңбегін Ақмола облысының табиғат жағдайларының және орыстардың орнатқан тәртібі негізінде қалыптасқан әлеуметтік жағдайдың ықпалымен ондағы қазақтардың көшіп – қонуға арналған киіз үйлермен шектеліп қалмай қысқы тұрақты әрі жылы баспаналар сала бастағанын сипаттаумен бастайды. Мұндай баспаналарды екі түрге бөледі: далалы, ормансыз жерлердегі және орманды аймақтардағы деп атайды. Бірінші түрінің мысалы ретінде Петропавл оязындағы Шағалалы өзені бойындағы төбедегі онға жуық баспанадан тұратын қыстауды айтады. Баспаналардың жоспарсыз, ретсіз шымнан салынғанын, онда бірді-екілі болса да ағаш үйдің де кездесетінін жаз-

ған. Қыстаудың ерекше белгісі адамдар тұратын баспана мен мал қораның тығыз байланысып жатуында деп есептейді. Оның жақындығының тығыздау екендігін көрсету мақсатында қазақтардың үйіне кіру үшін бүкіл ауланы, малға арналған қашаны аралап өту керек дейді. Қыстаулардағы малға арналған шарбақ бір-бірінен тек ішкі жоспарымен ғана ерекшеленетінін, қалғандары бойынша ұқсас екендігін айта келе, баспананы шымнан салу тәсілі, ерекшеліктері жөнінде баяндауға көшеді.

Баспананың жақын маңдағы ойпаттан алынған шымнан көтеріліп, үстіне бір қатар бөрене тасталып, оның үстіне көлденеңінен сиректеу етіп жуандау тақтайша төселіп, оны қамыспен, шыммен жауып, үйдің төбесін жасайтындығы жан-жақты баяндалады. Жер үйдің есік жақтағы екінші бөлмесінде шаруашылықтық заттар қойылып, кейде малдың төлдері, жаңадан туған бұзаулы сиыр және тағы басқалар да болатындығын көрсетеді. В. Шнэ мұндай үйдегі пештерге де кең түрде тоқталған. Пештің алдыңғы бөлменің бір бұрышында болатындығын, оны қолдан жасалған ағаш қалыпқа балшықтан құйып барын қалайтынын, сол балшықпен пештің сыртын, қабырғаны да сылайтындарын, ондай кірпіштердің от жағу барысында күйдірілетінін, пештің өз құрылысына келсек, оны екі бөлік етіп жасап, мұрдаларын төбеге жақындағанда біріктіретінін, біреуінде қазан орнатылып, екіншісінде күнделікті ас дайындалатынын, жалпы алғанда орыстың пештеріне ұқсастау болатынын жазады. Үйлер мен аула салу ісі техникалық, тіпті ұсталық, қолөнершілік білімді қажет етпейді, ол кезкелген жұмыс көлігі бар қазақтың қолынан келетінін атап көрсеткен. В.Шнэ бұл сипатталған қыстау – тек тазалығы мен тәртібі, қоршауының көлемі бойынша ғана аздап айырмашылығы болмаса барлық ормансыз далалы аймақтағы қыстауларға ұқсас деп тұжырымдайды.

Қазақтардың орманды аймақтардағы қыстаулары жөніндегі мәселеге көше отырып, олардың жоғарыда баяндалған далалы жерлердегіден өзгешелігіне назар аудару қажет екендігін бірден атап өтеді де, оның ішіндегі маңыздысы – шағын болып келуі екендігін баса көрсетеді. Автор далалы жерлерде қысқы қарлы бораннан қорғану үшін 15-тен 50-ге дейінгі қыстау үйден құралса, тоғай қоршап тұратын орманды жерлерде 2 – 5 қыстау үйден тұрғанын, бұлардың ауласының кеңдеу болатынын, әлсіз және ауырушаң малдар үшін ғана төбесі жабылған шатырша жасалатынын, ауласын толық шатыршалайтын тек ауқаттылар ғана екенін жазады. Құрылыс материалы

ретінде далалы аймақта топырақ, шым, қамыс пайдаланылса, ормандарда – бөрене, шыбық, қамыс пайдаланылғандығын, орманды жердегі қыстаудың тағы бір ерекшелігінің шошала тұрғызып, қорғанды шарбақтар бойына қи-тезек пен қоқыс үйілетінін, ал басқа, яғни үйдің ішкі құрылысы, тұрмыстық заттары бойынша қазақтардың барлығының жағдайы ұқсас екендігін сипаттайды. В. Шнэнің бұл еңбегіндегі сипатталатын негізінен, оның өзі көрсеткеніндей, орташа тұрмысы бар қазақтардың орманды жерлердегі қыстауы. Ол қазақтардың жел соғатын жақтарына тоғайды қалқа етіп, ішкерілей ене отырып орналасатынын атап өте келе, үй салу тәсілі мен материалдары жөніндегі мәселеге тоқталады. Оның пайымдауынша мұндағы баспаналар қайыңның бөренелерінен тұрғызылып, төбесі тақтайшамен жабылып, оның үсті қамыспен, топырақпен және шыммен көмкеріледі. Үй бір немесе екі бөлмелі етіп жасалып, әр бөлмесіне бір немесе екі терезе орнатылады. Есік мұнда да аула жақтан шығарылады. Бөлмелер қабырғамен бөлініп, арасында пеш үшін орын қалдырылады. Еденіне төсеніш төселіп, оның үстіне нар жасалады. Қабырғаға киім, ертоқым, кілем, киіз ілінеді. Үй бөлмелер ортасындағы пеш арқылы жылытылады. Жалпы орманды жерлердегі мұндай үйлердің біршама тазалау болатынын, бірақ онда да ауаның тарлығын осылайша сипаттаған.

Автор мұнымен қатар, киіз үйге ұқсастау етіп, бірақ әртүрлі формада жасалатын шошалалардың кедейлердің, малшылардың баспанасы қызметін атқаратынын айта келе, оның қарапайым құрылысына тоқталады. Шошалалардың көбінесе екі қатар шарбақтың арасын қимен, топырақпен толтыру арқылы қабырғасын тұрғызып, жоғары жағын конус тәрізді етіп, шаңыраққа немесе оған ұқсас төрт тіреуге орнатылған төртбұрышқа дейін қамыс, шым төсеп, шаңырақты киізбен жауып, еденінің ортасына жылы болу және тамақ пісіру үшін үзбей от жағып отыратынын айтады. Мақаладағы келесі бір көңіл бөлінген мәселе ауыз су туралы. Қазақтардың көлдің суынан гөрі құдықтың суын артық көретіндіктерін, ол үшін қарапайым құдықтар қазып алатынын, бірақ одан көбінесе мал суғаратынын, ал өздерінің қарды ерітіп пайдаланатынын баяндайды. Бұдан соң жерлеу орындарының мешіттердің құрылысы жөніндегі мәселелер де кеңірек түрде сөз етіледі. Мешіттердің архитектурасы татар ауылдарындағыларға ұқсас екендігін атап өтеді [4, 28 б].

Жалпы зерттеуші В. Шнэнің еңбегінде қазақтардың баспанасы, оның ерекшеліктері, жасалу

барысы, далалы және орманды аймақтардағы қыстаулардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары жөніндегі мәселелер біршама шынайы жазылған деп ойлаймыз. Дегенмен, онда қазақтарды кедей, еңбекке құлықсыз, жалқау деп көрсетуге ұмтылушылықтың да орын алып отыратынын байқаймыз. Бұл соңғы идеяны ол орыстық отарлауды ақтау мақсатында, қазақтарды кемсіте отырып, орыстарды көтермелеп көрсету тұрғысында жазған деп есептеуіміз қажет.

Көшпелі және жартылай көшпелі түрік және монғол халықтарының тұрғын үйлер туралы зерттеулер. Баспана мәселесіне қатысты орыс зерттеуші-этнографы Н. Харузиннің 1896 жылы «Этнографическое обозрение» атты жинағын да қарастырып өтуге болады. Этнограф-ғалым негізінен көшпелі және жартылай көшпелі түрік және монғол халықтарының тұрғын үйлерінің даму тарихына арналған алғашқы зерттеу еңбегі жарық көрді. Біз бұл еңбекке оның соңғы, үшінші, толықтырылған басылымы бойынша талдау жасауды дұрыс деп есептедік [5]. Оның көлемді еңбегі негізгі екі бөлімнен тұрады. Біріншісі көшпелі баспаналардың, ал екіншісі тұрақты баспаналардың түрлеріне арналған.

Әрбір тайпаның мәдени дамуының баспананың жетілдірілуі мен дамуына байланыстылығына көңіл аудартады. Бұл жұмыста тек көшпелі өмір салтын жалғастырып жатқан, немесе отырықшылыққа көше бастаған сатыда тұрған түрік және моңғол халықтарының баспанасының тарихына тоқталатынын атап көрсетеді. Орасан зор аумақты мекендейтін бұл халықтардың әртүрлі табиғи географиялық және ауа-райы белдеулерінде: таулы, далалы және орманды аймақтарда өмір сүргенін айта отырып, осындай жағдайдың олардың баспанасының дамуына да ықпал етті және қолда бар материалдар олардың басты даму сатыларын айқындауға мүмкіндік береді деп есептейді. Оның ойынша аталған халықтардың баспаналарының тарихын біртұтас қарастыруға төмендегі жағдайлар түрткі болған. Біріншіден, аталған екі тайпалық топтың халықтарының өмір салтының және олар тіршілік етіп отырған физикалық, яғни табиғи-географиялық жағдайдың, әртүрлі жерлерде тұра отырып мәдени дәрежесінің біршама ұқсастығы. Екіншіден, Түрік және моңғол халықтарының көп жерлерде қатар өмір сүруі, ғасырлар бойы бір-біріне ықпал етуі және ол ықпалды нақты жағдайда ажыратудың мүмкін еместігі. Н.Харузиннің көшпелілердің тұрмысы бізге әдетте тұрақты және қозғалыссыз болып көрінеді, оның себебі ең алдымен көшпелілердің мәдени дәрежесінде-

гі өзгерістер шынында да баяу жүруінде екендігін айта отырып жасаған мына тұжырымдарын дұрыс деп есептеуге болады. Ол дегенмен, қазіргі, яғни сол кездегі, Ресейдегі көптеген көшпелі халықтардың рухани және қоғамдық тұрмысына жақынырақ қарасақ олар мәдениет жолында алға жылжуыды жалғастыруда – дей келе: «Діни көзқарастарында өзгерістер жасалды: шаманизм көптеген жерлерде мұсылмандықпен немесе буддизммен алмастырылды; ежелгі рулар ыдырады және әртүрлі халықтардың құрамына енген, ерекше топтар құрылды; киімдері мен тағамдарында және үй жағдайларында өзгерістер болды. Шындығында, бұл өзгерістер материалдық мәдениет саласында аз байқалады: қазіргі кезде көшіп жүретін көптеген түрік және моңғол халықтарының киіз үйлерінің, жалпы белгісі біздің уақытқа дейінгі бірнеше ғасыр ішінде бұл халықтармен танысуға мүмкіндігі болған адамдардың сипаттамасы бойынша сол күйіндегідей болып қалған. Бірақ, баспананың бұл түріне жету үшін моңғолдарға немесе түріктерге ұзақ жол жүруге тура келді және отырықшы халықтардың дамыған баспанасымен салыстырғанда «алғашқы қауымдық» деп атауға болатын киіз үй, тайпалардың көпғасырлық дамуының жемісі болған екен» [6], – деген қорытынды жасайды. Өзінің бұл тұжырымын қарапайым, бірақ өте дәл әрі түсінікті логикалық ойлар негізінде айқындай түседі.

Көшпелі және жартылай көшпелі түрік және моңғол халықтарының баспаналарына шолу жасай қарағанда олардың түрлерінің өте әртүрлі екенін байқауға болатындығын, ал олардың қайсысының ертерек пайда болғандығын айқындау үшін бір түрдегі екі баспананы салыстыра отырып, қайсысының құрылысы қарапайымдау болса соны алғашқы деп есептеу қажет. Тек бұл тұжырымның оларды жасау тәсілін зерттеу арқылы тексерілуі, яғни дәлелденуі керек екендігін де ескертеді. Өте көп жағдайда ескі, ертеректе пайда болған баспаналарды халықтар мықтырақ, қолайлы баспанаға көшкеніне қарамастан толық тастап кетпейтіндігін, оларды уақытша, мәселен жаздық баспаналар, немесе шаруашылықтық құрылыстар ретінде пайдалануды жалғастыратынын айтады.

Баспананың жоғары түріне көшкен халықтардағы ежелгі баспана түрлерін көре отырып, төменіректегі сатыда тұрған халықтарда басым болып отырған ежелгі түрлерінің қазіргі жоғары түрлеріне көшкен елдердің де пайдаланғанын сенімді түрде сипаттайды. Мұнымен бірге, ол баспананың бір түрінен екіншісіне өту әдетте

біртіндеп жүреді: ертеректегі құрылыс түрі өзгерістерге түседі және жетілдіріледі, оған қосымша құрылыстар жасалады, сөйте отырып, қарапайымнан күрделі түріне қарай өтеді. Баспаналардың ең қарапайымынан ең күрделісіне дейінгі аралықта бірнеше аралық қатардың болғандығын байқағанын айта отырып, енді солардың көшпелі және жартылай көшпелі түрік және моңғол халықтары үшін бастапқысы, оның өз сөзімен айтқанда даму эмбрионы – күрке (шалаш) болды деп тұжырымдайды[7]. Ол бұл тұжырымдамасын былай деп айқындай түседі: аңшылық сияқты көшпелі тұрмыс тоқтайтын жерлерді жиі ауыстырып отыруды талап етеді, ал мұның өзі алғашқы қауымдық баспананың түрі алып жүруге жеңіл, немесе ең кемінде жаңа жерде жылдам тұрғыза салатындай болуы керек. Ал күркенің әр түрі көшпелі түрік және моңғол халықтарында кең таралып отыр.

Өзінің эволюционизмге негізделген бұл тұжырымын дәлелдеу үшін өте көп деректік мәліметтер жинаған және оларға сілтеулер жасай отырып, салыстырмалы талдау тәсілін де жақсы пайдаланған. Оның еңбегінде карагастар, алтай түріктері, сібір татарлары, солтүстік буряттар, башқұрттар, якуттар, моңғолдар, астрахан қалмақтары, қарақалпақтар, қоңырат татарлары, бессараб татарлары және басқа да халықтық топтардың баспаналары жөнінде жазады. Біз солардың ішінен негізінен қазақтардың баспаналары жөнінде жазған пікірлері мен көзқарастарына, тұжырымдарына ғана тоқталуды дұрыс деп ойлаймыз.

Түріктер мен моңғолдар мал бағушылықтар бұрын, біздер бүгін байқайтын карагастар, кейбір алтай түріктерінде кездестіретін, аңшылық дәуірін бастан кешірді. Бұл сатыда күркенің үстін аң терілерімен, ағаш қабықтарымен, қыста топырақпен, қармен жапты. Тек таза малшылық тұрмысқа көшу, үй малдары көшпелілердің барлық сұраныстарын қанағаттандыра бастаған кезде алғашқы күркені алдымен үй жануарларының терілерімен, содан кейін барып, жүннен жасалған бұйымдармен, атап айтқанда киізбен жабу басталды. Киіз біртіндеп жапқыштың барлық басқа түрлерін ығыстырды. Автор бұл тұжырымын тіпті кедей қазақтардың өздерінің баспаналарын киізбен жабатындығымен дәлелдейді. «Ақыр соңында, – дейді Н.Харузин, – конус тәрізді күрке жеңіл тасымалданатыннан тұрақты баспана түріне айналды. Бұл оны тұрғындардың әлі де көшпелі өмір салтын ұстанғанына қарамастан тұрақты баспана категориясына жақындата түсті. Кейбір облыстарда ағаштың көп бо-

луы күркенің керегелерін салыстырмалы түрде жуандау ағаштардан жасауға мүмкіндік берді. Бұл бірақ оларды тасып жүруді қиындатты. Нәтижесінде материалдардың көптігі мен арзан болуы арқасында күркенің керегесін бұрынғы орнында қалдырып, көшу кезінде тек жабатын жапқыштарын ғана алып жүрді. Күркенің керегесін қалдыру көбінесе ормандардағы аңшылардың арасында мал бағудың аз таралуына байланысты болғанын, отбасында жүк көлігі қажетті үй заттарын алып жүретін көлемде ғана болып отырғанын айта отырып, оны алтайлықтар мысалы бойынша дәлелдейді. Сөйте келе, конус тәрізді күркенің тарихын сабақтай отырып, біз баспананың отырықшы түріне дейінгі дамуына келеміз», – деген тұжырым жасайды[8].

Баспаналардың түрлерінің сабақтастығын зерттей отырып, Н.Харузин, ең алдымен олардың алғашқы қауымдық конус тәрізді күркеден тарайтын түрлерін қарастырады. Олардың ішінде күркеге жақындауы далалық көшпелілердің алып жүретін киіз үйін ерекшелейді. Оның көптеген жерлерде бірден-бір баспана болғандығын атап көрсетеді. Конус тәрізді баспанадан киіз үйдің екі ерекшелігін көрсетеді. Біріншіден, ол екі бөліктен тұрады: төменгі вертикалды қабырғадан және жеке жоғары жағынан; екіншіден, төменгі қабырға жиналатын тор ретінде жасалған. Күркенің бұл түрі – дейді ол, – алып жүруге өте қолайлы, күркенің дамуындағы жоғарғы түрі. Мұнымен қатар ол, торлы киіз үйдің бұл сипатты белгілерінің оны конус сияқты күркеден ерекшелейтіні соншалықты, оны осы күйінде пайда болды деп есептеу мүмкін емес. Торлы киіз үй сөз жоқ қазіргі түріне жеткенге дейін ұзақ жолдан өту қажеттігі ешқандай күдік тудырмайды. Бірақ, – деп мойындайды ол, – бұл біртіндеп дамудың барысын байқау оңай емес, тек қолда бар материалдар негізінде бұл дамудың жалпы белгілерін қарастырып, кейбір жорамалдар айтуға болады.

Осыдан кейін барып қана киіз үйдің пайда болу жолдары туралы өз ойларын баяндайды. Біздіңше оның бұл бағыттағы ойлары шындыққа жанасады. Сол себепті оған кеңірек тоқталуды жөн көреміз. Ол киіз үйдің отаны, яғни пайда болған жері далалы аймақ деп есептейді және оған былайша қысқа сипаттама береді: оның керегесі жұқа таяқшалардан тұрады, ағаштан жасалған бөліктері ең төменгі мөлшерге дейін азайтылғандықтан алып жүруге өте ыңғайлы. Орман тұрғындарына ағаштың қажеттілігі болмады, қайда тоқтаса да олар баспана тұрғызу үшін дайын материалды таба алды. Оның үстіне

орман тұрғындары үлкен табын ұстамады. Ал дала көшпелілері жыл бойы малды қоректендіру үшін өте көп қашықтыққа жүруге мәжбүр болды. Тек ормансыз далалар мен ағаштың қажеттілігі көшпелілердің оны бағалауға үйретті. Отын ретінде кезектерді пайдаланды. Орманды алқаптардағы бұрынғы жуан кереге ағаштарды енді жұқалауларымен ауыстыру керек болды. Бұған үлкен ағаштар сирек кездесетін далалардың өсімдік әлемі, қамыс пен құрақтардың өзендер мен көлдер бойында ғана кездесуі, сондай-ақ көшпелілердің баспана тұрғызуға қажетті материалдарды жаңа жерден табу мүмкіндігіне сенбеуі әсер етті. Осылардың салдарынан баспана жиналмалы етіп жасалына бастады. Н.Харузиннің бұл тұжырымдары өз кезі үшін де, бүгінгі таңда да маңызын жоя қойған жоқ деп есептеуге болады.

Ал Радловтың мәліметтері негізінде алтай түріктеріндегі киіз үй тәрізді баспаналардың да төменгі керегесінің тік тұрғызылатынын, ал жоғары жағының көлденең ағаштармен бастары біріктіріліп, конус сияқты шатыр құрайтынын, есіктің орнына жақтау ағаш жасап, киізбен жауып қоятынын және жалпы ерекшеліктерін баяндайды. Бұдан киіз үйдің төменгі бөлігінен төбесін бөлудің басталғанын, яғни торкөзді киіз үйдің алғашқы белгілерінің пайда болғанын көруге болады деп есептейді.

Бұдан соң ол торкөзді керегенің пайда болу жолдарын айқындауға көшеді. Орманды жерлердегі пайдаланылатын қазықтарды, далалы аумақта жұқа ағаш таяқтармен алмастыру, тордың негізі болған шарбақтар жасау, қажет болды дей келе, оның мысалын Палластың қоңыраттық татарлардың киіз үйінің құрылысы туралы жазған мәліметтері бойынша дәлелдей түседі. Тіпті, Г.Н. Потаниннің мәліметтерін келтіре отырып та, ормансыз аумақтарда торкөзді киіз үйлердің дамығанын оның ағашты бөлігін көшпелілердің алыстағылардан сатып алатындығымен де анықтай түсуге тырысады.

Көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын кешетін моңғол және түркі халықтарында торкөзді киіз үйлердің кең таралғандығын тағы да ерекшелік отырып, олардың құрылысының негізінен ұқсас екендігін айтады. Тек сыртқы түрі бойынша және кең таралу дәрежесіне сай оларды екі түрге – қалмақтық және қазақтық деп бөлуге болады дейді. Бұдан соң олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын былайша сипаттайды. Қалмақтардың киіз үйінің қазақтардыкінен айырмашылығы жоғарғы бөлігінің конус тәрізді, ал екіншілерінікінің шор тәрізді

болуында дей келе, бұлардың ішінде қалмақтардыкі біршама ежелгі деп есептеу керек, өйткені ол торлға орнатылған абылайша тәрізді, ал қазақтардың иілген уықтан тұратын киіз үйін жасау үшін өнерлілік, шеберлік қажет еді деген тұжырым айтады. Ал енді бұл баспаналардың ұқсас жақтарын сипаттауда оларды қатар баяндауды дұрыс деп есептеген. Киіз үйдің негізін тор көзді кереге құрайды, оны қазақтар – кереге, ал қалмақтар – терме деп атайды. Керегені өзен бойында өсетін талдардан жасайды. Оларды жасайтын ерекше шебер – үйші деп аталады. Талды қабығынан аршып, қойдың қиына түтіндетіп ыстайды. Тор жасауға пайдаланылатын таяқшалар кішкене иіледі. Оларды ию үшін арнайы аспап – тез қолданылады. Тезді Н.Маковецкидің еңбегі негізінде Н.Харузин былайша сипаттайды: «жуан ағашты алып, бір басын жерге бекітеді де, екінші басын 45 градустық бұрыш жасап есек ағашқа орнатады. Тездің жоғары жағын кішкене кеседі де оған шебер, яғни үйші, талды қояды да оның екінші басынан ұстап өз салмағымен басып иеді, сөйтіп тал имектеу болып шығады. Таяқтар жұмыр күйінде қалады, бірақ қалмақтар көбінесе оларды төрт немесе көп қырлы етіп сүргілейді. Әдетте таяқтар қоңыр немесе сары, кейде қалмақтар көк немесе жасыл түске бояйды. Осы таяқтардан торкөзді кереге жасалады. Қазақтар әдетте таяқтардың қиылысатын жерлерін тесіп, ұштары түйілген қайыс өткізіп қояды. Қалмақтар жай әшейін қайыспен байлайды, бірақ оны қазақтардағыдай еркіндеу жинап, қайта керіп отыруға болатындай етіп, қатты тартпай бастау байлайды. Вамберидің айтуы бойынша, – дейді ол, – кереге сөзі кермек – керу (растягивать) дегеннен шыққан»[9]. Бұл пікірге біз де қосыламыз.

Н. Харузин сол кездердегі қазақ үйдің керегесінің құрылысы мен құрамы туралы мәселеге арнайы және біршама кеңірек тоқталған адамдардың бірі. Ол киіз үйдің негізінің шеңберлене қойылған бірнеше торлы бөліктен тұратынын, әрбір жеке бөлігінің 12 – 17 жұп таяқтан құралатынын және олардың қанат деп аталатынын, оларға уықтардың (моңғолша – унин делінетінін) жазған. Қазақтар мен қалмақтардың үйлерінің ерекшеліктерінің де осы уықтарға байланыстылығын, олардың ұзындықтарын айта келе, екі халықтағы жасалу айырмашылықтарын сипаттаған. Қалмақтарда шеңберге орналастырылатын жоғарғы ұшы сына тәрізді етіп ұшталған, ал төменгі басы жұмыр етіп жасалып, тесілген. Ол тесікке киізден ілмектеліп байланған бау тағылған. Бұл баудың көмегімен уық торлы керегеге

байланатын болған. Ал қазақтардағы уықтың жоғары жағы түзу, ал төменгі басы иілген, керегеге тіреліп, байланады.

Мұнымен қатар Н.Харузин қазақтардың ішіндегі қос деп аталатын шаңырақ пайдаланылмайтын, уықтардың керегеге ғана орнатылып, жоғарғы басының бір жерге жинастырылып байланатын кедейлеу киіз үйлердің де кездесетіндігін, бірақ оның жоғарыда сипатталған қостарға қарағанда дамыған түрі екендігін, көбінесе малшылардың баспанасы қызметін атқаратынын, ал ауылдарда сырттан келген қонақтар үшін, жиі қоныс аудару барысында жорықтық күрке ретінде пайдаланылатынын баяндайды.

Н.Харузин киіз үйдің есігінің жасалу ерекшелігі, құрамы, олардың алатын орны мен маңызы жөніндегі мәселелерге де көңіл аударған. Қазақтардың киіз үйінің есігі жақтау ағаштан тұратынын, оның екі жағындағы ағашы босаға немесе таяныш деп аталатынын, ал төменгі бөлігі табалдырық делінетіні, киізбен жабылатыны сипатталады. Бұл мәселелерді ол негізінен П.Маковецкийдің жазғандарына сүйене баяндайды. Бірақ Н.Харузин Табалдырық пен маңдайшаны бір етіп көрсетеді. Бұл оның қатесі деп есептелгені жөн. Өйткені шын мәнінде де, сондай-ақ П.Маковецкийдің еңбегінде де есіктің төменгі бөлігі, ал маңдайша жоғарғы бөлігі деп көрсетілген [9]. Н.Харузиннің оған жете мән бермегендігі байқалады. Бірақ ол киіз үйдің есігіне қатысты басқа мәселелерді негізінен дұрыс сипаттаған. П.Маковецкийге сілтеу жасай отырып, бұрын есіктің орнында ит кіріп кетпеу үшін – иткерме деп аталған жай ғана торкөзді шарбақша қойылған, ал қазіргі кезде, екі жақтаулы есіктер жиі кездеседі – дейді. Есіктің жақтау ағашында, яғни босағада, кереге байланатын тесіктер жасалады. Екі жақтан біріктіріліп жабылатын есік қалмақтардың, сондай-ақ моңғолдардың да кездесетінін, қалмақтардың мұндай есігінің қазақтардыкінен айырмашылығы қалмақтарда есіктің екі жағы да жақтау ағашына берік етіп бекітіледі, сол себепті де көшкен кезде есік жақтау ағашымен бірге тасылады. Қалмақтардың есігінің сыртынан киізбен жабатынын жаза отырып, оның екі жақтаулы ағаш есік пайда болғанға дейінгі кезеңнің сарқыншағы деп суреттейді. Есік әдетте оңтүстікке, немесе желге қарсы жаққа қаратылып орнатылады.

Қазақтардың киіз үйін жабуы жөніндегі барынша толығырақ мәліметтерді П.Маковецкийден кездестіруге болады дей келе, оның еңбегі бойынша деректер келтіреді. Автор үзіктің жасалу ерекшеліктеріне тоқталады да, оның туыр-

лықты қамти отырып, уыққа жабылатынын, аяқ жағының есіктің киізінің жоғарғы жағын ұстап тұратынын, аяқ жағына дөдеге деп аталатын, әрі сәндік үшін, әрі жіптерді бекіту үшін шаршылған кесте тігілетінін кең түрде сипаттайды. Ең соңында түндікпен – төртбұрышты киізбен шаңырақтың жабылатынын айтады. Киіз үйді жабуға арналған барлық киіздердің қылдан жасалған баумен көмкерілетінін, жиектелетінін, туырлықтың аяқ жақтарына ұзын баудың байланатынын, үзіктің әр жағына үштен алты баудың жалғанатынын, ал түндікке төрт баудың байланатынын, бұлардың барлығымен киіз үйге жабылған киіздердің сырғып кетпеуі үшін байланып отыратындығын кең түрде баяндайды. Қазақтың байлары ерекше сән беретін ақ киізбен үйлерін жабады дей келе, бұл жағдайдың Бөкей ордасында ХҮІІІ ғасырда – ақ кездескендігін жазады.

Қазақтың байларының ер жеткен балалары, қонақтар және т.б. үшін жеке киіз үй тігетінін де айтады. «Қазақтардың мақтанышы, – дейді ол, – қазіргі кезде де көптеген, соның ішінде әртүрлі киіз үйді иелену болып табылады». Ол Миллерге сілтеу жасай отырып, ХҮІІІ ғасырдағы белгілі және ауқатты қазақтардың әйелдеріне, балаларына, тамақ жасау үшін және азық-түлік қоры үшін ерекше киіз үйлер тіккенін көрсетеді. Қазіргі кезде түрікмендердікінен қоспағанда, қазақтардың киіз үйі ішкі құрылысы бойынша ең байларының бірі болып есептелетін болса, бұрынғы кездері, киіз үйдің сәні қару-жарак болған кезде, бұл тұрғынан алғанда олар бұданда бай көрінгендігін атап өтеді.

Бұдан соң автор, түрік және моңғол халықтарындағы дөңгелекті арба үстіндегі киіз үйлер тарихына қысқаша шолу жасайды. Ғұндардың, түріктердің, кейіннен моңғолдардың өте кең аумақты иеленгенін, сол себепті де көшпелі өмірдің мұндай баспаналарды қажет еткенін және олардың дамудың салыстырмалы түрдегі жоғары сатысын байқататындығын жазған [10].

Н. Харузиннің бұл еңбегіндегі келесі бір көңіл аударатын мәселе, киіз үйлі көшпелілердің қоныстануы туралы көзқарастары. Ол қазақтардың үлкен топ болып қоныстанатынын, тіпті сол өзі зерттеген кездің өзінде 50 – 80 киіз үйден тұратын ауылдарды кездестіргендігін, бірақта тұрақтанған қазақтарда, мысалы Бөкей ордасында, елді мекендердің шағын топтан құралған ауылдарға бөлініп кеткендігін көрсетеді.

Автор көшпелілер үйінің ауласы жөніндегі мәселеге арнайы көңіл аударған зерттеушілердің бірі. Қазақ үйдің көлемінің өте шағын екен-

дігін, оған көшпелінің барлық мүлкінің сыя бермейтіндігін, отбасының көбеюімен байланысты оның барлық мүшелерінің бір баспанаға сиысуына мүмкіндік жоқтығын, сондықтан да ХІІІ ғасырдағы мәліметтерден-ақ мүліктерді тасып жүру, әйелдер, балалар және т.б. үшін ерекше баспаналарды тұрғызғандығы жөнінде мағұлмат алатынын Рубрук жазбалары бойынша дәлелдейді. Ол өз еңбегінде жылжымалы аула (подвижной двор) атауын қолданады.

Зерттеуші еңбегінде малға арналған қора жасау жөнінде де өзіндік ойлар баяндалған. Көшпелі малшының қора жасауы үнемі көші-қонға бейімделген өз баспанасын жасауымен салыстырғанда артта қалған және мал үшін ұзақ уақыт қарапайым шарбақ қоршау қора қызметін атқарды деп есептейді. Оның ойынша көшпелінің қыстың өзінде, малына азық іздеп өз қонысын жиі ауыстырып отыруын қажет ететін өмір салты кезінде малды қысқы суықтан қорғайтын мықты қора жасау туралы сөз де болуы мүмкін емес. Ауланың дамуын көшпелінің жартылай отырықшылыққа көшуімен байланыстыра түсіндіреді. Бұл кезде қысқы баспана ретінде киіз үйді сақтай отырып, мал үшін кейде төбесі жабылған қоршаулар жасайды, дей келе Балқаш көлі мен Іле өзені бойындағы қазақтардың тұрмысы бойынша нақты дәлелдер келтіреді. Оның А.М.Никольскийдің жазғандарына сүйене отырып сипаттауынша мұндағы тұрғындар қысқа қарай белгілі бір орындарға қоныстанады, ал қар түскен кезде қамысы көп жерді қыстауға барады. Қамыс қоршаумен қар басып қалмауы үшін өздерінің киіз үйлерін қоршайды. Қамыстан сондай-ақ қойларына арнап қора жасайды. Ол қора шағын есік сияқты тесігі бар жабық күркеге ұқсайды. Түнге қарай кіруге арналған тесігін қамыс баумен жабады. Автор түрік және моңғол халықтарындағы мал қоралар жөніндегі зерттеулерін дәл осы мысалға негіздей отырып, бұл қарапайым қоршаулар дами келе Балқаш бойындағы қазақтардағыдай жабылған күрке түріне дейін жетті, – деген қорытынды жасайды [11].

Н.Харузиннің еңбегінде көшпелілер ауылының көлемі туралы мәселеге де назар аударады. Ол қазақтардың үлкен топ болып қоныстанатындығы, 50-80 киіз үйден тұратын ауылдардың кездесетіндігін атап көрсетеді. Бірақ Бөкей ордасындағыдай, көптен бері тұрақтанған, отырықшыланған қазақтардың ауылы бірнеше топқа бөлініп қоныстанады, – деп есептейді.

Жоғарыдағылардың барлығын айта келе жылжымалы баспананың тарихы туралы мәселе жөнінде төмендегіше қорытындылар жасайды.

Оның бірден атап көрсеткен тұжырымы мынау болды: «Как бы ни было резко отличие современной решетчатой юрты в ее развитом виде от первобытного конического шалаша, предшествующее изложение показало, что она появилась не сразу, что можно наметить промежуточные звенья, связующие ее с первобытным шалашом. Даже после появления складной решетки некоторые черты прежнего типа продолжают еще сохраняться: кошемные покрытия не сразу вытесняют обычай покрывать юрту берестой или камышем, и до настоящего времени у некоторых из описанных нами народностей сохраняется покрытие остова циновками, или употребление циновок в качестве нижнего покрытия остова, под кошмами» [12]. Сөйтіп автор, киіз үйдің ұзақ уақытқа созылған біртіндеп дамуды басынан өткізгені жөніндегі көзқарасын нақтылай түседі.

Автордың келесі бір тұжырымы киіз үйдің таралған аумағы туралы. Ол киіз үй көшпелілердің ішінде орманы аз аймақтарда өмір сүретіндерінің арасында басым болғанын көрсете келе, баспананың бұл түрінің далалы жерлерде дамығандығы жөнінде қорытынды жасайды. Киіз үйдің ерекшеліктері жөніндегі автордың мына тұжырымдарын нақты келтіре кеткенді жөн көрдік: «Решетчатая юрта является наиболее высшим типом, до которого развилось жилище кочевника, высшей формой развития шалаша. Несмотря на то, что она вся составная и легко раскладывается, она представляет, когда она составлена, настолько крепкое целое, что ее можно переносить не разбирая, с другой стороны установка разборной кибитки требует лишь очень незначительного времени» [13].

Харузиннің біз талдап отырған еңбегінің екінші тарауы түркі және моңғол халықтарындағы тұрақты баспаналар жөніндегі мәселеге арналған. Көшпелі халықтардың тұрақты қыстауларға қоныстанғаннан кейін де ұзақ уақыт қыста да, жазда да бұрынғы баспаналарын пайдаланып келгендігін, бірақ оның жылырақ, әрі мықтырақ түріне қажеттіліктің барысында біртіндеп жаңа түрін жасауға ұмтылыстың туғандығын айтады. Соның барысында жаңа баспана түріне көшудің екі жолмен жүргендігін, оның біріншісінің бұрынғы баспананы жылырақ ету, екіншісіне жаңа түрлерін ойлап табу жолдарының болғандығын атап өтеді. Оның ойынша қалай болғанда да бұл екі жолдың екеуінде де, ескі баспана үнемі жойылып отырмады, олар алғаш жазғы баспана ретінде, кейінірек шаруашылықтық қажеттілік үшін пайдаланылды. Баспананың ескі түрлерін сақтай отырып тұрақты түрін жасауды киіз

үйдің негізіндегі баспаналар салу арқылы сипаттауды дұрыс деп есептейді. Оның мысалын Ақмола облысы қазақтарының баспаналары арқылы дәлелдейді. Далалы аймақтардағы қазақтар, мұнда орман болмағандықтан құрылыс материалы ретінде топырақты пайдаланғандығын, айтады және оны Ақмола мен Атбасар ояздарының кедей қазақтарының сыртқы түрі киіз үйге ұқсас шошалаларының салыну жүйесі бойынша баяндайды. Мұндағы шошалалар шымнан дөңгеленте екі аршын етіп керегесін көтеріп барып, жоғары жағын конус тәрізділендіріп жауып, төбесінен түгін шығатындай теік қалдырыды. Ол тесікке шаңырақ қойып, үстін киізбен жабады. Шошаланың ортасынан шұңқырша қазып, ошақ жасайды. Оған шойын қазан орнатады. Кейде қазанды ұшаяққа да қояды. Есік қызметін қамыстан жасалған тоқыма немесе киіз атқарады. Ал орманды жерлерде дөңгелек кереге ортасы топырақпен немесе қимен толтырылған екі қатарлы шарбақ арқылы жасалады. Конус тәрізді жоғары жағы ағаштың үстіне қамыс, қабық, шым арқылы көмкеріліп, төбесіндегі түгін шығатын тесік киізбен жабылады. Н.Харузин бай қазақтарда шошала асхана қызметін атқарады деп көрсеткен. Кейіннен шошала ағаштан жасалады. Мұндайда дөңгелек түрін сақтау қиын болғандықтан әдетте сегіз қырлы етіп жасалады, - дейді, В.Шнэнің еңбегіне сілтеу жасай отырып.

Бұдан соң Бөкей ордасындағы шарбақты құрылыстарды – қамысты үйлерді сипаттаған. Олардың керегесінің бағанашалармен тұрғызылып, шарбақтардың арасына қамыс толтырылып, төртбұрышты етіп жасалатынын, төбесінің өте аласа, әрі жазық болып келетінін, жарықтың кішірек терезеден түсетінін жазған. Ол шарбақты құрылыстардың Ертіс бойындағы қазақтарда да кездесетінін, бірақ мұнда шаруашылықтық құрылыс ретінде пайдаланылатынын айта келе, олардың үй ұғымына толық сай келетіндігі, күраеден айырмасы тек жасалу материалдарында екендігі жөнінде тұжырым жасаған [14].

Ақмола облысы қазақтарында жерден қазып жасаған баспаналарды сипаттай келе, оларды қима және шарбақты баспаналарға өтудегі аралық саты деп бағалайды және бұл тұжырымын Ақмола облысының ғана емес, Ембі оязының, Бөкей ордасының да қазақтарының баспаналары бойынша дәлелдейді. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдай отырып, бірте-бірте жер бетіндегі үйге айналу процесін айқындауға ұмтылады. Жер үйлерді жерден көтеру арқылы салған баспаналары бірте-бірте жер үстіндегі үйлерге айналатынын,

сөйтіп ол қиып салған үйге өтудің болғандығын көрсетеді деп ойлайды. Оны дәлелдейтін көптеген мысалдар келтіреді. Ал Ақмола облысындағы орманды жерлерде тұратын қазақтардың бөренелерден салынатын баспаналарына біршама кеңірек тоқталады. Мұндай баспаналардың төбесінің жайпақ болып келетіндігін, тақтайшалардан жасалып, үстіне қамыс, топырақ төселетінін, ішкі жағы екі бөлмеге бөлінетінін, пеші болатынын жазған. Ал Н. Троицкий өзінің «Оралдың ар жағындағы далалар, Ішкі немесе Бөкей Ордасының очерктері» атты еңбегінде Ішкі немесе Бөкей Ордасына кең сипаттама бере отырып, оның I және II бөлімдерінде Ішкі немесе Бөкей Ордасының климаты мен географиялық жағдайы сонымен қатар, шаруашылығына тоқтала кетсе, III бөлімінде қазақтардың тұрғын үй – баспанасына ерекше мән беріп, суреттеп өткен.

Сол кездегі көшпелі қазақтардың өмір салтына ең қолайлы баспана – киіз үйдің құрылысы мен ішкі жабдықтарын толығымен баяндайды. Автор өз еңбегінде орыс саяхатшысы Небольсиннің батыс даласының сұлтандарының бірі Мұхаммед сұлтанның үйіне жасаған сипаттамасын мысалға келтіріп, сұлтандар киіз үйінің басқа қарапайым қазақтардың үйлерінен айырмашылығына тоқтала отырып, олардың өте ерекше көркемделіп, сәнделгендігін аса қызығушылықпен баяндайды.

Зерттеуші қазақтардың баспанамен байланысты тұрмыс – тіршілігі жөнінде бұдан ары былайша баяндайды: «Көктем келіп, қар еріп, көк шөп шыға бастаған кезде көшпелілер киіз үйлерін жығып, орнынан қозғалады. Ауыл – ауылымен көшпелілер жиналып, үйлерін түйелерге артып, керуенмен көшеді. Бір сағат жолдан кейін керуендер тоқталып, орнығады. Мұнда жаңа өмір, жаңа қызмет басталады. Ауыл еркектері суы, жері тұрғылықты өмірге, малға қолайлы деп шешкен жерге тоқталып, ірі қара, қойларға өз орнын тауып орналастырады. Осы сәтте ауыл әйелдері киіз үй тігуге кіріседі. Қайтадан күнделікті жұмыс шаруа қызумен жалғаса береді» [15].

Н.Троицкийдің еңбегіндегі тағы бір қызықты сипаттама Жәңгір ханның сарайы мен ол орналасқан ауыл туралы жазғандары еді. Алдымен көңіл аударатын бір мәселе тұрақ-сарай, немесе керуен-сарайдың үстірт болса да сипаттамасы. Оны автор: «Не деген шеберлік, бұл біздің қонақ үйлердің түріндегі далада әдетте бөлек тұрған ерекше үй», – деп көрсетеді. Өкінішке орай оның неден, қалай жасалғандығы баяндалмай-

ды. Біздің бір айта кетейік дегеніміз, қазақ даласында, әсіресе оңтүстік аудандардағы ежелгі Жібек жолы бойында, басқа да сауда жолдары торабында осындай керуен-сарайлардың болғандығы. Ондай керуен – сарайлардың құрылысы ғана емес, сауда-экономикалық, халықаралық және саяси қатынастардағы орны зерттелмей отыр. Олар арнайы зерттеуді қажет етеді деп есептейміз.

Қорытынды

Қорыта айтатын болсақ, кенестік кезеңге дейінгі әдебиеттерде негізінен қазақ баспанасы киіз үй ретінде сипатталады және оның қарапайым түрлерінің қалыптасу тарихы мен көрші халықтардың баспаналарымен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстырмалы түрде сипатталып жазылды. Десек те, әр халықтың өзіндік тұрмыс-салты, тарихи дәстүрі мен материалдық мәдениеті қалыптасты. Қазақ елінің де баспаналары негізінен қоршаған ортамен байланысты қалыптасып отырды. Мәселен ол

оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарда ауа райының қолайлылығына орай жеңіл баспана, киіз үй түрінде болып келсе, ал негізгі көшпелі аудандары болып келген орталық пен солтүстік, солтүстік-шығыс аудандарда ауа райының ұзақ уақыт суық болып отыруына орай тастан, ағаштан, батпақтан жасалған тұрғын үйлерде мекендеу, тек жаз маусымында киіз үйлерді пайдалану орын алғандығын көреміз. Десек те, қазақтың осы баспана түрлері ХІХ ғасырдағы орыс зерттеушілерінің назарынан сырт қалмағанын байқаймыз. Бұл кезеңдегі басты зерттеушілер отарлау саясатына орай орыс зерттеушілерінің болуы заңды еді. Олардың көпшілігі киіз үйдің жасалу әдісіне, ішкі безендірілуіне таңқалыс білдіріп отырды. Дегенмен отаршыл үстем ұлт өкілдері ретінде үстірт қарау, қарапайым дүние ретінде жазу да орын алғандығын естен шығармау керекпіз. Сол себепті де бүгінгі түркі халықтарының баспанасының қалыптасуы мен дамуының көптеген мәселелерінің тарихи негізде зерттелуі қажет екендігін осы мақала тағы да бір рет айқындай түсті деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

- Бикенов А. Қазақтың материалдық мәдениеті. Астана – 2010, 11-бет
 Маковецкий П. Юрта (Летнее жилище киргиз). // Этнографические заметки. 2-е изд. доп.- Астана, «Алтын кітап», 2007. – 264 б. 28-48 бб.
 Этнографические заметки. 2-е изд. доп.- Астана, «Алтын кітап», 2007. 34-б
 Шнэ В. Зимовки и другие постоянные сооружения кочевников Акмолинской области. // Этнографические заметки. 2-е изд. Доп. – Астана: «Алтын кітап», 2007. – 264 б.
 Харузин Н. История развития жилища тюркских и монгольских народов. 2-е изд. доп. Астана, «Алтын кітап», 2007, – 183 б.
 Харузин Н. История развития жилища тюркских и монгольских народов. 2-е изд. доп. Астана, «Алтын кітап», 2007, – 183 б.
 Харузин Н. История развития жилища... 9-б.
 Харузин Н. История развития жилища... 25-б.
 Харузин Н. История развития жилища... 36-б.
 Харузин Н. История развития жилища... 54-55-б.
 Харузин Н. История развития жилища... 56-б.
 Харузин Н. История развития жилища... 58-б.
 Харузин Н. История развития жилища... 87-б.
 Троицкий Н. Очерки зауральской степи и внутренней или Буковской орды // Этнографические заметки. 2-е издание, дополненное.- Астана, «Алтын кітап». 2007. – 149-239 бб.
 Троицкий Н. Очерки Зауральской степи... 178-179 бб.

References

- Bikenov A. Qazaqtıñ materıaldıq mädenıeti. [Kazakh material culture] Astana – 2010, page 11
 Makovetskiy P. Yurta (Letneye zhilishche kirgiz). [Kyrgyz summer home] // Ethnographic notes. 2nd ed. add.- Astana, “Golden Book”, 2007. – 264 p. pp. 28-48
 Ethnographic notes. 2nd ed. add.- Astana, «Golden Book», 2007. p. 34

Shne V. Zimovki i drugiye postoyannyye soruzheniya kochevnikov Akmolinskoy oblasti. [Wintering and other permanent structures of nomads of the Akmola region] // Ethnographic notes. 2nd ed. Ball – Astana: «Golden Book», 2007. – 264 p.

Kharuzin N. Istoriya razvitiya zhilishcha tyurkskikh i mongolskikh narodov. [History of the development of housing of the Turkic and Mongolian peoples.] 2nd research the ball Astana, “Altyn Kitab”, 2007, – 183 p.

Kharuzin N. Istoriya razvitiya zhilishcha tyurkskikh i mongolskikh narodov. [History of the development of housing of the Turkic and Mongolian peoples]. 2nd research the ball Astana, “Altyn Kitab”, 2007, – 183 p.

Kharuzin N. Istoriya razvitiya zhilishcha... [History of housing development...] p. 9.

Kharuzin N. Istoriya razvitiya zhilishcha... [History of housing development...] p. 25.

Kharuzin N. Istoriya razvitiya zhilishcha... [History of housing development...] p. 36.

Kharuzin N. Istoriya razvitiya zhilishcha... [History of housing development...] pp. 54-55.

Kharuzin N. Istoriya razvitiya zhilishcha... [History of housing development...] p. 56.

Kharuzin N. Istoriya razvitiya zhilishcha... [History of housing development...] p. 58.

Kharuzin N. Istoriya razvitiya zhilishcha... [History of housing development...] p. 87.

Troitskiy N. Ocherki zaural'skoy stepi i vnutrenney ili Bukeyevskoy ordy [Essays on the Trans-Ural steppe and the internal or Bukeyevskaya horde] // Ethnographic notes. 2nd edition, supplemented. – Astana, “Altyn Kitab”. 2007. – 149-239 pp.

Troitskiy N. Ocherki Zaural'skoy stepi... [Essays on the Trans-Ural steppe and the internal or Bukeyevskaya horde] 178-179 pp.

FTAXP/ IRSTI 03.81

<https://doi.org/10.62183/2024-1-1-41-52>**Ә. Ілиясбекұлы**

Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейі филиалының ғылыми қызметкері,
Қазақстан, Алматы, e-mail: karmakshy_museum@mail.ru

**МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ҚЫШ БҰЙЫМДАР
(КЕРАМИКА) ҚҰНДЫЛЫҒЫ**

Аңдатпа. Әр кезеңде қазақ жерінде мекендеген халықтың тарихи эволюциясы мен оның технологиясының дамуы кезінде керамика өндірісі («keramike» грек сөзі «keramos» деген сөзден шыққан) – қыш өнері деген мағынаны бередіөзінің шығармашылық, өндірістік, әлеуметтік-экономикалық қызметінің, өмір салт-дәстүрлерінің негізгі бағыттарының бірі болған.

Керамика өндірісінің қалыптасуы ешқашан оқшауланған емес, бүкіл тарихи кезеңде ол адам қызметінің басқа салаларымен тығыз байланысты болды. Оның техникалық және аймақтық сипаттамалары бүгінгі күнге дейін тарихи зерттеулер жүргізуде, атап айтқанда археологиялық, мәдени және этнологиялық зерттеулерде, қазақ халқының этногенезінің жекелеген мәселелерін шешуге маңызды атрибуттық белгілер болып қала береді.

Керамика сына жазуы дәуірінде исламды дамытудың маңызды құралы ретінде қызмет етті (эпиграфиялық ою-өрнек), ритуалдық цикл мен діни табыну атрибуты (ритуалдық тазалықтың, құрбандық шалудың, тұмардың), әртүрлі сәулеттік құрылымдардың құрылысында негізгі материал болды.

Негізгі шикізатқа және қосымша компонентерге байланысты сыртқы түрі мен әшекейлеу тәсілдерінде айырмашылықтары бар терракота, шамот, фаянс, фарфор, тас массасы алынады. Ағаш, шыны, металл және т.б. материалдарға қарағанда, керамика атмосфералық әсерге ұшырамайды, сондықтан ежелгі және ортағасырлық қышшылардың жұмыстары бүгінгі күнге дейін сақталған.

Түйін сөздер: Керамика. Қыш. Өндіріс. Археология. Музей. Қор. Жәдігер. Қыш-ыдыстар. Қыш бұйымдар.

Сілтеме үшін: Ілиясбекұлы Ә. Музей қорындағы қыш бұйымдар (керамика) құндылығы // Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 181. No 1. 41-52 бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-1-1-41-52>

Ризашылық: Мақала музей қорындағы ежелгі және ортағасырлық қалашықтар (Шірік Рабат, Бәбіш мола, Сортөбе) орындарынан, қазба жұмысы барысында табылған, керамикалық жәдігерлерді ғылыми тұрғыда, насихаттау мақсатында жазылды.

A. Ilyasbekuly

Researcher Karmakshinsky District Museum of History and Local Lore,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: karmakshy_museum@mail.ru

The value of ceramic items in the museum collections

Annotation. During the period of historical evolution of the population and the development of its technologies that inhabited the Kazakh land, the production of ceramics (the Greek word «keramike» comes from the word «keramos») – pottery art, which became one of the main directions of its creative, industrial, socio-economic activities, lifestyle.

The development of pottery production was never isolated; throughout the entire historical period it was closely connected with other spheres of human activity. Its technical and regional characteristics still remain important attributive features when conducting historical research, in particular archaeological, cultural and ethnological research, when solving certain problems of the ethnogenesis of the Kazakh people.

Ceramics served as an important tool for the development of Islam in the cuneiform era (epigraphic ornament), an attribute of the ritual cycle and religious cult (ritual purity, sacrifice, amulet), and the main material for the construction of various architectural structures.

Depending on the main raw materials and additional components, the result is terracotta, fireclay, earthenware, porcelain, stone mass, which differs in appearance and methods of decoration. Unlike materials such as wood, glass, metal, etc., ceramics are not susceptible to weathering, which is why the works of ancient and medieval Potters have survived to this day.

Key words: Ceramics. Ceramics. Production. Archeology. Museum. Fund. Relic. Ceramics. Ceramics.

For citation: Ilyasbekuly A. The value of ceramic items in the museum collections // Electronic scientific journal "Kazakh history". 2024. Vol. 181. No. 1. Pp. 41-52 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-1-1-41-52>

Кіріспе

Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген кезде алынатын негізгі материал – керамикалық фрагменттер. Керамика – бұл ерекше тарихи және мәдени ескерткіш, белгілі бір тарихи құбылыс. Керамика өндірісінің біртұтас құндылығымен қатар, оның өнімдері Орта Азия мәдениетінде маңызды рухани, қасиетті мәнге ие болды.

Керамика өндірісі неолит дәуірінде пайда болды және өндіргіш күштердің дамуындағы маңызды қадам болды. Энеолит дәуірінен бастап қыш ыдыстар сазды бояулармен әшекейлене бастады. Оның пайда болуынан бұрын ежелгі адам табиғи материалдарды қолданған, кейде оларды өңдеген. Ал қыш өндірісі адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың сапалық жаңа кезеңі. Қыш өндірісінде қолданылатын негізгі шикізат бұл – саз.

Басында қыш бұйымдар жапсырма әдісімен қолмен жасалынып, ашық пештерде немесе көдімгі пештерде күйдірілген. Қолмен жасалынған бұйымдар ассиметриялық сызықтарымен ерекшеленеді, бірақ қабырғасында сүйекпен немесе ағаш таяқшалармен және мөрмен күйдірілгенге дейін, қарапайым геометриялық өрнектерді көруге болады.

Қазіргі уақытта керамика ең талап етілетін шикізат түрлерінің бірі болып табылады және өнеркәсіпте, сәулет, құрылыс, медицинада, тұрмыстық заттар мен өнерде материал ретінде қолданылады.

Материалдар мен әдістер

Керамика өндірісі Ертеректе Сырдарияның төменгі ағысымен Арал теңізі аймақтарыда сондай-ақ Орта Азия жерлерімен шекаралас аумақтарда жақсы дамыған. Себебі осы жерлердігі қала орындарында жүргізілген қазба жұмыстарын кезінде табылған тұрмыстық бұйымдармен құрылыс заттарының көптеп кездесуі.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыттарда, Отандық ғылым тарихында көне кездердегі ескерткіштерді археологиялық зерттеуде табылған заттай деректер, дәрежелі жетістіктерге қол жеткізгендігін көрсетеді.

Н.К. Рерих өзінің «Керамика тарихи дереккөзі ретінде» деген еңбегінде негізінен қыш ыдыстардың ою өрнектеріне тоқталып өтеді. Ою өрнектің екі негізі – шұңқыр және оның қыры.

Осы екінің қосылуы негізінде әр түрлі фигуралар келіп шығады; өрнектің сипаты олардың сапасына өте тәуелді болып келеді. Керамика жасау өнері әр дәуірде өзгеріске ұшырап отырғанын атап өтеді.

Олардың нәтижесінде керамика өнімдері арқылы ескерткіштердің өмір сүрген уақытын, оның даму кезеңдерін, қандай мәдениетке жататынын және сол мәдениеттің ерекшеліктерін, шығу тегін, таралу аймағын, байланысын, олардың бір-біріне тигізген ықпалын анықтайды. Осындай тәжірибелердің негізінде, керамика – тарихи дерек болып табылады.

Осы тұрғыда М.Елеуов пен З.Исабековтің «Ыдыс – археологиялық дерек» (1997 ж.) атты кітабы елімізде, алыс, жақын шет елдерде шыққан еңбектерді қамтып, қыш ыдыстарды әдістемелік өңдеу мәселесіне арналған оқу құралының негізгі зерттеу әдістемелігі болды. (Утебаев Ж, Сүйіндікова, 2019: 108,109,110. Кесте 1).

Дереккөздерінің негізгі нысаны б.з.д. IV-II ғғ. және IX-XI ғасырларды, яғни ежелгі Бөбіш молла қалашығы мен ортағасырлық Сортөбе қалашығының өмір сүру уақытын қамтитын, музей қорында сақталып тұрған, екі тарихи кезең контекстіндегі материалдық ескерткіштер мен керамикалық қыш бұйымдар.

Деректердің бастапқы негізі XX-XXI ғасырдың басындағы қазақстандық және ресейлік ғалымдардың еңбектеріне, ресми құжаттарға, анықтамалық және библиографиялық басылымдарға, далалық зерттеу материалдарына, мерзімді басылымдарға және автордың байқауларына негізделген.

Талқылаулар

Музейлік құндылығы бар керамикалық жәдігерлер

Сонымен жоғарыдағы тәжірибелерге сүйене отырып, біздің зерттеулерімізде хронологиялық тұрғыдан Арал өңірі керамикасы XIII-XV және XV-XVIII ғасырларға бөлініп қаралады. Оларды жіктеудің басты бағытындағы морфологиялық ұқсастықтар, сапалық және сандық ерекшеліктері назарға алынды. Оның негізіне бұрын типологиялық топтап талдап тұжырымдалған С.Жолдасбаев, К.М.Байпаков, Л.Б.Ерзакович, М.Елеуов, Т.М.Тепловодская, Е.Смағұлов, М.Қожа т.б. тәжірибелері ескерліп, топқа, түр-түршелерге бөлінеді. Технологиялық жасалуына

қарай олар: қолдан жасау, шарықта жасалу, қалыппен бастыру, қалыпқа құю болып бөлінеді.

Сонымен бірге ыдыстың сыртын өңдеу: өрнектеу, сылау (ангобтау), сырлау ерекшеліктері анықталады. Олардың жеке-дара ерекшеліктері ыдыстардың шарқынан, тұрпатынан, жасалу техникасымен, өрнектелуінен, әсіресе көп табылатын ернеуінен, бүйірінің түрлерінен, түбінен және мойнының негізінен көрінеді. Осындай қосымша белгілері керамикаларды сараптап, талдаудың негізі болды.

Зерттелген деректер жасалуына және тұрмыстық пайдаланылуына байланысты төмендегі топтарға: 1) хұм хұмшалар; 2) құмыралар; 3) көзелер; 4) тағара (тағар); 5) сырлы, шыңылтыр қыш өнімдері (кесе, тостағандар т.б. ыдыстар, бұйымдар); 6) құрылыс заттары (сәулеткерлік керамика, қыш кірпіштер) болып 6 топқа бөлінеді.

XIII-XV ғасырлардағы керамика өнімдері. Бұл кезеңнің бірқатар ерекшеліктері – қыш ыдыстар көбінесе шарық шеңберінде жасалып, бұрынғы қолдан жасау тәсілі екінші орынға ығысады. Қалалар мәдениетіндегі саяси-экономикалық тежелулерге қарамастан, дәстүрлі өндірістік дағдылар өз шеберліктерін жоғалтпайды. Ыдыстың сыртын өңдеуде қызыл түсті ангобтау қыш бұйымдарға тән болып, қыш өнімдеріндегі сырлы өрнектерді көмкеруге, бірыңғай сырлы, шыңылтырлар (глазурь) қолданыла бастайды.

С.П.Толстов және Н.Н.Вактурская құмыраларға талдама бергенде Хорезмде XIII-XIV ғасырларда пайдаланғанын айта келіп, тар ауызды құмыралар сүр етіп күйдірілгенін, оның кесінді бейнесіндегі дөңгелек тұтқасы мен бүйіріндегі табиғи мәнердегі өрнегін атап көрсетеді (Утубаев Ж., Болелов С. ШРАЭ экспедициясы 2016. 56-63).

1. Ежелгі Бәбіш мола қалашығы (б.з.д IV-II ғ.ғ) керамикалары

Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы Сырдария өзенінен бөлініп шыққан Жаңадария арнасының ортаңғы оң және сол жағалауын толық қамтып жатырған Бәбіш мола оазисі, Шірік-рабат қала-қорымынан (б.з.д IV-II ғ.ғ.) солтүстік-солтүстік-шығысқа қарай 40 шақырым қашықтықта орналасқан. Бәбіш мола оазисіндегі ескерткіштерді 1946 жылы ХАЭЭ барлау тобы ашып, кейін 1958-1960 жылдары аралығында Бәбіш мола 1 қаласы мен Бәбіш мола 2 жерлеу ғимаратына қазба жұмыстарын жүргізді (отряд

басшысы – М.Г. Воробьева) (Толстов, 1948; Толстов, Воробьева, 1957; Вайнберг, Левина, 1993).

Кейін, 2006 жылы Ж. Құрманқұловтың жетекшілігімен Шірік Рабат археологиялық экспедициясы қайта барлау жүргізіп, оларға сипаттама беріліп координаттары алынды.

Ара қашықтары 400-800 м болатын Бәбіш мола оазисіндегі құрлыс орындарының белгілері сәл биік төбе немесе тақыр бетінде жоспарлары төртбұрышты болып келген құрлыс орындары түрінде, ал кей жерлерде керамикалық ыдыстардың сынықтары шашыранды түрінде көрініп сақталған. Кейбір елді-мекен орындарында қыш күйдіретін арнайы пештердің қалдықтары қалған.

Сондай ескерткіштің бірі Бәбіш мола қалашығының оңтүстік-шығысқа беткейінде 5 шақырым жерде, көне арнаның бойында орналасқан, Бәбіш мола 7 елді мекені. Бұл ескерткіштің аумағы 1,6 га – 450х350 м жерді алып жатыр. Ескерткішке 2015 жылдан бері қазба зерттеу жұмыстары жүйелі жүргізіліп келеді.

Елді мекеннің орнын жіті зерттеу барысында 9 пештің орны мен бірнеше тұрғын үйлер мен шеберханалардың орны анықталды. Бұлардың беткі қабаты үйіліп жатқан керамикалар мен қатар шикі кірпіштен тұрғызылған қабырғалармен ерекшеленеді. Барлау кезінде үйлер мен шеберханалардың бетінен көптеген керамикалар, тас-тан және кварцитан істелген құралдар, шыныдан, тас-тан істелген моншақтар және қоладан жасалған үш қырлы, үш қанатты жебе ұштары табылды.

Қазба жұмыстары кезінде қыш күйдіруге арналған 6 пеш орны мен үй-жайдың бірнеше бөлмелері ашылып, олардан асханалық және асүйлік қыш ыдыстардың бірнеше түрлері табылды. Қазба жұмыстарының нәтижесін қортындылай келе археолог мамандар Бәбіш мола 7 елді мекенін «көзешілер ауылы» болған деп тұжырымдар жасауда. (Утубаев, Болелов, 2016, 56-63).

Тарихи маңызды деректер болып табылатын, жергілікті Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейі қорындағы, Бәбіш мола 7 елді-мекенінен табылған керамикалық бұйымдардың жасалу әдісі мен технологиясына түсініктеме берер болсақ, жалпы қыш өндірісінің бір арнада тоғсатынын көреміз.

Құмдар. Шаруашылық мақсатта астық немесе сұйық заттарды тасымалдау, сақтау барысында пайдаланылған үлкен көлемді құмдар ша-

рық көмегімен дайындалып, сапалы күйдіріліп жасалған. Түсі қызыл, қанық қызыл түсті ангоб іздері жақсы сақталған. Қысқа мойынды ернеуі жалпақтанып, сыртқа қайрылған қимасында дөңгелек пішінді болып келеді. Сыртқы беті бүдырланып келген. Бүйірі кең, иығы түсіңкі құмның сыртқа қайрылған ернеуінің диаметрі 48 см. Түбінің диаметрі – 31 см. Қабырға қалыңдығы 1,5-2 см аралығында ауытқиды. Құмның биіктігі – 91 см. Кең бүйірінен аузына қарай тарыла түскен құмның ернеу жиегі қатты затпен тігінен бастыру көмегімен кертіктеліп безендірілген белдемшесі бар, ұқыпты әрі сапалы жасалған. Музей қорында осындай құмның 7 данасы сақталуда. Әр қайсының көлемі әр түрлі болып келеді.

Көзелер. Жапсырма әдісімен жасалған көзелердің бірнеше түрі табылды. Көзелердің ернеулері сыртқа сәл иілген. Түсі қызғыш. Ыдыстар түбінен мойнына қарай тарыла түскен. Ернеу диаметрлері 25-30 см, түбінің диаметрі 29-32 см. Қабырға қалыңдықтары 1-1,2 см аралығында ауытқиды. Көзенің бүйірінде және жоғарғы бөлігінде диаметрі 0,5-0,8 см болатындай жөндеуден қалған болмаса астық сақтау үшін ойылған тесіктер бар. Түбінен аузына қарай түзу кеңіген, сыртқа сәл иілген ернеуі түзу сызықтармен сызылған. Ыдыстың алқымы көлденең сызылып, бір-біріне қосылған сопақша дөңгелекшелермен безендірілген. Осындай музей қорындағы басқада көзелер туралы айтар болсақ. Ернеу диаметрі 23 см. Қабырғасының қалыңдығы 0,5-1 см аралығында ауытқиды. Келесі көзе пішіні ұқсас болғанмен, ернеуі қалыңданып сыртқа қайрылған. Ыдыстың мойын тұсы ұзынды-қысқалы вертикаль сызықтармен сызылған. Ыдыстың сыртқы бетінде күйе іздері жақсы сақталған. Осындай пішіндегі ыдыстар Баланды ескерткішінен кездескен (*Толстов, 1962, 171 б*).

Құмыралар. Шарық көмегімен дайындалып, сапалы күйдірілген құмыралардың бірнеше түрлері бар. Мысалы, мойыны қысқа, цилиндр пішіндес, қимасында дөңгелек, иіні түсіңкі, ернеуі сыртқа қайырылған, бүйірі кең, сопақ және түптері тегіс болып келген түрлері кездеседі. Сонымен қатар ілмек тәрізді тұтқалары бар құмыралар да бар. Ернеу диаметрлері 10-15 см, қабырға қалыңдықтары 0,8-1,5 см аралығында ауытқиды. Барлық құмыра түрлеріндегі саз

жақсы араласқан, тығыз әрі мықты түстері сұр, қызыл және қоңыр қызыл болып келген. Құмыралардың сыртқы беті ашық, қанық қоңыр және қанық қызыл түсті ангобпен көмкерілген. Бұл ыдыстарды б.з.д ІҮ-ІІғ.ғ мерзімделетін парфия, бактрия және Хорезм ескерткіштерінің ыдыстарымен салыстыруға болады (*М.Г.Мошкова, 1992, 57 б*).

Кеселер. Түбінен аузына қарай түзу кеңіген, сапалы жасалып, бірқалыпты күйдірілген қызғылт түсті кесе түрінің ернеу диаметрі 10 см, түбінің диаметрі 6 см, қабырға қалыңдығы 0,5-1,5 см аралығында ауытқиды. Қабырғасы тік шығып біткен кесе ернеуінің диаметрі 8 см, іші сырты қанық қызыл түсті ангобпен көмкерілген.

Тостағандар. Кесіліп, төңкерілген конус тәрізді, ұқыпты жасалған тостағандардың ернеу диаметрлері 11-12 см. Жарты шар пішінді, бүйірінің ортасынан бастап жоғары қарай тарылып, ернеуі тік біткен шұңғыл келген ыдыстың биіктігі 12 см, түбінің диаметрі 7 см. Қызғылт түсті қыш ыдыстар шарық көмегімен сапалы әрі бірқалыпты күйдіріліп жасалған. Асханалық ыдыс болғандықтан қабырғалары жұқа, ішкі және сыртқы бөліктері қанық қызыл түсті ангобпен көмкерілген. Бұл тостағандарға ұқсас ыдыстар Шірік рабат қалашығында көптеп кездескен. (*Вайнберг, Левина, 1993, 66-67 б*).

Құтылар. Шарық көмегімен жасалынған, сапалы әрі біркелкі күйдірілген құтылардың түсі қызғылт. Жұмыртқа пішінді, бір бүйірі жалпақ, мойны қысқа, ернеу жиегі сыртқа сәл иілген. Биіктігі 31 см, ернеу диаметрі 11,4 см, түбінің диаметрі 27 см, қабырғасының қалыңдығы 0,5-1 см аралығында ауытқиды. Бүйірінде вертикаль қатар орналасқан таңбасы бар. Құтының сыртқы беті қанық қоңыр түсті ангобпен көмкерілген (*Утебаев Ж, Сүйіндікова, 2019: 108,109,110. Кесте 1*).

Сонымен, музей қорында сақталып тұрған Бәбіш мола-7 елді мекеннен табылған күрделі құрлысы бар қыш күйдіретін пештер, қыш ыдыстардың түрлері мен шеберханалар Сырдария бойында алғашқы үлкен қыш өндіретін өндіріс орталығы болғандығын көрсетеді. Келешекте ескерткішті одан әрі зерттеу, ондағы қазба жұмыстарын жалғастыру Бәбіш-Мола елді мекені жөнінде құнды әрі маңызды деректер беретіні сөзсіз.

1-кесте

№	Тобы	Сортөбе қалашығы	Тобы	Бәбіш мола 7 елді-мекені
1	Сабтыаяқтар		Құмдар	
2	Ұршықтар		Көзелер	
3	Ошақ тұғырлары		Құмыралар	
4	Дастархандар		Кеселер	
5	Құмдар		Тостағандар	
6	Қаппақтар		Құтылар	

Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейі қорындағы Сортөбе және Бәбіш мола 7 елді-мекенінен табылған керамикалардың кейбір топтарының жиынтық кестесі. Суреттер қазба жұмыстарының есептерінен алынып құрастырылған.

2. Ортағасырлық Сортөбе қалашығы (IX-XI ғ.ғ.) керамикалары

Қармақшы ауданының орталығы Жосалы кентінен батысқа қарай 12 шақырым жерде орналасқан ортағасырлық Сортөбе қалашығын (IX-XI ғ.ғ.) ең алғаш рет 2006 жылы А.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының қызметкерлері зерттеген. 2007 жылы «Шірікрабат археологиялық экспедициясының» археологиялық барлау отряды Ж.Құрманқұловтың басшылығымен (отряд жетекшісі Ә.Ә.Тәжекеев) және «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы (директоры М.Елеуов) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің археологиялық

тобы ескерткішке барлау жұмыстарын жүргізді. Барлау жұмыстарында ескерткіштің жобасын сызып, суретке түсіріп, су шайып жатқан құлама жарқабағында тазарту жұмыстарын жүргізді.

Ескерткіш Сырдария өзенінің сол жақ жағасында суармалы егістік жармаларының арасында орналасқан. Қазіргі уақытта көне қалашықтың пішіні үшбұрышты болып келеді, көлемі 80-85-120 метр. Қала құрылысында кіреберісті екі жақтан қорғайтын бұрыштық мұнаралары бар. Құрылыс нысанының жасалу технологиясы күйдірілмеген төртбұрышты кірпіштен қаланған [сурет 1,2].



1,2-сурет – Ортағасырлық сортөбе қалашығы

Сортөбе қалашығы Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата қорымына ең жақын оғыз қалашығы болып табылады. Қалашықтың жоғарғы қабатының IX ғасырлармен мерзімделуі Сортөбе қалашығына қазба жұмыстарын жүргізген археолог ғалымдар (Тәжекеев.Ә), Қорқыт атаның өмір сүрген кезеңімен сәйкес келетін Сортөбе қалашығы этнографиялық деректерде кездесетін «Ордазы» қалашығы да болуы мүмкін деген тұжырымдар келтіреді (Тәжекеев, 2017-2020: 102).

Сондай-ақ Сортөбе қалашығынан табылған керамикалық материалдар бұрын Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы ортағасырлық Жанкент қалашығынан және Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы Жетіасар мәдени кешені орындарынан табылған материалдармен

ұқсас екенін көрсетті. Табылған керамикалық бұйымдар кешені ас сақтауға арналған ыдыстар (хумдар, астаулар) ас ішіуге арналған ыдыстар (дастархан, аяғы бар дөңгелек үстелдер, сапты аяқтар), ас әзірлеуге арналған ыдыстар (табалар, қазандар, банкалы ыдыстар мен қақпақтар), және де керамикадан жасалған бұйымдар (шырағандар, сфероконустар, ұршықтар, қойдың басы түріндегі тұғырлар, шығырлар) болып әртүрлі санаттарға бөлінеді.

Керамикалардың түсі әр түрлі – қызылдан қызыл қоңырға дейін, ашық сұрдан қара сұрға дейін, ақшыл сарыдан кірпіш қызыл болып келген.

Жалпы Сортөбенің керамикалық кешені өте бай, онда VII-VIII ғғ. мерзімделетін бүйірі иінді, қабырғасы бүйірінен ернеуіне қарай сыртқа иілген тостағандар (қызыл ангоб) Жетіасар III

кезеңімен мерзімделетін ескерткіштерден және Түркістан облысы, Отырар ауданындағы Отырар қаласынан табылған керамикалық заттармен де сәйкес келеді [Тәжекеев, 2017-2020; 101. сурет 3].

Сонымен қатар, Жанкент қазбаларынан табылып жүрген IX-X ғғ. мерзімделетін үстінде батырып салынған сызықты өрнектері бар қақпақтар, ернеудің сыртындағы жапсырмаға қатты затпен батырып өрнек салынған ыдыстар және әртүрлі мақсатта пайдаланылған «қошқар басты» тұғырлар көп кездесті (Тәжекеев, 2017-2020; 101,3,31; Сурет 4,5).

Сонау ертеректерден бастап керамика өндірісі әр түрлі мақсаттарда пайдаланылып отырған. Керамикалық заттар арқылы көне қалашықтардың өмір сүрген кездерінен, мәдениеті туралы дәйекті деректер алуға мүмкіндіктер тудырады. Қазба кезінде табылатын заттай деректердің негізі керамика бұйымдарынан тұрады. Сортөбе қалашықтарында табылған керамикалық ыдыстардың жасау жолы Жанкент қалашығында кездесетін керамикалық ыдыстарға қарағанда ертерек. Сонымен қатар керамикалық ыдыстардың сыртына жағу (сылау) әдістерінде өзгешеліктер кездеседі.



3-сурет – Сортөбе қалашығынан табылған тостаған



4,5-сурет – Сортөбе қалашығынан табылған ошақ тұғырлары

Керамикалық бұйымдардың сыртқы бетін талдау оны өңдеуге ерекше мән бергенін және бұл үшін бірнеше тәсіл болғанын көрсетеді. Бұл ыдыстың бетін қарапайым немесе арнайы сипалап тегістеу, ангобпен (қызыл бояу) жабу, жылтырату (кейбір фрагменттер металл жарқылға дейін жылтыратылған), саз қабатымен сылау және ою-өрнек салу тәсілдері. Ангоб негізінен қызыл-қоңыр, сирек қара түсте қолданылған.

Сортөбе қалашығында төрт жыл бойы жүргізілген қазба жұмыстарындағы керамикалардың жиынтық жинағы ою-өрнектердің алуан түрлілігін көрсетті. Сурет салудың ең көп кездесетін тәсілдері бұл шикі саз бойына өткір заттың ше-

тімен ою жапсыру, шикі сазбен майлау және әлі кеппеген бұйымның үстіне саусақты батырып ажырамалар салу, иықтарына қисық және тік сызба мен штамптап оюлау кеңірек кездеседі. Бұйымдардағы ою-өрнектердің декоры геометриялық. Бұл штамптау техникасымен жасалған үшбұрыш және кесу сызықтарымен құрылған тіктөртбұрыштар. Өсімдік ою-өрнегі кесілген сызықтан жасалынған қосарланған жапырақшалар түрінде кездесті. Ірі ыдыс-аяқтардың фрагменттерінде кездесетін, адамның сұлбасын немесе қойдың тартылған терісіне ұқсайтын фигуралық жапсырмалар да бар. Ою-өрнектің тағы бір түрі – ыдыстардың бетіндегі ангобтың ағыны [сурет 6,7,8].



6,7,8-сурет – Сортөбе қалашығынан табылған ою-өрнектердің алуан түрлілігін көрсететін керамикалық ыдыс-аяқтардың фрагменттері


Сортөбе қалашығы керамикасының технологиялық зерттеулері Жетіасар керамикалық өндірісі мен көшпенді элементтерді біріктіретін жақсы қалыптасқан дәстүрді көрсетеді. Сондай-ақ Хорезм және Соғдылық технология өндірісінің әсерлері де байқалады. Мысалы, кез-келген ыдыс сериясында қатаң параметрлер мен ұқсастықты бақылау қиын. Сортөбе керамикасы негізінен қолдан жасалған, шамот, органика және сирек құм қосылған түрінде кездеседі. Сонымен бірге гончарлық керамикаларда кездеседі, бірақ саны жағынан аз. Күйдіру әдістері фрагменттерде жақсы көрсетілген, бұл ошақта күйдірілгенін және арнайы пеште күйдірілгенін көрсетеді.

Осылайша, Сортөбе 1 және Сортөбе 2 қалашықтарының керамикалық кешені өте қызықты, біртекті және перспективті материал болып та-

былады. Бұл материалдың генезисі қала тұрмысында қалыптасқан саяси және экономикалық жағдайға байланысты болады. Хронологиялық шкалада Сортөбе қалашықтары ерте орта ғасырлық Жетіасар қалашықтары мен Жанкент қалашығы арасындағы, яғни VIII – IX-X ғасырларға жуық кезең болған.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Археология және этнология» ғылым орталығының керамика маманы Г.Амиргалинаның Сортөбе, Жанкент және Қызылорда облысы, Сырдария ауданындағы Шіркейлі Қос-Асар қалашықтарындағы керамика кешендерінің өзара ұқсастықтары бойынша және Сортөбе керамикасының жиынтықтарын бөліп қарастыруы, Жетіасар қалашықтары мен Жанкент қалашығындағы керамикалардың негізгі ұқсастықтарын байқатты [Тәжекеев, 2017-2020; Кесте2].


2 кесте – Сортөбе керамикасының кейбір салыстырмалы топтарының жиынтық кестесі

№	Тобы	Шіркейлі Қос-Асар	Сортөбе	Жанкент
1	Сабтыаяқтар			
2	Ұршықтар			
3	Ошақ тұғырлары			
4	Дастархандар			
5	Қақпақтар			

Кесте 2017-2020 жылдардағы Сортөбе қалашығындағы қазба жұмыстарының есептерінен алынып құрастырылған..

Тақырып аясында Сортөбе қалашығынан табылған керамикалық бұйымдарға тағыда толығырақ тоқсалсақ. Керамикалық бұйымдардағы декорлар, Жанкент қалашығының керамикасына қарағанда аз ерекшеленеді. Олардың жағу техникасында, сурет салу тақырыбында да айырмашылығы көп емес. Сурет салудың ең әдеттегі әдісі – бұл өңделмеген (шикі) саздың үстіне өткір зат жиектерімен оюлау, шикі сазды жағу және осы шикі саз үстіне саусақпен із қалдыру, және аздаған мөрлер басу әдістері кездеседі.

Өнімдердегі ең ерекше сәндік декор – бұл геометриялық. Бұл мөртабан техникасы әдісімен пайда болған үшбұрышты оюлар және ойылған сызықтар арқылы пайда болған тіктөртбұрыштар. Гүлді ою-өрнектер ойылған сызықтардан екі жапырақшалар түрінде, сондай-ақ тек дастарханға мөрленген түрінде кездеседі. Дастархан мен хумдардың кейбір фрагменттерінде Жанкенттің үлкен көлемді ыдыстарына тән саусақ іздері арқылы жасалған ою-өрнек түрлері сирек кездеседі [сурет 9,10].



9,10-сурет – Сортөбе қалашығынан табылған дастархан

Үлкен көлемді ыдыстардың фрагменттерінде адамның силуэтың, немесе тартылып жайылып тұрған қой терісі бейнесіне ұқсайтын бұйра жапсырмалар бар. Ою-өрнектеудің тағы бір түрі – бұл ыдыстардың бетіндегі ангобтың ағылып тұрған тамшылары. Олар бір тұтқасы бар үлкен амфора пішінді құмырада, сондай-ақ керамиканың кейбір фрагменттерінде кездеседі. Тағы бір қызықты болып табылатын нәрсе – бұл цилиндрлік кеселер түбінің сыртқы бетіндегі ойылған таңбалар.

Қойдық керіп қойған тері тәрізді пішіндегі пештердің көлемі жанкенттік пештерге қарағанда кішірек, олар қатты үгітіледі, сапасыз күйдірілген, ою-өрнек аймағы мен ою-өрнек салу әдістері шектеулі. Осылайша, Сортөбе керамикалық кешені күрделі және біркелкі емес болып келген.

Алайда ортағасырлық Жанкент қалашығының материалдары арасында көптеген ұқсастықтар кездеседі. Ол ұқсастықтар қолмен жасалған ыдыстар коллекциясында көрінеді. Ұқсастық екі қалашықтардың таба ыдыстарында байқалады, тек жанкенттік таба ыдыстарының түбіндегі дөңді шашыраудың іздері – сортөбелік таба ыдыстарында жоқ. Сортөбелік таба ыдыстарын қалыптау кезінде құю үшін құрғақ саз қолданылған. Аналогтарды екі қалашықтың дастархандарынан байқауға болады, өндіріс техникасы ұқсас, өңдеу әдістері мен ою-өрнектері ұқсас, алайда Сортөбе қалашығының дастархан фрагменттерінің көлемі кішілеу және өңдеу техникасы, ою-өрнектері қарапайым. Жанкент қалашығынан табылған керамикаларға қарағанда Сортөбе керамикасында ою-өрнектер аз кездеседі.

Қорытынды

Көпшілік әдістемешілер археологиялық қазба кезінде табылған ыдыстарды «археологиялық заттар», «археологиялық деректер» деп атап, тұрмыстық, шаруашылық және т.б. пайдалану мақсатындағы атау-топтарға бөліп, санақнамалық өңдеу және ыдыс кешендеріне санақнамалық талдаудың кейбір тәсілдерін пайдаланған. Олардың нәтижесінде керамика өнімдері арқылы ескерткіштердің өмір сүрген уақытын, оның даму кезеңдерін, қандай мәдениетке жататынын және сол мәдениеттің ерекшеліктерін, шығу тегін, таралу аймағын, байланысын, олардың бір-біріне тигізген ықпалын анықтайды. Осындай тәжірибелердің негізінде, керамика – тарихи дерек болып табылады.

Керамика өндірісінің қалыптасуы ешқашан оқшауланған емес, бүкіл тарихи кезеңде ол адам қызметінің басқа салаларымен тығыз байланысты болды. Оның техникалық және аймақтық сипаттамалары бүгінгі күнге дейін тарихи зерттеулер жүргізуде, атап айтқанда археологиялық, мәдени және этнологиялық зерттеулерде, қазақ халқының этногенезінің жекелеген мәселелерін шешуге маңызды атрибуттық белгілер болып қала береді.

Керамика деген түсінік саздан жасалған бұйымдардың барлық түрлерін қамтиды. Негізгі шикізатқа және қосымша компонентерге байланысты сыртқы түрі мен әшекейлеу тәсілдерінде айырмашылықтары бар терракота, шамот, фаянс, фарфор, тас массасы алынады. Ағаш, шыны, металл және т.б. материалдарға қарағанда, керамика атмосфералық әсерге ұшырамайды, сондық-

тан ежелгі және ортағасырлық қышшылардың жұмыстары бүгінгі күнге дейін сақталған.

Қыш өндірісі өнімдері тарихи дерек. Олар бойынша көне қалалардың өмірі жаңғыртылып, мәдени-экономикалық даму деңгейі салыстырмалы тұжырымдалады.

Музей қорында сақталып тұрған Бәбіш мола-7 елді мекеннен табылған күрделі құрылысы бар қыш кудіретін пештер, қыш ыдыстардың түрлері мен шеберханалар Сырдария бойында алғашқы үлкен қыш өндіретін өндіріс орталығы болғандығын көрсетеді. Келешекте ескерткішті одан әрі зерттеу, ондағы қазба жұмыстарын жалғастыру Бәбіш-Мола қалашығы жөнінде құнды әрі маңызды деректер беретіні сөзсіз.

Сортөбе қалашығының керамикалық материалдарын өндіру технологиясы мәселесі де күрделі. Бүгінгі күні қорытындыларды тек көзбен зерттеу негізінде жасауға болады. Мұны неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеу келесі зерттеулер барысында арнайы құралдар – микроскопты және қосымша зертханалық зерттеулерді қолдана отырып анықтауға болады.

Қазірде музей қорындағы көне қала орындарынан, қазба жұмысы барысында табылған, жағарыда айтылған құнды керамикалық жәдігерлер, ғылыми тұрғыда зерттеліп, музейге келушілерге, көне тарихымызды насихаттауға үлкен мүмкіндік беріп тұр. Әсіресе бұл жәдігерлердің хронологиялық шеңбері, жасалу технологиясымен, сақталуы музейге келушілердің назарын аударып, қызығушылығын арттыруда.

Ескерткіш тарих – куәсі болса, ал музей тарихи жәдігерлердің сақшысы мен жаршысы!

Әдебиеттер

- Утубаев Ж., Болелов С. ШРАЭ экспедициясы 2016. 56-63.
- Утебаев Ж., Сүйіндікова М. Бәбіш мола 7 елді-мекеніндегі қыш ыдыстар. «ХІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. 2019. 108,109,110 бет.
- Тәжекеев Ә. 2017-2020 жылдардығы Сортөбе 1, Сортөбе2 қалашығында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының есебі.
- Құрманқұлов Ж., Аржанцева И.А., Тәжекеев Ә.Ә. Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы оғыз қалалары: Жетіасар мәдениетімен байланысы // Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2011. – № 2 (32). – 85-92 бб.
- Илиясбекұлы Ә. Сырын бүккен Сортөбе. Қармақшы таңы газеті. № 80 2022. Жыл
- Суреттер Бәбіш мола, Сортөбе қалашықтарындағы қазба жұмыстарының есептерінен алынып құрастырылған.
- Амиргалина Г.Т. Керамический комплекс // Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011-2014 гг.) / сост.: И.А. Аржанцева, А.А. Тәжекеев. – Алматы, Издательство «Арыс», 2014. С.188-240.

References

- Utubaev J., Bolelov S. ШРАЕ экспедициясы (ShRAE Expedition) 2016. 56-63. [In Kaz]
- Utebaev J., Süiındıkova M. Bābış mola 7 eldi-mekenindegi qyş ydystar (Pottery from the village of Babish Mola 7) Proceedings of the international scientific-methodological conference «XI Orazbayev studies». 2019. pp. 108-110. [In Kaz]
- Täjekeev Ä. 2017-2020 jyldardyğy Sortöbe 1, Sörtöbe 2 qalaşyğynda жүргизілген археологиялық зерттеу жумыстарын есебі (Report of archaeological research conducted in the town of Sortobe 1, Sortobe 2 in 2017-2020.) [In Kaz]
- Täjekeev Ä. Syrdariyanıń tömengı ağısy boyndağy oğyz qalalary: Jettıasar мәдениетімен байланысы (Oguz cities along the lower reaches of Syrdarya: connection with Zhetiasar culture) // Khabarshi republican scientific and methodical journal of Kyzylorda State University named after Korkyt ata. No. 2 (32) 2011. [In Kaz]
- Ilyasbekuly Ä. Syryn бүккен Sortöbe Sortobe (Who folded the cheese) // Karmakchi tany newspaper. No. 80 2022. [In Kaz]
- The pictures were compiled from the reports of the excavations in the towns of Babish Mola and Sortobe.
- Amirgalina G.T. Keramicheskii kompleks // Kompleksnye issledovaniya gorodіщa Djankent (raboty 2011-2014 gg.) / sost.: İ.A. Arjantseva, A.A. Täjekeev. – Almaty, İzdatelstvo «Arys», 2014. S.188-240. [In Kaz]

АРХЕОЛОГИЯ



ARCHAEOLOGY

Ы.С. Құрманиязов¹, Қ.Ғ. Шақшақов², М.М. Құттыбай³

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Қызылорда, Қазақстан,
e-mail: yslam.kurmaniyazov@gmail.com

²Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті Көкшетау, Қазақстан,
e-mail: k.lilit.83@mail.ru

³«Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы, Қазақстан, СҚО,
e-mail: Kutybaev_92@mail.ru

БОТАЙ ҚОНЫСЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Аңдатпа. Бұл ғылыми мақалада Солтүстік Қазақстан облысы Ботай қонысындағы жүргізіліген археологиялық зерттеулерінің нәтижелері ұсынылған. Ботай мәдениеті мен қонысын ашып зерттеген В.Зайберттің ғылыми еңбектері шетелдік ғалымдардың еңбектері тарихнамалық шолу жасалды. Еуразия құрлығындағы энеолит дәуірінде жылқыны қолға үйретуде Ботай қонысы ерекше ескерткіш болып табылады. Ботай қонысында зерттеу жүргізген шетелдік ғалымдардың зерттеу нәтижелері ұсынылған. Қазіргі таңда Ботай қонысын зерттеу профессор Алан Оутрам бастаған халықаралық зерттеушілер әлемдік археологиядан қолданылатын жаңа технологиялар және жаңа әдістер тәжірбие жасалып көрді соның ішіндегі: археоботаника, геофизика, геохимиялық әдістерді айтуға болады. Осы жүргізілген зерттеулерді қысқа нәтижелері мақала қысқаша ашып түсіндіріліп отыр.

Түйін сөздер: Солтүстік Қазақстан, Ботай, тарих, тас дәуірі, археология

Сілтеме үшін: Құрманиязов Ы.С., Шақшақов Қ.Ғ., Құттыбай М.М. Ботай қонысындағы археологиялық зерттеулер // Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 181. No 1. 53-59 бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-1-1-53-59>

Y.S. Kurmaniyazov¹, K.G. Shakshakov², M.M. Kutybay³

¹Kyzylorda University named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan,
e-mail: yslam.kurmaniyazov@gmail.com

²Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov, Kokshetau, Kazakhstan,
e-mail: k.lilit.83@mail.ru

³State Historical and Cultural Museum-Reserve «Botai» Saumalkol, Kazakhstan,
e-mail: kutybaev_92@mail.ru

Archaeological research in Botai settlement

Abstract. This scientific article presents the results of archaeological research in Botai settlement of North Kazakhstan region. The scientific works of V. Zaibert, who discovered and studied the Botai culture and settlement, and the works of foreign scientists were reviewed. Botai settlement is a special monument of horse domestication in the Eneolithic era on the Eurasian continent. The research results of foreign scientists who conducted research in Botai settlement are presented. Currently, international researchers led by Professor Alan Outram, who are studying the Botai settlement, have experimented with new technologies and new methods used in world archeology, including: archaeobotany, geophysics, and geochemical methods. The short results of these researches are briefly explained in the article.

Keywords. North Kazakhstan, Botai, history, stone age, archeology

For citation: Kurmaniyazov Y.S., Shakshakov K.G., Kutybay M.M. Archaeological research in botai settlement // Electronic scientific journal "Kazakh history". 2024. Vol. 181. No. 1. Pp. 53-59 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-1-1-53-59>

Кіріспе

Ботай қонысын 1980 жылы көрнекті ғалым тарих ғылымдарының докторы, археология ғылымдарының профессоры, Герман археологиялық институтының корреспондент мүшесі В.Ф. Зайберт ашқан. Бірегей археологиялық кешен Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданындағы Есіл өзенінің құйылысында, Иман-Бұрлық өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан. Оның алып жатқан шамамен ауданы 20 гектардан астам, археологиялық және остеологиялық бай материал, жер бетінде ежелгі жартылай топырақты тұрғын үйлердің шұңқырларынан көптеген ойықтар жақсы тіркеліп, бұл нысанның бірегей археологиялық-тарихи құбылыс болып табылатынын дәлелдейді. Ескерткіш атауын ғалым Ботай атауын берген. Бұл атау қысқа, үнді, сыйымды дала есімі сол сәттен бастап Евразия құрлығы және Қазақстан тарихының бүкіл келешегіне Ботай мәдениетінің тарихи маңыздылығын анықтап берді (сурет 1-2).

Ботай қонысын белсенді зерттеуде халықаралық маңызы бар археология және мәдениет ескерткішін зерттеуге мүдделі отандық және шетел ғалымдарының рөлі зор. Олардың палеозоологиялық, палеогеографиялық материалдардың табиғи әдістерімен қолданбалы зерттеулері біздің ботайлықтардың материалдық және рухани мәдениеті саласындағы білімімізді айтарлықтай байытты (Зайберт: 2009).

Қазақстан және Ресей, Ұлыбритания, АҚШ, Германиядан келген әріптестерінің 40 жыл бойы жүргізген зерттеулері кейінгі тас дәуірінің аяғында Қазақстан аумағында, Жайық-Ертіс өзені аралығының шегінде Ботай мәдениетінің ежелгі иелері жылқыны жер бетінде алғаш рет қолға үйреткен және бие сүтінің ерекше дәмі – қымыздың дәмін алғаш рет дала халқы сезінді. Бұл дәлелдеген Ұлыбританияның Бристоль және Эксетер университеттеріндегі зертханалық аспаптық құралдармен де дәлелдеген. Көптеген тұрғын үйлер мен 200 мыңнан астам жәдігерлерді зерттеу ботайлықтардың шаруашылық қызметі туралы түсінік алуға, отбасылық қатынастардың қоғамдық ұйымдасуының негізгі формаларын, киелі, ғұрыптық, рухани өмірдің көптеген мәселелерін анықтауға мүмкіндік беріп отыр.

«Ботай» бірнеше жыл бойы жылқыларды қолға үйрету мен Орталық Азиядағы жайылымдық қоғамдардың пайда болуын түсінудегі басты ескерткіш болып саналады (Зайберт, 1985:3-17.) Көрнекті ғалым профессор Виктор

Зайберттің 1980-2021 жж. кешенді басшылығымен Ботайдағы зерттеулер бірнеше ғылыми еңбектер оның ішіндегі ғылыми монографиялар шығарылды (сурет 2).

2017 жылы археологиялық Ботай қонысы Қазақстанның киелі сакральдық нысандарының жалпыұлттық тізіміне енгізілді.

Материалдар мен әдістер

Виктор Зайберттің Ботай қонысына қатысты жарияланған ғылыми еңбектері монографиялары соның ішіндегі өзі басқарған Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы және Ботай халықаралық экспедициясының ғылыми есептеі қаралды.

Профессор Алан Оутрамның ұйымдастырумен Ботай қонысын зерттеуде: зооархеологтар Дэвид Энтони және Доркас Браун (Хартвик колледжі, АҚШ); Норберт Бенеке және Анжела фон ден Дриш (Германия), Марша Левин (Кембридж, Ұлыбритания) және Сандра Олсен (Карнеги табиғи тарих музейі, АҚШ). Бұл ғалымдар жылқыларды қолға үйрету туралы пікірталастың кең контекстінде Ботай зооархеологиясы тұрғысынан ғылыми тұжырымдар жасаған.

Алғаш қазақ даласында жылқы малының қолға үйретуге байланысты Алан Оутрам (Эксетер, Ұлыбритания) ұйымдастырған халықарылақ команда мүшелері Робин Бендри (Винчестер, Ұлыбритания) және Алексей Каспаров (РФА, Ресей), Хелана Райан (Эксетер, Ұлыбритания) және Леонид Чинделевич (Симон Фрейзер, Канада), Анжела Перри (Макс Планк, Лейпциг, Германия) және Ардерн Халме Беаман (Абердин, Ұлыбритания), Мария Кусулакоу (Кембридж, Ұлыбритания), Айви Оуэнс (Кембридж және Эксетер, Ұлыбритания) т.б ғалымдар археологиядағы жаңа әдістерді пайдалана отырып кешенді талдап зерттеп және жоғарғы рейтингті журналдарда нәтижелері жарияланған материалдары қаралды.

Талқылау

Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі ботай мәдениетінің ең үлкен ескерткіші «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол

ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады.

В.Зайберттің пікірінше «Жайық-Ертіс өзен аралығындағы аралығындағы энеолит дәуірі» деп аталатын докторлық еңбегінде Қазақстан даласындағы энеолиттік қоғамның экономикалық, әлеуметтік, дүниетанымдық және салттық дамуын қамтитын ботайлық мәдениеттің тұжырымдамасы көрсетілген болатын. Таңғажайып ботайлық энеолиттік нысандарды ғылыми тұрғыдан осылай жан-жақты зерттеу Қазақстанның және Еуразия құрлығының ежелгі тарихы туралы келесідей бірқатар ғылыми қорытынды жасаған:

1.Б. з. д. IV мыңжылдықта Солтүстік және Орталық Қазақстанның байтақ даласында бүкіл әлем бойынша алғаш рет жылқы қолға үйретіліп, адам Даланың ұлы сусыны – қымызды өмірге әкелді.

2. Эволюциялық даму барысында бірнеше миллиондаған жылдар өткен кезде адамзат жаяу жүруден салт аттылыққа ауысты. Дәл осы сәт, дала өркениетінің және әлемдік тарихи үдерістердің динамикалық өсуінің бастауына айналды. Әрине, бұл өзгерістердің мәні өте жоғары! Б. з. д. IV мыңжылдықтан – ботайлық мәдениеттің аясындағы Еуразиялық жылқы шаруашылығының қалыптасу мезгілінен бастап, өндірісі қарыштай дамыған XVII –XVIII ғасырларға дейін, жылқы эволюциялық өркениеттік үдері тек Ұлы далада ғана емес, маңызды рөл атқарды (Зайберт, 1993:15-20).

Ботай қонысындағы қазба жұмыстарының алғашқы қазба қорытындылары туралы Алматы, Мәскеу, Новосибирск қалаларындағы ғылыми академияларда оқылған баяндамалар еуразиялық археология мамандарын керемет таңғалдырды. 1983 жылы Ботайда Бүкілодақтық археологиялық семинар ұйымдастырылып, оған Мәскеу, Ленинград, Киев, Челябинск, Куйбышев (қазіргі Самара), Свердловск (қазіргі Екатеринбург), Новосибирск, Красноярск, Алматы, Қарағанды, Қостанай және Кеңес одағының басқа қалаларынан келген байырғы археология мамандары қатысты. Ботай қонысынан кейін соның зерттеу материалдары негізінде ботайлық мәдениеттің басқа да нысандары: Роцинск, Баландино, Сергеевка, Красный Яр, Васильковка қоныстары ашылды. Бұлардың барлығы археологиялық қазба жұмыстары арқылы көп жылдар бойы зерттелді [Зайберт, 1993].

Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының (СҚАЭ) ұжымы Ботай қонысына байланысты материалдарды зерттеу барысында

бірқатар жетістіктерге қол жеткізіп, көптеген ғылыми жұмыстар жариялады. Зерттеу қорытындылары бойынша кандидаттық диссертациялар қорғала бастады.

Ботай қонысындағы жаңа зерттеулер

Қазақстан егемендік алғаннан кейін, 90-шы жылдардың басында, қоныс- ескерткішті бірге зерттеу мақсатында алыс-жақын шетелдерден маман-ғалымдар шақырыла бастады. Ботай қоныс-мекеніне Англия, Америка, Германия ғалымдары келді. Осындай бірлесіп жұмыс істеудің нәтижесінде 1994 жылы В. Зайберт Ботай тақырыбы бойынша Ұлыбританияның бірқатар беделді университеттерінде (Кембридж, Оксфорд, Белфаст, Нью- Касл) дәрістер оқылып бірнеше әріптестік байланыстар орнатылды.

Ботай қонысында жұмыс жасаған ғалымдар арасында трассолог Г.Ф. Коробковамен бірлесіп Ботайдағы құрал-саймандар кешені жиынтығын қайта құрастырып, үй шаруашылығы кәсібінің негізгі түрлерін қалпына келтірді; О. Мартынюк пен В. Мосин қыш ыдыстар кешенін ғылыми тұрғыда өңдеп, қайта қалпына келтірді; Т. Даниленко мен американдық Сандра Олсен сүйектен жасалған заттарды, сүйек өнеркәсібін зерттеді; В. Заитов тас және кремний өнеркәсібінің технологиясы мен тұрпаттамасын талдады; А. Кисленко Ботай баспаналарының архитектурасын, қоныс-мекеннің орналасуын зерттеді; И. Вилкова голоцен дәуіріндегі қоныс- мекендердің генезисін талдады; отандық Археология институтының ғалымдары Т. Нұрымов, Л. Макарова, ағылшындық М. Ливине, Санкт-Петербург қаласынан Н. Ермолова, Свердлов қаласынан П. Косинцев, неміс ғалымдары Фриш, Бенеке аттың сүйегінде қолға үйретілгендігін дәлелдейтін морфологиялық белгілерінің бөлекшеленуіне қатысты остеологиялық жиынтықтарды зерттеді; американдық Дэвид Энтони аттың тістеріндегі ауыздықтың іздерін анықтаудың өзіндік әдісін тапты; Мәскеуден келген ғалым зерттеуші географ И. Иванов жер қыртысын Н. Белецкая Ботай заманының палеография мәселелерін қарастырды [Зайберт, 2018].

Ботай қонысы қорғау сақтау шаралары 2000 жылы Ботай қоныс-мекені «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық паркінің құрамына енгізілді. Сол уақыттан бастап қоныста кешенді күзет шаралары қолға алынды. 2001 жылы Көкшетау археологиялық экспедициясы қоныс-мекеннің қорғалатын аймағының шекараларын белгілеп, қоршаудың құрылысын бастап кетті. Қоршаудың тұрғызылуы қорғалатын аймаққа мал мен автокөліктердің кіруін шектеді [Зайберт, 2020].



1-сурет – Ботай қонысының орналасқан аймағы (Құрманиязов, 2022: 115-125)

2002 жылы қорғалатын аймақты қоршау жұмыстары аяқталып, шарбақты бойлай ені 5 метр болатын талдар қатары отырғызылды. Әрмен қарай жыл сайын қарағай көшеттері отырғызылды. Ботай қонысын зерттеудің келесі кезеңі 2004 – 2006 жылдары Көкшетау археологиялық экспедициясының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруымен тікелей байланысты болды. Ежелгі мәдени мұраны және туризмді дамытуды насихаттау мақсатымен Солтүстік Қазақстан мен «Көкшетау» мемлекеттік ұлттық паркі тарапынан Ботай қонысын көріктендіру туралы шешім қабылданып іске асырылды (сурет 4).

Ботай мәдениетін кешенді зерттеу аясында археологтармен, палеозоологтармен, палеоантропологтармен әріптестік қарым қатынас орнатылып, «Ботайлық адамның тұрмыс-салты» атты бағдарлама аясында Ұлыбританияның Экзетер, Бристоль, Кембридж университеттерімен бірлесе отырып жүзеге асырылды (Оутрам.,- Құрманиязов, 2023: 384-407; Gaunitz, Zaibert., Hanghoj., Outram, 2018: 111-114).

Нәтижесінде әлемдік деңгейдегі ғылыми журналдарда екіжақты бірлесіп жазған мақала жарық көріп, онда жылқының дүниежүзі бо-

йынша тұңғыш рет Солтүстік Қазақстанда қолға үйретілгені, ертедегі малшы-жылқышылардың б.з.д. IV мыңжылдықта дала тұрғындары жылқының сүті қымыды – бірегей қымыздың дәмін алғаш татқанын батыстың жетекші ғылыми орталықтарындағы зертханаларда дәлелденді (Зайберт, 1993: 10-20; Зайберт, 2011: 24–25).

Ботай мәдениетін ұстанғандар адамзат тарихындағы жылқыны алғаш қолға үйреткендігі айтылды. Б.з.д IV мыңжылдықта олар қазіргі қазақ халқының далалық өркениеті мен мәденигенезіне тікелей әсер етті. Сонымен бірге сол кездегі қоғамдағы көпсалалы экономиканың негізгі шаруашылық күші жылқы өсіру болды.

Еуразияның тарихында алғаш рет ботайлықтар жылдық күнтізбелік циклды әзірледі: олар ұзаққа созылған қыс кезеңінде үлкен стационарлық қоныстарда (Ботай, Красный Яр, Васильковка, Рошинское және т.б.) өмір сүрген және көктем басталысымен халықтың бір бөлігі жылқымен бірге Қазақстанның оңтүстік-батыс аймағына кетті, ал күзде стационарлық базалық қоныстарға оралып отырған. Осылайша Орал-Ертіс өзен аралығындағы үлкен далалық кеңістік пен тарихи-мәдени тұтастықты қалыптастырған ботайлық тұрғындар болған еді. Бо-

тай мәдениеті мың жылға жуық өмір сүрді. Осы уақыт аралығында бұл мәдениетті ұстанушылар Евразияның далалық алқабын ғана емес, одан ары территорияларға тарады. Бұл туралы халықаралық ботай кешенді археологиялық және генетикалық экспедициясының зерттеулерінде дәлелденген [Зайберт, 2017: 59-66].

Ботай қонысындағы соңғы зерттеулердің арқасында 6000 жылдан астам уақыт бұрын Қазақстанның ежелгі тұрғындарында болған әлеуметтік-экономикалық және дүниетанымдық контексттердің жоғары деңгейі туралы айтуға мүмкіндік беретін маңызды нәтижелер алынды. В. Ф. Зайберттің пікірінше, бұл адамдар-алғашқы жылқышылар, олар экожүйені тиімді пайдалану дағдысын меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар күрделі құрылыстарды салуға да бел буды. Оның дәлелі ретінде Ботайдың ежелгі архитектуралық мәдениетін негізге ала отырып, ғалымдармен бірлесе отырып жасалған ботайлықтардың тұрғын-үйлерінің эксперименталды макетін тілге тиек етуге болады. Мамандар тек сыртқы келбетін ғана емес, сонымен қатар тұрғын үй интерьерінің элементтерін де қалпына келтірді. Бұл тұрғын үй, сондай-ақ ботайлықтардың басқа да шаруашылық және діни ғимараттарының макеттері мемлекеттік бағдарламалардың басқа ғылыми нәтижелерімен бірге біздің еліміздің ежелгі тарихының аса маңызды беттерін баяндайтын ашық аспан астындағы тағы бір бірегей қазақстандық брендке айналатыны сөзсіз (Зайберт, 1985:3-17).

Осылайша, соңғы алты мың жыл ішінде Еуразиялық мәдениеттердің қарқынды жаңалығы дала өркениетінің аграрлық және әлеуметтік-мәдени салаларындағы тарихи серпіліс болды. Ат-көлік коммуникациясы дәуірінің басталуына бастау алған ботайлықтардың пассионарлығы Ұлы дала мен адамзаттың өзара қарым-қатынасы моделін мың жыл алдыға анықтап берді (Зайберт, 2003; 189-204).

Сондай-ақ осы ботай мәдениетінің дамуы мен трансформациясының нәтижесінде адамдардың табиғи процесстерді күнтізбелік тұрғыда қабылдау және жылқы шаруашылығының экономикалық тұрғыда қоршаған ортада күрт артуы себебінен далалықтардың психологиялық және мәдени менталитеттері қалыптасып, орныға түскен еді.

Ботай мәдениетінің ғаламшарлық маңыздылығы, ең алдымен, олар бүкіл әлемге жаяу жүруден кейінгі алғашқы ат-көлік байланысын сыйлады (сурет 5).

Ботайлар дала жылқы өсірушілерінің өмірін экономикалық және тұрмыстық өмірдің барлық салаларында көптеген жаңалықтармен, құрылғылармен, құралдармен және құралдармен байытты: құс сүйектерінен жасалған құбырлы тесіктер түріндегі айғырларды зарарсыздандыруға арналған скальпельдер, сүйек пен ағаштан жасалған жылқыларға арналған бекіткіштер, сүйек пен шаш биттері, белбеулерден жасалған ілгектер, күмбезді күмбездің көпбұрышты дөңгелек орналасуының үй құрылысы және шаруашылық архитектурасы мысалы, Ілмек-ұшында ілмегі бар ұзын таяқша-жылқы аулауға арналған табынушының құралы, боласы – ұсақ жануарларды, құстарды және артидактилдерді аулауға арналған лақтыратын тас шарлар және т. б., лақтыратын дротиктер, садақ жебелері, лақтыратын найзалар, доңғалақты тасымалдау, арқандарды бұрауға арналған беріліс тас дискілері, станокты бұрғылау маховиктері ретінде саңылауы бар тас дискілер, адам өміріндегі бас сүйегінің трепанациясы, консервілеу шұңқырлары және етті сақтау принципі, пеш немесе прото-тандыр-балшықпен қапталған.

Көп жылғы зерттеулер жиналған археологиялық материалдарды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 30 наурыздағы №150 қаулысымен құрылған. 2018 жылғы 13 тамызда мемлекеттік тіркеуден өтіп, «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы ғылыми қызметін бастады.

Музейдің негізгі нысаны Ботай қонысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 279 қаулысымен «Ботай қонысы» археологиялық ескерткіші мемлекеттік қорғауға алынған және 2017 жылы Қазақстанның киелі орындарының географиясы Табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері нысандарының тізіміне Ботай қонысы енгізілген болатын.

«Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы негізгі қызметі – тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және сақтау мақсатында ғылыми-зерттеу, мәдени-біліми және туристік қызметтерді ұйымдастыру, Қазақстанның тарихи және рухани ескерткіштерін зерттеп, сақтау болып табылады.

2021-2023 жылдары Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы тарапынан ҚР МСМ қаржыландыратын «Ботай қонысында археологиялық ғылыми- эксперименттік зерттеулер

және қамтамсыз ету жүйелерін ботай мәдениеті тайпаларының дүниетанымдық-киелі контекстерін модельдеу» жобасы іске асырылып, Бо-

тай қонысында кешенді қазба жұмыстары және ашық аспан астындағы музейдендіру жұмыстары қоса атқарылды.



2-сурет – Солтүстік Қазақстан облысы Ботай қонысы 2021 жыл.

Қорытынды

Еуразияның тарихында алғаш рет ботайлықтар жылдық күнтізбелік циклды әзірледі: олар ұзаққа созылған қыс кезеңінде үлкен стационарлық қоныстарда (Ботай, Красный Яр, Васильковка, Рошинское және т.б.) өмір сүрген және көктем басталысымен халықтың бір бөлігі жылқымен бірге Қазақстанның оңтүстік-батыс аймағына кетті, ал күзде стационарлық базалық қоныстарға оралып отырған. Осылайша Орал-Ертіс өзен аралығындағы үлкен далалық кеңістік пен тарихи-мәдени тұтастықты қалыптастырған ботайлық тұрғындар болған еді. Ботай мәдениеті мың жылға жуық өмір сүрді. Осы уақыт аралығында бұл мәдениетті ұстанушылар Евразияның далалық алқабын ғана емес, одан ары территорияларға тарады. Бұл туралы халықаралық бо-

тай кешенді археологиялық және генетикалық экспедициясының зерттеулерінде дәлелденген.

Ботай қонысын көп жылдан бері зерттеуші көрнекті ғалым Алан Оутрам қазақстандық-британдық зерттеушілердің ботайлық мәдениет туралы бірлескен жұмыстарын былай сипаттайды: «Ботай» көп уақыттан бері Орталық Азияда жылқылардың қолға үйретілуін және жайылымдарға қатысты қауымдардың пайда болуын түсіну жағдайында ең басты нысандардың бірі болып табылады.

2018-2024 жылы «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы жұмыстардың бағыттары мен көлемін ұлғайту қызметін үйлесімді жоспарлау және ұйымдастыру нәтижесінде музей қорына жаңа жәдігерлер және Ботай қонысы аумағында жаңадан «Ботай үйі» бой көтерді.

Әдебиеттер

- Зайберт В.Ф., Тюлебаев А.Ж., Задорожный А.В., Кулаков Ю.В. Тайны древней степи. (Исследования поселения Ботай в 2004-2006 гг.). Коллективная монография. – Кокшетау: Издательский центр Кокшетауского университета, 2007. – 163 с.
- Зайберт В.Ф. Ботайская культура. Алматы: «КазАқпарат», 2009. 566 с.
- Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. Петропавловск, 1993. – 246 с.
- Зайберт В.Ф. Ботай у истоков степной цивилизации. Книга-альбом. Алматы: Балауса, 2011. 480 с.
- Зайберт В.Ф. Историко-культурное значение открытия и изучения ботайской культуры на современном этапе // Мәдениет. Культура. Culture. 2017. № 1–2. С. 59-66.
- Зайберт В.Ф. Поселение Ботай и задачи исследования энеолита Северного Казахстана // Энеолит и бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. Межвузовский сборник. – Челябинск, 1985. С.3-17.
- Зайберт В.Ф. «Ботайская культура» Степная цивилизация восточной Евразии (Древние эпохи) Астана. 2003. С.189-214.
- Gaunitz Ch., Zaiibert V.F., Hanghoj K., Alan K. Outram Ancient genomes reveal the ancestry of modern domestic horses and the feral origins of Przewalski's horses // Science. 2018. p.111-114.
- Зайберт В.Ф., Кисленко А.М., Иванов И.В. О реконструкции ботайских жилищ // Использование методов естественных и точных наук при изучении древней истории Западной Сибири. – Барнаул, 1983, С. 141-143.
- Зайберт В.Ф. Сакральные контексты Ботайской культуры / – Астана: 2018. Казахский научно-исследовательский институт культуры монография.-380 с.
- Зайберт В.Ф. «Ботай».- Алматы: «Балауса баспасы» 2020. 480 бет, қазақ, орыс ағылшын тілінде.
- Оутрам А., Құрманғазов Ү.С. Роль Ботайской культуры и специализированного скотоводства в двух этапном процессе одомашнивания лошади // Отан тарихы журналы -2023. №2 (26) С.384-407.
- Дәрменов Р.Т., Тәжекеев Ә.Ә., Құрманғазов Ү.С., Сұлтанжанов Ж.Қ., 2021 жылы Ботай қонысында жүргізілген ғылыми қайта қалпына келтіру жұмыстарының нәтижелері // Қазақстан Археологиясы журналы №3. (17) 2022. 115-125 бб.

References

- Zaybert V.F., Tyulebayev A.ZH., Zadorozhnyy A.V., Kulakov YU.V. Tayny drevney stepi. (Issledovaniya poseleniya Botay v 2004-2006 gg.).[Secrets of the ancient steppe. (Research of the Botai settlement in 2004-2006).] Kollektivnaya monografiya. – Kokshetau: Izdatel'skiy tsentr Kokshetauskogo universiteta, 2007. – 163 s. [In Russian].
- Zaybert V.F. Botayskaya kul'tura.[Botai culture] Almaty: «KazAqparat», 2009. 566 s.
- Zaybert V. F. Eneolit Uralo-Irtyshskogo mezhdurech'ya [Eneolithic of the Ural-Irtysh interfluve.]. Petropavlovsk, 1993. – 246 s. [In Russian].
- Zaybert V.F. Botay u istokovstepnoytsivilizatsii. [Botai at the origins of the steppe civilization.] Kniga-al'bom. Almaty: Balausa, 2011. 480 s. [In Russian].
- Zaybert V.F. Istoriko-kul'turnoye znachenije otkrytiya i izucheniya botayskoy kul'tury na sovremennom etape [Historical and cultural significance of the discovery and study of Botai culture at the present stage] // Madeniyet. Kul'tura. Culture. 2017. № 1–2. S. 59-66. [In Russian].
- Zaybert V.F. Poseleniye Botay i zadachi issledovaniya eneolita Severnogo Kazakhstana [The Botai settlement and the objectives of the study of the Eneolithic of Northern Kazakhstan] // Eneolit i bronzovyy vek Uralo-Irtyshskogo mezhdurech'ya. Mezhvuzovskiy sbornik. –Chelyabinsk, 1985. S.3-17. [In Russian].
- Zaybert V.F. «Botayskaya kul'tura» Stepnaya tsivilizatsiya vostochnoy Yevrazii (Drevniye epokhi) [Botai culture” Steppe civilization of eastern Eurasia (Ancient eras)]. Astana. 2003. S.189-214. [In Russian].
- Gaunitz Ch., Zaiibert V.F., Hanghoj K., Alan K. Outram Ancient genomes reveal the ancestry of modern domestic horses and the feral origins of Przewalski's horses // Science. 2018. p.111-114.
- Zaybert V.F., Kislenco A.M., Ivanov I.V. O rekonstruktsii botayskikh zhilishch [About the reconstruction of Botai dwellings] // Ispol'zovaniye metodov yestestvennykh i tochnykh nauk pri izuchenii drevney istorii Zapadnoy Sibiri. – Barnaul, 1983, S. 141-143. [In Russian].
- Zaybert V.F. Sakral'nyye konteksty Botayskoy kul'tury [Sacred contexts of Botai culture] / – Astana: 2018. Kazakhskiy nauchno-issledovatel'skiy institut kul'tury monografiya.-380 s. [In Russian].
- Zaybert V.F. «Botay».- Almaty: «Balausa baspasy» 2020. 480 bet, kaazakh, orys aғылshyn тілінде. [In Kazakh,Russian, english].
- Outram A.,Kurmaniyazov Y.S. Rol' Botayskoy kul'tury i spetsialirovannogo skotovodstva v dvukh etapnom protsesse odomashnivaniya loshchadi [Botai culture and specialized cattle breeding in a two-stage process of horse domestication]// Otan tarikhy zhurnaly -2023. №2 (26) S.384-407. [In Russian].
- Darmenov R.T.,Tajekееv A.A., Kurmaniyazov Y.S., Sultanjanov J.K., 2021 jılı Botay qonısında жүргizilgen ғilimі qayta qalpına keltirw jumıstarınıń natıjeleri [The results of the scientific restoration work carried out in the Botai settlement in 2021] // Qazaqstan Arxeologiyası jwrnaly №3. (17) 2022. 115-125 bb. [In Kazakh].

ЭТНОЛОГИЯ, АНТРОПОЛОГИЯ



ETHNOLOGY, ANTHROPOLOGY

Wurigemule¹, Pengsike Wuerhong²

¹Lecturer, School of Ethnology and Anthropology, Inner Mongolia Normal University, Huhhot, China e-mail: mongel@126.com

²Postgraduate, School of Education, Inner Mongolia Normal University, Huhhot, China e-mail: mongel@126.com

**RESEARCH ON THE CULTURAL DIVERSITY OF ILI VALLEY
IN CHINA FROM THE PERSPECTIVE OF ETHNIC INTERACTION
COMMUNICATION AND INTERPARTICIPATION**

Abstract: Over the course of thousands of years of history, the 56 ethnic groups of China have gradually formed a new socialist ethnic relationship of equality, unity, cooperation and mutual assistance through frequent and close interactions and communications, resulting in interdependence and interparticipation. Thus condensing into a pluralistic and unified Chinese nation community. This article is based on the case study method of anthropological fieldwork, through in-depth research on the mutual embeddedness and shared culture in the ethnic interaction communication and interparticipation in Xinjiang and the Ili Valley where multi-ethnic groups live together. The author believes that: in the process of ethnic inter-embedding, spatial inter-embeddedness is the foundation, livelihood inter-embeddedness is the core, and cultural inter-embeddedness is the focus. Because of this, the various ethnic groups in Ili Valley have formed the result of interparticipation and symbiosis of diversity based on the mutually embedded physical space, common historical homeland, same economic production, and mutually influencing culture. This is the underlying reason for the cultural diversity of the Ili Valley.

Keywords: ethnic Interaction Communication and Interparticipation, Ili Valley, Cultural Diversity

For citation: Wurigemule, Pengsike Wuerhong Research on the Cultural Diversity of Ili Valley in China from the perspective of Ethnic Interaction Communication and Interparticipation // Electronic scientific journal "Kazakh history". 2024. Vol. 181. No. 1. Pp. 61-71 (In Eng.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-1-1-61-71>

Ұрығмұл¹, Понцуг Ұрхұн²

¹Ішкі Моңғолия педагогикалық университеті, этнология және антропология факультеті, лектор
Қытай, Хут-Хот қ., e-mail: mongel@126.com

²Ішкі Моңғолия педагогикалық университеті, этнология және антропология факультеті, магистр
Қытай, Хут-Хот қ., e-mail: mongel@126.com

**Қытайдың Ілі өзені алабындағы мәдени әралуандылығын
этникалық алмасу және интеграция тұрғысынан зерттеу**

Аңдатпа: Мыңдаған жылдар бойы Қытайдың 56 ұлты жиі және тығыз қарым-қатынастар мен алмасулар арқылы бір-біріне сүйеніп, бірігіп, бірте-бірте теңдік, бірлік, ынтымақтастық және өзара көмек көрсетудің жаңа социалистік этникалық қатынасын қалыптастырды. Осылайша, плюралистік және біртұтас Қытай ұлттық қауымдастығы қалыптасты. Бұл мақалада антропологиялық далалық зерттеу әдістеріне сүйене отырып, Шыңжаң мен Ілі өзені алабындағы көп ұлтты топтар бірге тұратын этникалық өзара әрекеттестік пен интеграцияның ендірілген және ортақ мәдени аспектілері терең зерттеледі. Автор этникалық араласу процесінде кеңістіктік араласу – іргетас, күнкөрістің араласуы – өзегі, мәдени араласуы – басты назарда деп есептейді. Осыған байланысты Қытайдың Ілі өзені алабындағы түрлі этностар өздерінің бірге өмір сүретін кеңістігі, тарихтағы ортақ Отаны, бір экономикалық өндірісі және бір-бірімен өзара әрекеттесетін мәдениеті арқылы бүгінгі интеграция мен плюралистік симбиоздың нәтижесін қалыптастырды. Ілі өзені алабындағы мәдени әртүрліліктің негізгі себебі де осында.

Түйін сөздер: этникалық алмасу және интеграция, Ілі өзені аңғары, мәдени әртүрлілік.

Сілтеме үшін: Wurigemule, Pengsike Wuerhong Research on the Cultural Diversity of Ili Valley in China from the perspective of Ethnic Interaction Communication and Interparticipation // Қазақ тарих электронды ғылыми журналы. 2024. Т. 181. No 1. 61-71 бб. (Ағылшын.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2024-1-1-61-71>

Introduction

Ethnic interaction communication interparticipation and cultural diversity of Xinjiang in China.

Ethnic interaction communication and interparticipation. “Intermixed and integrated living has shortened the spatial distance between people of all ethnic groups. In their lives, everyone is subtly influenced by the culture of other ethnic groups, understands each other, is influenced by what they have heard, and is eclectic, and gradually achieves cultural integration and symbiosis, that is, cultural interembedding.” (Ma Zhongcai:2021) In the long history of Xinjiang, ethnic groups have co-located with each other, tolerated, influenced and integrated with each other, showing a state of development of harmonious coexistence and pluralistic integration.

Unique regional characteristics. The Ili Valley is located in the northwest of China’s Xinjiang Uygur Autonomous Region and is administratively defined as the Ili Kazak Autonomous Prefecture. Xinjiang has a vast territory, unique topography, interspersed with mountains and basins, and the basins are surrounded by high mountains, commonly known as “three mountains sandwiched by two basins”. The three mountains refer to the Altai Mountains in the north, the Kunlun Mountains in the south, and

the Tianshan Mountains in the middle. Xinjiang is divided into two parts in the middle of the Tianshan Mountains, the Tarim Basin in the south and the Junggar Basin in the north, commonly known as the south of the Tianshan

Mountains for southern Xinjiang and the north of the Tianshan Mountains for northern Xinjiang. Due to the huge differences in topography and landform, Xinjiang also shows regional differences and characteristics in climate, altitude, natural resources and other aspects, there is “wear fur jacket in the morning, wear yarn in the afternoon, eat watermelon around the fire”.

Diverse regional culture. As an important hub of cultural communications between the East and the West along the ancient Silk Road, Xinjiang has not only been a place where many ethnic groups live since ancient times, but also a place where different civilizations, cultures and religions gather. In 1981, Ji Xianlin, a famous Chinese master of Orientalism and linguist, pointed out in his book *A Study of Xinjiang and Comparative Literature* that “there are only four cultural systems in the world with a long history, vast territory, self-contained system and far-reaching influence: China, India, Islam, Europe and America, there is nothing else, and there is only one place where these four systems converge, and that is Xinjiang in China (Ji Xianlin:1982).



Figure 1 –Topographic map of Xinjiang (quoted from the Internet)

The communication and interparticipation of farming civilization and nomadic civilization. The interaction between the agrarian people in the Central Plains and the nomadic people in the northern steppe was the main external factor affecting the evolution of the ethnic pattern in the Western regions, and eventually changed the local ethnic and cultural landscape. (Wang Xin:2023) It can be said that thousands of years ago, Xinjiang had exchanges and integration of agricultural civilization and nomadic civilization. During China's third archaeological survey in 2016, two complete horse skulls and bronzes dating from 3,900 to 3,600 years ago were unearthed at the southern site of Alao Mountain in Xinjiang, which is of great significance to the study of cultural exchanges between the East and the West, and the integration of farming civilization and nomadic civilization. Such cultural communication and interparticipation laid the prehistoric foundation for the later formation of the Silk Road. In addition, according to historical data, the Central Plains, which represented the farming culture, and the Western Regions, which represented the nomadic civilization, had communicated such as sending ambassadors, princesses and relatives, and two-way migration as early as the Western Han Dynasty of China, and they learned from each other in this process, speeding up the process of ethnic interparticipation.

Имам, ишан, сопы, сияқты діни тұлғалар да «асамен» бірге сипатталады [Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 1 том, 2006: 701]. Аңызға сүйенсек, Маңғыстаудағы Шопан Ата Қожа Ахмет Яссауидің шәкірті болған. Шәкірттеріне оқу мерзімі аяқталғанда қолындағы асасын лақтырып, іздеуге

шығындар, – дейді. Шәкірттер жан-жаққа таяқ іздеп кеткенде, тек Шопан Ата маған батаңызды беріңіз, таяқ алыс жерге кетті дейді. Асаны іздеп Шопан Ата атанған бала шәкірт Маңғыстау жеріне келіп, кейін жертасты мешітін иемденеді. Шопан Атаны пір тұтқан Бекет Атаның Маңғыстау Оғландыдағы жерасты мешіті жанындағы «Көз бұлақ» Бекет Атаның асасының қадалған жерден пайда болған.



а



б

4-сурет – Аса ұштамалары: а) қыш-ұштама, Актопраклы қаласы, Бурса, Туркия.; б) темір ұштама, Абат-Байтақ кесенесі, Ақтөбе облысы.



5-сурет – Молда Хаса Нәпес асатаяғы, оның ұрпағы Рахила Бекжанованың үйінде сақтаулы. Маңғыстау, Форт-Шефченко қаласы.

Түрікмен халқының діни тұлғасы молда Хаса Непес XIX ғасырдың бас кезінде Бұхара қаласына пірге қол беруге барғанда ұстазы қолына аса ұстатқан. Асаны ұрпағы Рахила Бекжанова сақтап отыр (Сурет 5).

Дәстүрлі қазақ қоғамында диуаналар (дуана) да асамен сипатталған (Сурет 6).



6-сурет – Аса ұстаған диуана: а) 1899 ж. Саумалкөл көлі. МАЭ № 1199-74; б) Қоянды жәрменкесі. 1899 ж. МАЭ № 1199-414. С.Дудин фотосы.

«...Ақ сәлдесі басында,
Сырлы аса қолында,
Бір диуана келді де,
Асамен түртіп оятты...» (Алпамыс).

«...Кеткенде ауылың алыс, беу қалқатай,
Қолында асасы жоқ дуанамын... (Қара өлен).

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «асаймұса» – көне атау екенін көрсетіп, ұшына үшкір темір орнатқан, тақтың сол жағына сүйеген, келтелеу келген таяқ», – деп сипаттаған [Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 1 том, 2006: 702].

Асатаяқтың музыкалық аспап ретіндегі түріне «аса» деп қысқарту қолданылмаған. Соқпалы, шулы аспап түріне жататын асатаяқтар жасалу әдісіне қарай «күмбезді», «үкібас», «сылдырмақты», «имекбас», «жалпақ басты», «ай басты», «жылан басты», «сопақша», «қалақша» түрлері болып бөлінеді (Сурет 7-9). Музыкалық асатаяқ бақсылардың жын шақыру, зікір салу кезінде қолданған ең маңызды, тәңіршілдікпен байланысты діни-ғұрыптық, магиялық аспабының бірі болған [Қазақтың этнографиялық категориялар, 1 т., 2017: 286]. Асатаяқ бақсылардың *«асай-мү-*

сейінің» негізгі құрамына кірген. *«Асай-мүсей»*, *«асай мұса»* – бақсылардың зікір салғанда, емдік сенанстар жүргізгенде қолданған құрал-жабдықтарының жиынтық атауы. «Асай-мүсей» жиынтығын сүйеніп жүретін, әрі емдікке қолданатын таяқ, айналы, қоңыраулы, сылдырмақты қобыз, сылдырмақты қоңыраулы музыкалық аспап түріндегі асатаяқ, қамшы құраған.

Басқы, емшілердің бірі зікір салғанда шулы дыбыс шығаратын қоңыраулы музыкалық асатаяқты қолданса, бірі оюлы, сәнді түрлі таяқ асаларды қолданған. Бақсы, емшілер асаны тобылғы, тораңғы, талдан жасаған.

Зерттеушілердің пайымдауынша бақсы заттарының «асай-мүсей», «асай-мұса» атануы «Мұса пайғамбардың асасы» ұғымымен де байланысты болуы мүмкін, «асаймұса» ағашымен де байланысты болуы мүмкін [Қазақтың этнографиялық категориялар, 1 т., 2017: 287]. *Асаймұса* (лат. *abelia*), қалқанды асаймұса (лат. *abelia corymbosa*) үшқат тұқымдасына жататын, 2-3 метр биіктікке өсетін қатты бұталы өсімдік. Асаймұса бұтағынан қамшының сабын, балдақ, таяқ түрлерін, шылым тартатын мүштік жасаған. Аса, асатаяқтың түрлерін асаймұса өсетін аймақты оның бұтағынан жасалған. Асаймұса бұтағының қатты берік болуы, оны таяқ ретінде ұстауға тиімді болған.

«Өздеріндей сұпыға,
Аса болған бұл ағаш»
(Қашаған жырау).

Қашаған жырау осы сөзінде асаның ағаштан жасалған түрін айтқан.

Бақсы, диуаналар ұстайтын асатаяқ түрлерінің типін С.М.Дудин түсірген фотодан көруге болады, олар: 1) аттың құйрығы тағылған; 2) жұмыр басты, шоқпар басты; 3) сылдырмақты, қоңыраулы. Осы үш аса түрімен бірге, қобыздың ысқышы берілген. Бұл фотонь бақсының «асай-мұсасы» деп қарауға болады. Асай-мұса құрамында қобыз кірген (<http://collection.kunstkamera.ru/entity/PERSON>; Сурет 9).

Бақсылар асатаяқты зікір салғанда, сарын айтқанда «пірін», «жынын» шақыруға, ем-дом жасағанда кеселді кууға, зиянкестермен күресуге көшекші құрал ретінде қолданған. Асатаяқтарға соққанда шулы дыбысы қатты естілу үшін темір салпыншақтар, қоңыраулар сақина, шығыршық арқылы орнатылады. Бақсылар асатаяғы асаймұса ағашынан бөлек, тораңғыл, тобылғы, емен, үйеңкі, қайың, долана секілді қатты ағаш діңінен жасалады.



7-сурет – Сылдырмақты асатаяқ ұстаған казак (ортада).
1879. Семей облысы. И.С.Поляков фотосы.



8-сурет – Музыкалық аспап түріндегі асатаяқтар.
Ықылас Дүкенұлы атындағы музыкалық аспаптар музейі.

Сыр өңірінің тораңғы өсетін аймақтарында желдің өтімен өздігінен сынып түскен немесе тұрмыстық қажет үшін кесілген тораңғы ағашының бұтағын өндеп, емші, бақсылар асатаяқтың ретінде қолданған. Тораңғы асамен емші, бақсылар дертке шалдыққан адамдардың дертін көшірген, арқа қаққан, тамыр нүктесін басқан (Сурет 10). Бақсылар жын, пір шақырғанда тораңғы асаны сермеп, зікір салуға қолданған. Жергілікті ахун, мақым, ишандар Аллаға мадақ айтып, зікір салғанда да тораңғы асаны қолданған деген дерек халық аузында әлі кездеседі. Бақсы, емшілер діни-ғұрыптық, магия-

лық мақсатта қолданған асатаяғының қайсысы болмасын қасиетті саналған ағаш діңінен жасалуы «ағаш культімен», ағаштардың тотемдік сипатымен байланысты. Бақсы асасының ағаштан жасалуы алып жүруге, әрі түрлі сылдырмақтар орнатуына қолайлы болды, сондай-ақ бақсы дерт көшіру нысанына ағашты да таңдаған, тотемдік ағаштардың дертті өзіне тартып алатын қасиетіне сенген [Толеубаев, 1991: 55]. Асаларға «асыл тастар бәрін көріп, бағып тұрады» деген сеніммен сабына немесе басына асыл тастар орнатуға деген сенім бүгінгі күні де жалғасын табуда.



9-сурет – Асатаяқ түрлері: а) қоңырау сылдырмақты асатаяқ. МАЭ. № 411-11. 19 ғ. соңы, Лепсі, Сарканд, де-Лазари фотосы.; б) бақсы, диуаналар ұстаған таяқтар, сол жақтан санағанда 1-3. МАЭ. 1199-287. 1899 ж.



а б




б г

Қойшының таяғын да «асатаяқ» деп атау кездескен [Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2 том, 2015: 6]. Шаруашылық мақсаттағы асатаяқ кез келген ағаш діңінен жасала береді.

Аса, асатаяқ – хан, сұлтандардың лауазымдық белгі ретінде ұстаған таяғы ретінде де белгілі. Хандар мен сұлтандардың билік дәрежесіне сәйкес лауазымдық белгілері ретінде тақ, ту, мөр, зерлі шапан, айыр қалпақ, қылыш, кісе белдік, кемер белдік т.б. атауға болады. Қазақ халқындағы «хан асасы» деген сөз тіркесі асатаяқ хандық биліктің бір атрибуты, символы ретінде де қолданылғанының дәлелі. Яғни, Қазақ хандарын ақ киізге отырғызып көтергенде, хандық дәреже белгісі ретінде белдеріне қылыш байлаған, сонымен бірге асатаяқты ұстатқан, – деп пайымдауға болады. «Арғын, Қыпшақ, игі жақсылары мәжіліс құрып, батыр Саян тағдырын өздеріңше шешіндер, – деді Әбілхайыр хан кенет асасымен жерді ұрып» [І.Есенберлин. Алмас қылыш, 1971]. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі ішіндегі музейлік экспозицияда Абылай ханның ағаштан жасалған

10-сурет – Магиялық, ғұрыптық асатаяқ. Иесі емші, шырақшы Әлиқожақызы Гүлбану. Қожан қожа әулие басындағы түнеуханада дерт қағуға қолданады, а) торанғы асатаяқ, ұшымен науқас тамыр нүктелерін басуға қолданады; б, в, г) берюза тастан көз салынған жылан басты тобылғы асатаяқ, науқастың дертін қағуға қолданады. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы.

асатаяғының қайта жаңғыртылған нұсқасы қойылған. Қазақ хандығы дәуірі, хан, сұлтандарға тиесілі лауазымдық асатаяқ түпнұсқасы сақталмаған, хан биліктен кеткенде «хантаалапайға» түскен мұралар қатарына жатады. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Түркістан қаласында тұрғызылған «Қазақ хандығы» монументінің орталық стелласын «хан асасының» символдық мәнін ашатын асатаяқ-стелла құраған (Авторы: мүсінші, ұста Естай Даубаев. Сурет 11а). «Асатаяқ стелла» авторлық зергерлік туындыдағы «Асатаяқ» авторлық мүсінше репликаның бірнеше есе үлкейтілген нұсқасы есебінде көтерілген (Сурет 11ә).



11-сурет – Асатаяк, авторлық реплика: а) Асатаяк стелла. Қазақ Хандығы монументі. Түркістан қаласы; ә) Асатаяк мүсінше, алтын, ақық; б) Асатаяқ-скипетр, алтын, күміс, ақық.
Авторы: зергер Е. Даубаев.

Қазақ халқы аса көлемін байырғы өлшем бірлектеріне қолданған. Будагов сөздігіндегі анықтамаға көңіл аударсақ, «аса» – дәстүрлі өлшем бірлігі есебімен 6 білек қосындысына сай келетін байырғы ұзындық өлшемі. Сондай-ақ, өлшем ретіндегі асаны «сырық» деп атап, жер өлшеушіні «сырықшы» деп атаған [Будагов 1869, 1 т: 762]. 6 білек қосындысын есептесек 1 сырық шамамен 3 метрдей болады. Қазақта «сырығым, ат ұстайтын құрығым», «Сырық сапты қамшы» деген сөз тіркестері бар. Сырық сапты қамшы сөзі бір жағынан қамшы сабының ұзындығының 1 білек өлшеміне, яғни шамамен 50 см-ге сәйкес келетінін аңғартады. Сақталып жеткен археологиялық және этнографиялық кезеңге саятын асатаяқтардың өлшеміне келер болсақ, тастаяқтар 1-2 білек, асалар 6 білекке жетеді. Өлшем құралының сырық атауы мен оның көлемінің асамен ортақтығын байқауға болады.

Қорытынды

Қолда бар деректер аса прототипі неолит дәуірінде қалыптасып, қола дәуірінде жетілдіріліп, әкімшілік, билік мақсатта қолдану XIX ғасырдың бас кезіне дейін, ал ғұрыптық мақ-

сатта кең қолдану XX ғасырдың басына дейін, ал ішінара дәстүрлі емшілік мақсатында қолдану қазіргі кезге дейін сақталып жеткен. Археологиялық асалардың жерлеу орындарынан табылуы оның адамзат өмірінде маңызды орын алғанын, ғұрыптың мәнінің түп-тамырын аша түседі. Билік лауазымы ретінде қолданған асалар қысқа, ал сүйеніп тұрғанда, жүргенде ұшы жерге тіреліп тұратын асатаяқтар ұзындығы кеудеге дейін келді, ұзын асатаяқтар ғұрыптық мақсатта қолдануға тиімді болды. Асаларды қасиетті ағаш бұтақтарынан жасау, асыл тастар орнату, басына тотемдік сипаттағы жан-жануардың бейнесін беру, сылдырлы, шулы дауыс беру үшін сылдырмақ, қоңыраулар орнату ғұрыптық мақсаттың жүзеге асуына қосымша күш беріп, оның магиялық қасиетін арттыра түсті. Асалардың практикалық қолданысы, иесінің қоғамдағы әлеуметтік статусын айғақтайтын символдық мәнге ие деп танылды. Фольклорлық деректер асатаяқтың пайғамбар, әулие, бақсылардың тылсым қасиеттерін жүзеге асыруға көмектесетін құдіреті бар қасиетті бұйым ретінде сипаттайды. Асатаяқтың діни-ғұрыптық, магиялық қолданысы исламға дейінгі тотемдік реликтермен де байланысты.

Әдебиеттер

- Бисембаев А., Дүйсенғали М. Ақтөбе өлкесінің жәдігерлері. Ақтөбе, 2013. 160 б.
- Будагов Л.З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, со включением употребительнейших слов арабских и персидских и с переводом на русский язык. Т. 2. [К-Н]. Сост. Лазарь Будагов. Санкт-Петербург: тип. Имп. АН, 1871. 415 с.
- Дергачев В.А. О скипетрах, о лошадях, о войне: этюды в защиту миграционной концепции М.Гимбутас. СПб.: «Нестор-История», 2007. 488 с.
- Гаджиев М.Г. О бронзовых булавах Дагестана эпохи бронзы. Советская Археология, №4, 1964, С.185-189.
- Галкин Л.Л. Булава из Нового Сарая. Советская Археология, №4, 1963, С.239.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Құрастырған Ғ.Қалиев, С.Бизаков, О.Нақысбеков және т.б. Өзгеріссіз 2-басылуы. 2 том. А-Б. Алматы: «Арыс» – «Қазақ тілі», 2015. 744 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Құрастырған Т.Жанұзақов, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. А-А. Алматы: «Арыс» – «Қазақ тілі», 2006. 1 том. 752 б.
- Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: Арыс баспасы. 2005. 824 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбаев. Энциклопедия. 5 томдық. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 856 б.
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің археологиялық коллекциясы. 1-том: «Қазақстанның ежелгі көшпелілері мәдениеті: археологиялық коллекция». Алматы: «Ди-Пи-Эс», 2009. 430 б.
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің археологиялық коллекциясы: сақтар мен үйсіндер мәдениеті. Алматы: Өнер, 2011. 320 б.
- Қазақстанның көне алтыны. Құрастырған К.Ақышев. Алматы: Өнер, 1983. 264 б.
- Самашев З. Ежелгі өнер. Том 1. Қазақ өнері. 5 томдық. Алматы: Елнұр. 2013. 240 б.
- Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткішінің толық атласы. 1 том. Алматы: Qazaq kitabı baspası, 2023. 556 б.
- Словарь античности. Перевод с немецкого. М.: Прогресс, 1989. 704 с., илл.
- Собиратели Кунсткамера. / <http://collection.kunstkamera.ru/entity/PERSON> (Қаралған күн: 05.02.2024.)
- Толубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – нач. XX вв.). Алма-Ата: Ғылым, 1991. 214 с.
- Худяков Ю. С., Акматов К. Т. Орнаментированная булава -

РЕЦЕНЗИЯ

REVIEW

<https://doi.org/10.62183/2024-1-1-83-88>**Хинаят Бабақұмар**(Дебрецен университеті, Мажарстан)
e-mail: babakumar@mail.ru**ИШТВАН ШАНТА ЖӘНЕ ДАВИД КАРА ШОМФАЙ****Азияның жүрегінен келген хаттар мен фотосуреттер.****Дьордь Алмашидің Орталық Азияға екінші зерттеу сапары (1906).
(Лакителек: Антология баспасы, 2021. 165 б.) атты еңбегіне рецензия****Sántha István és Somfai Kara Dávid. Levelek és fényképek Ázsia szívéből.****Almásy György második közép-ázsiai kutatóútja (1906).****Lakitelek: Antológiai Kiadó, 2021. 165 o.**

XIX ғасырдың ортасында орыс патшалығының бодандық қамытын киген әлемнің ең шалғайда да, құпиялы түкпірі Орта Азияға еуропалықтар, әсіресе индо-американдықтардың қызығушылығы ауғаны белгілі. Британдықтар Үндістан тарапынан ықпалын жүргізуді әрекет етсе, Ресей өңірді «Шығысқа ашылған қақпа» ретінде стратегиялық әскери игеру саясатын белсенді жүргізді. Орыс саяхатшылары, еуропалықтар да түрлі жолдармен жан-жақтан келіп, зерттеу, барлау жүргізіп жатты. Олардың арасында Н.Мосер, Просковец, Каудер, Футтерер, Шуберт вон Соуен, Албрехт, Ю.Скайлер, С.Грэхэм сияқты атақты жиһанкез ғалымдар болды. Осы іргелі миссия арасында мажар ғалымы **Алмаши Дьордь** еңбегі өз заманында үлкен серпіліс тудырған (Чолноки Иенё сөзі). Алайда, мажарстан шығыстануында оның еңбегі объективті және субъективті себептермен ескерусіз қалып келді.

Алмаши Дьордь (1867, Felsőlendva -1933, Graz) 1900 жылғы бірінші натуралистік және этнографиялық экспедициясының нәтижесі кеңінен танымал: «Vandorutom Ázsia szívebe» (Азия жүрегіне саяхатым) атты *737 беттен тұратын көлемді* еңбегінде Жетісу, Алатау өңірінің географиясы, геологиясы, гидрология жүйесі, метеорологиясының және жан-жануарлар дүниесі мен экономикалық-әлеуметтік жағдайы жағдайына зерделеуге арналған. Осы жолы жинаған 20 мың бірліктен тұратын зоологиялық (көбіне орнитологиялы) және этнографиялық коллекциясы мажар музей қорын толықтырған. Оның еңбегі іргелі, дәйекті ғылыми тұжырымдарымен дараланады.

Орта Азиядағы тарихи-географиялық аймақ **Жетісуды** (қырғызша – Жети Суу) Алмаши «Азия жүрегіне» балаған. Шанта мен Шомфайдың Алмашиға арналған еңбегінің атауы да «*Азия жүрегінен жазылған хаттар*» деп аталуынан мәні осында. Расында, бұл геотектоника, гидрогеология, су бассейні, өсімдік және жануарлар әлемі тұрғысынан өзгеше, алуан халық, әскери-әкімшілік, табиғи экологиялық зонаның тоғысқан, түмса табиғаты бар (әрі жергілікті халыққа мажарлық симпатия айқын сезілетін) аймаққа қатысты іргелі еңбек қалдырған Алмаши 6 жыл өткен соң қайта айналып соққан.

Бұл – халықтар миграциясының тракті, әрі «Ұлы Жібек жолының» солтүстік бағыты өтетін аумақ. Ол – Алтай, Алатау тау жүйесінің түйіскен тұсы «Жоңғар қақпасынан» басталып, Шу-Талас бассейні, бір шеті Памир, арыс Кунлун аймағымен шектесетін үлкен аумақ. Жаратылыстану тұрғысынан салыстырмалы түрде «жас», түрлі плиталардың түйіскен тұсы, жер сілкісінісіне бейім тектоникалық аймақ. Жергілікті тұрғындар Тянь-шань атауын білмейді: қазақтар оны Алатау, қырғыздар Ала-Тоо, ұйғырлар Алитаг деп атайды. Мағынасы қар басқан биік тау, оны Алмаши да мажар баламасында кең қолданады. Аталған байырғы халықтан басқа бұл аумақта азсанды өзгедер де өмір сүрген: жоңғар империясының ұрпақтары сарт-қалмақтар, мұсылман дініндегі, қытай тілді этникалық топ дүңген, Манж Цин басқарушы әкімшілігінде қызмет еткен сибо сияқты ұлт өкілдері тұрған. Бұл мәселеге Алмаши да ішінара ден қойған.

Іле өзені бассейнін, Ыстық көл шығысында, сол тұста мүлдем зерттелмеген Хан Тәңірі (осы

аумақта тұратын қырғыздар Теңір-Тоо, қазақтар Тәңір тау, жоңғарлар Тәңгэр уул атайды) аумағында жүргізген. Өте олжалы, сәтті болған. 1903 жылы көлемді есептік мақаласы (*Utazásom orosz Turkesztánba. Bp., 1903*) жариялады. Онда аталмыш өңірдің табиғи және, жергілікті тұрғындар мен келімсек халықтардың қарым-қатынасы, отарлаушы саясатының жүзеге асу барысы, жергілікті халықтың әдет-ғұрпы, этнографиясы туралы жан-жақты баяндалады. Әсіресе, қазақтар мен қырғыздардың орыстар арқылы еуропалық мәдениет пен экономикалық өзгерістерді қабылдау жайы кеңінен баяндалады.

Алмаши шығармашылығын кең ауқымда, кешенді түрде қайтадан қарастырудың, тереңдете зерттеуге ширек ғасыр (!) уақытын сарп еткен қос автордың қол жеткізген жетістіктері Лаките-лектегі АНТОЛОГИЯ баспасынан жарық көрген аталмыш еңбек Алмашидің екінші сапарының (1906) жай-жапсарын ғана емес, историография мен персоналика үшін өте маңызды сауалдарды зерделеуге арналған. Мәселені кең ауқымда қарастырған авторлар ортаазиятанудағы орны ойсырап тұрған вакуумды толтыруға арналғандығымен маңызды.

Авторлар еңбегінің дүниеге келу жағдайы.

Авторлар көпке қожетімді Алмашидің мұраларына – мажарстандық музей, орта азиялық архив қорындағы материалдарды, зерттеушінің замандастарының (әсіресе, Принц Дьюла) тақырыпқа қатысты мәліметтерімен қоса, өзгеше зерттеу жолдарын тандай отырып күрделі мәселені кешенді қарастыруға әрекет еткен. Алмаши мұрагерлерінің және информаторлардан мардымсыз болса да, қанағат етуге тура келетін мәліметтерді жүйелеп, критикалық сараптап өткізе отырып, беймәлім қырларын ашуға барынша талпынған. Кейбіріне текстологиялық және критикалық сараптама жасаған. Алмашидің орта Азияға сапары маршруты бойымен бірнеше мәрте жүріп шыққан. Сапарда баяндалатын жер-су, елді мекендерді түгел адақтап, оның Алмаши сапарларынан кейін 100, 110 жыл өткендегі бет-бейнесі (тіпті, пейзаждарды да) мен жай-күйін әлеуметтік антропология және сипаттамалық этнография һәм фольклорлық тұрғыдан компаративистика жасау, шендестіру жолымен баға беретіндігімен өзгеше. Алмаши кездескен жекеленген адамдардың ізін, ұрпақтарын да іздеп сұхбаттасады. Алыс Еуропадан келіп, жергілікті жұртшылықпен етене жақын араласқан Алмашидің ұрпақаралық байланыста алған орны, бүгінгі ұрпақ санасындағы реликтеріне ден қойған.

Мұндай зерттеулері Алмашидің туғанына 150 жыл толу қарсаңында мажар дипломатиясының қолдауымен қайта жанданған, күш алған. Жиһанкез жүрген өңірлерде Алмаши шығармашылығы, мұрасы қақында дәріс, фотокөрме, деректі фильм көрсетілімі бірнеше қалада өткізген, апробация сипатында еді. 1900 ж. сапарының белгісі ретінде Алматының қала тарихы мұражайы ғимаратының қабырғасына ескерткіш тақта орнатылды (2018. 05.18 күні). Мұндай есте қалдыру Алмаши сапар тұрағы болған Ыстықкөл жағасындағы Қарақол қаласында дайындалуда (оған мажар жеріне жеткен жеткіншек Түрған есімі қоса ескерілмек (?)).

Қыруар уақытын сарп еткен қос автор алға қойған ауыр «тапсырманы» абыроймен өз деңгейінде орындап шыққан. Нәтижесінде Алмаши шығармашылығын игеруді жаңа сапалық биікке көтерген: бірнеше деректі фильм (<https://www.youtube.com/watch?v=uSDJw-881AI>. *Vándorúton Ázsia szívébe Somfai – Fejes filme. 2018*), Орта Азияны зерттеген мажар ғалымдарының мұраларын игеруге қатысты ондаған мақала мен салиқалы еңбектерді жариялаған.

Авторлардың қазірге дейінгі бұл тақырыптағы еңбектерін қақында.

Екі автор мажарстандық шығыстанудың модерн кезеңінің белді өкілдері, өскелең қоғам сұранысына сай Ішкі және орта Азия халықтарын этнологиялық, фольклорлық және мәдени антропологиялық тұрғыдан зерттеу саласында іргелі істер тындырып жүрген мамандар. Полиглот Шомфайдың қазақ, қырғыз, башқұр, алтай, қалмақ, ұйғыр, құмық және т.б. халықтардың фольклорлық және спиритудлық санасы, дүниетанымдық картинасы, архаикалық сенім-нанымның реликтері туралы мақалалары мен зерттеулері әлемдік ғылымда орны бар зерттеулер ретінде кең аудиторияға танымал (). Шомфай Дәуіт моңғол және түркі халықтарының этнографиясы, әсіресе сенім-наным мен бақсылық және ауыз әдебиеті мен музыкалық фольклорлық дәстүрін, тіпті заттық мәдениетін зерттеуде іргелі еңбек тындырған маман ретінде кең танымал. Оның ортаазиялықтардың «Илиадасына» баланған қырғыз фольклоры жауһары «Манас» дастанынан 19 мың жолды түпнұсқадан мажаршаға аударып шығарған (оның әдеби өңдеуін жасаған мәдени-антрополог Чайи Коппаны Ласло). (*Manasz. Kirgiz hőseposz; nyersford. Somfai Kara Dávid, műfordítás Csáji László Koppány; Molnár kiadó, Bp., 2016 (Török-magyar könyvtár)*).

Тете автор Шанта Иштван социал-антрополог һәм шығыстанушы. шаманизм, мәдени бай-

ланыстар, коммуникациялық стратегиялары, киберантропологиясы, визуалды антропологиялық талдау, II соғыс, мажар регионалдык зерттеу сияқты мәселесімен айналысатын маман. Ол оңтүстік Сібір халықтарын (эвенк, бурят, тофа) және қырғыздарды әлеуметтік антропологиялық зерттеуімен кең танымал (Sántha István. *Evenki Microcosm. Evenki microcosm. Visual analysis of hunter-gatherers' lifestyles in eastern Siberia*. Studies in Social and Cultural Anthropology/SEC Publications. Kulturstiftung Sibirien. Fürstenberg, 2019; Az evenkik földjén. Kulturális kontaktusok a Bajkál-vidéken. Balassi Kiadó, 2011. 237 о (társszerző: Safonova, Tatiana)

Шанта Иштванның орыс, қырғыз тілінде жарық көрген библиографиялық каталогы Алмашиді игеру, насихаттаудың бастауы болды („Мой народ тоже отпрыск востока”. Венгерские путешественники на киргизской земле (конец 19-го и начало 20-го века) (Hungarian travellers in Kirgizia). Budapest, 2002).

Қос автор тандемінде мажар шығыстануы мен этнографиясындағы көрнекті тұлғалар Алмаши, Диосеги Вилмош, Баратоши Бела, антисовет-диссидент башқұрт оқымысты Таған Ғалымжан шығармашылығының беймәлім қырларын ашу, мұраларын модерн заманмен шендестіре социалантропологиялық тұрғыдан зерттеумен айналысатын мамандар персоналистика дисциплинасы бойынша беймәлім, құнды дүниелерді анықтаумен, нәтижелердің себеп-салдарлық байланысына қатысты зерттеулері лайықты бағалауға ие. Бұл санатқа атақты Вамберидің «татар» серігі мажар жерінде саналы ғұмырын өткізген Исаак Шағатай атты оқымыстыға қатысты тақырып қосылды.

Тақырыпқа қазірге дейін жарық көрген еңбектердің қысқаша сипаттамасы.

Алмаши көзі тірісінде (1933 ж дейін) Орта Азияға екінші сапары нәтижелерін жариялауға құлықты болмаған. II соғыс кезінде бомбалауға ұшырап, мүлдем ұмыт болуға айналған. Небәрі екі-ақ орнитологиялық зерттеулерін жариялады. Тек, орнитологтар мен географтар, әсіресе өзі экспедицияға шақырған Принц Дьюла еңбектерінде (*Dr Prinz Cyula. Utazásaim Belső-Ázsiában. 1911. Ketrész József könyvnyomdájá. 333 о.*), сондай-ақ биографиялық, деректанулық жинақтарда еске алатын. Алайда, Алмаши «құпиясы» көп маманды толғандыратын. Әсіресе, жүйелер дағдарысынан соң постсоветтік кеңістікте Алмаши мұрасына біршама қызығушылық танытты, энциклопедиялар мен библиографиялық анықтамалықтарда (қырғыз, қазақ жерінде) мәліметтер

жарияланды. (Өз басым, Алмашидің Алматы қаласына қатысты мәліметтерін, кең көлемдегі өмірбаянын ғылыми жинақта журналдарда едім (*мұрындық болған Алматыдағы мажар Елшісі, түрколог Др Торма Йожеф марқұм еді*).

Ұзақ уақыт бойы Дьердь Алмасидің саяхат күнделігі не мұражайлар қорынан, не мұрагерлерден табылмады. Оның коллекциясының үлкен бөлігі (мүмкін оның қолжазбалары да болуы мүмкін) жойылып, екінші дүниежүзілік соғыста Грацта мұрағат сақталған ғимарат бомбаға ұшырап, қалғаны да зерттеуді қиындатты. Материал 1945 жылы Орнитология институты өртенген кезде және 1956 жылы хайуанаттар бағы өртенген кезде одан әрі ауыр зардап шекті. (Vig K., 1999).

Almásy nem tette közzé második közép-ázsiai útja leírását, viszont a kutatókat foglalkoztatta személysége és munkássága, többek között a következő magyar szerzők írtak Almásy Györgyről:

Алмаши өзінің Орталық Азияға екінші сапарының нәтижелерін жарияламаса да, бірақ оның тұлғасы мен шығармашылығына мажар зерттеушілері ұдайы қызығушылық танытып келді: Prinz Gy. (1911), Cholnoky J. (1933), Szilády Z. (1925), Csörgey T. (1934, Nekrológ), Agárdi F. (1955), Csaba J. (1967), Székely A. (1973), Kubassek J. (1993, 1999) Sánta I. (1997), Vig K. (1999). Барлығы дерлік, кейбір мәселеде деректердің тапшылығына байланысты тек жалпылама, асүсті сөз етумен келді.

Алмаши мұрасына тереңдеп барған маман сөз болып отырған екі автордан басқа, Алмаши этнографиялық коллекциясын игеруде этнограф Вилгельм Габор қазақ әріптестерімен (Ш.Ж.Тохтабаева мен Р.У.Каримовалармен бірге іс жасағанын) елеулі іс тындырды.

Айтып өтетін бір жайт – Алмаши елеулі аумақты әулеттен шыққан шонжар екендігіне қарамастан, оның аристократтығын мажар Парламенті тарапынан ресми мақұлданбағандығы...

Басылымның құрылымы және қысқаша мазмұны.

Еңбек негізінен мынадай сипаттағы бөлімнен тұрады: Алмаши хат-күнделіктері; «Манас» жырының Алмаши жариялаған үзіндісін талдау және манас жырлау дәстүрі; Алмаши ізімен экспедиция сапарлары (65-93, 113-114 бб.); Алмаши мұрагері Гөмрей Зита мәліметі, естеліктері және Алмаши өмірбаянының беймәлім қырлары (99-111 б.); жанама кейіпкерлері (121-114 б.); сапар серіктері (125-126 б.); Алмаши ертіп келген қырғыз жеткіншегі Тұрған Бердікеұлы (127-129 б.); Алмаши отбасылық 2 фотоальбомы

(131-134 б.); визуалды деректерді талдау (137-159 б.);

Томның ең сүбелі тұсы Алмаши Дьөрдьтің 1906 жылғы экспедициясы барысында әйелі Питтони Иланаға күнделік түрінде неміс тілінде жазылған хаттың мажарша тәржімасы, авторлардың тұшымды, жан-жақты, әрі нақты комментарийлерімен қоса берілген. Кітап авторлары бұл сипаттамалық, аса маңызды түпнұсқа дереккөзді тақырыпқа қатысты басқа мәліметтермен шендестіре отырып, оны көрнекі антропологиялық материалдармен толықтырып, қазіргі антропологиялық әдістер призмасы арқылы сыни тұрғыдан талдап, нақты түсініктемелер берді. Авторлардың бай жазбалары өлкенің тарихи өткеніне көз жүгіртіп, берілген аумақта бағыт-бағдар беруге көмектеседі, сонымен бірге сол кездегі этнографиялық және әлеуметтік жағдайларды белгілеп, кей жерлерде оларды қазіргі жағдаймен параллельді салыстырып көрсетеді (11-53 б). Алмаши екінші сапарынан бүгінге жеткен табан тірерлік бірден-бір түпнұсқа құнды материал осы ғана. Авторлар Алмаши күнделік-хатындағы кейбір көмескі тұстарды, осы сапарды бірге бастап, кейін бөлініп қалған айтулы ғалым Принц Дьюла мәліметтермен айшықтап, деректерді факт-чекінг арқыл шынайылығына ден қойып отырады.

Алмашидің алғашқы хаты 1906 жылы 6 мамырда Бакуде жазылған. Хаттарға сүйене отырып, экспедицияның келесі бағыты сызылған: Баку – Ташкент – Әндіжан – Көк-арт (асуы, бүгінгі Алай-ку) – Нарын – Пржевальск (Қарақол) – **Нарынқол** – Қытай шекарасынан Текес аңғарына өту – Нарынқол – Ағжаз аңғары, Қоңыр-бұлақ – Қара-жон ауылы (Текес аңғары) – Пржевальск. 24-қазанда Алмаши сол жерден былай деп жазады: *«Мен соңғы күнделігімді осы жерден жіберіп жатырмын, енді жазбаймын»*.

Алмаши әйелінен ажырасқаннан кейін ұрпақтарының бірі (қызы Георгинадан туған), дәлірегі жалғыз жиені немересі Гөмрей Зита арқылы жеткен. Бороштаныкө сарайында атасымен бірге өмір сүрген ол (оның Немет Дьюладан дәріс алуы айтулы ғалым Көхалми Каталинмен достығы) Алмаши өмірінің «шырақшысына, жоқтаушысына» айналған. Гөмрей Зитаға Алмаши аруағы алдында сондай миссия бұйырған екен. Алмашидің екінші азия сапарынан кейінгі өмірі қаншалықты шырғалаңға толы болса, мұраларының тағдыры да соны қайталағанын байқаймыз.

Еңбектің авторлары Алмашидің 1903 жылы жарияланған еңбегіне негізделген жеке тарауда (115-118 б.) оның **тұраншылдыққа** қатысты

көзқарастарын талқылайды, онда олар *«Алмаши Дьөрдь өз еңбегі арқылы Вамбери Армин немесе Баратоши Балог Бенедек сияқты еңбектерімен мажар туранизмінің тарихының алтын парақтарын жазған далалық зерттеулердің білгірі санатындағы шығыстанушы-антропологтардың санатына заңды түрде жатады»* деп тұжырымдайды. Алмаши нәсілшіл емес еді, шын мәнінде оның шығыс адамдарына деген көзқарасын әлдеқайда гуманистік деп атауға болады. Бұл оның Ресейдің отаршыл-империалистік жүйесімен сәтті қарым-қатынас орнатуымен қатар, оның далалық зерттеулерінің табысты болуының басты кепілдерінің бірі болды. *Вамбери мен Баратоши сияқты ол да шығыстан зерттеуші серіктесімен бірге елге оралды»*. (116-бет). Алмашидің алғашқы экспедициясы туралы еңбегін, зерттеушілер мен оқырмандар, ең алдымен, жергілікті халықтың (қазақтар, қырғыз ұйғырлары) этнографиялық сипаттамасына қатысты тұсын айырықша бағалады.

Сөз етіп отырған еңбектің қос авторы Алмашидің жергілікті тарихты және ресейлік бюрократиялық жүйені суреттеу және бейнелеу сияқты еңбегіне назар аударады. (119-бет). Губернатор М.Ионов өзінің алғашқы сапары кезінде Жетісу губерниясының жергілікті билік органдарына жазған хаты, экспедицияның сәтті өтуінде шешуші рөл атқарды. Екінші сапары кезінде ол осы бір құнды қарым-қатынасты әрі жалғастырды. Осылайша Шыңжаң өлкесі аумағына кіруге Цин-Манж билігінен рұқсат қағазын алған. Осылай шекаралық өлке түрлі халықтардың өкілдері қоныстанған Текеске дейін жетті. Алмашидің назары негізінен шекара қызметінде жүрген, бұрынғы жоңғарлардың ұрпақтары саналатын қалмақтарға (ойраттар немесе өлеуттер), сондай-ақ мұсылман дінін қабылдаған қалмақтардан тұратын хотондарға аударылды. Сөз етіп отырған еңбекте қалмақтардың біршама фотосуреттері де енген.

Осылайша олар экспедицияның бастапқы мақсатына жақындады. Оның серігі Принцтің айтуынша, Алмашидің командасы келесі көктемде олардың сапары Кунлунға, мүмкін Батыс Тибетке апарады деп жоспарлаған (Принц, 1911: 8-9). Шындығында, **Алмашидің негізгі жоспары Солтүстік Тибетке саяхат** еді, бірақ ол 1 тамызда Ақжаз алқабында болған адам өліміне әкелген апаттан кейін бұл жоспардан бас тартты (Алмашидің қымбат жабдықтары бүлінген). Сол күнгі хатында ол былай деп жазады: *«...Мен Алай-Памир, Кунлун, Гималай маршруттарынан баяғыда бас тартқанмын, өйткені алдыңғы*

тәжірибе мен мұндағы бағаларға сүйенсек, бәрі тым қымбатқа түсін тұр. . (47-бет) Сонымен оның жоспарында өзгеріс болды, 22 тамызда ол әлі Қытайда болды, олар да ағылшындармен кездесті. оның аңшы серігі Арчер (оны Әли деп атады) рекордтық өлшемдегі (153 см) тістері бар тауешкіні атып алды. Экспедиция мүшелеріне жергілікті тұрғындар трофея сатып алуға ұсыныс жасады. Бірде Нарынқол қазақ ауданында Алмашиға атылған кәрі жолбарысты әкеліпті. Алмашидің немересі Зита олардың әулеттің иелігін жолбарыстың терісі безендірілгеніне куә болғанына тоқталады.

A kötet szerzőinek megállapítása szerint 1906. szeptemberében nincs se levél, se naplóbejegyzés, viszont felmerült, „egy rejtélyes ladakhi láma”, aki később állítólag járt Almásyéknaál Borostyánkővárában. „Ladakh Kasmir tibetiek által lakott része, ahol Körösi Csoma évekig tanulmányozta a tibeti nyelvet” (51.o)

Том авторларының тұжырымдары бойынша, 1906 жылдың қыркүйегінде ешқандай хаттар немесе күнделік жазбалары жоқ, бірақ кейінірек әулеттің иеліген (Borostyánkővárában) Алмаши отбасына барған «Ладахтан жұмбақ лама» пайда болды. «Ладак Кашмирінің тибеттіктер тұратын бөлігі, онда Көрөчи Чома жылдар бойы тибет тілін үйренді» (51-бет)

Еңбектегі талдау әдістерінің, дереккөздердің және пайдаланылатын деректердің сипаттамалары мен олардың қолданысының кәсібилік деңгейі

Ширек ғасырлық іздену арқасында авторлар Алмаши өмірбаянын (107-112 б.), ең бастысы оның екінші азиялық сапарының картинасын айқындап берді. Алмаши ерлігінің бірі, әрі осы сапар нәтижесінен туған мақала жариялаған: бар болғаны бір ғана, оның өзінде «Манас» дастанынан 72 бет үзінді жариялаған (Georg von Almásy: *Der Abschied des Helden Manas von seinem Sohne Semetej Keleti szemle XII. 1911. 3. szám, 216-223*) осы арқылы әйгілі мұраны игеруге бет бұрған бірінші еуропалық болып қалды. 22-тамыз күнгі хатында Алмаши былай деп жазады: «Біз алдымызға қыста үлкен де тамаша жұмыс жасауды мақсат етіп қойдық. Қырғыздың «Манас» эпосы үш нұсқада маған арнап, Пржевальскіде хатқа түсірілмек». (51-бет). Алмашидің өтініші бойынша Пржевальскдегі жергілікті ұлт (тузем) мектебінің меңгерушісі Куценко мұны жергілікті манасшы Чойуке Өмут-улудан (1863-1925) жазып алған екен.

Мәселенің себебіне үңілген зерттеушілер, Алмашидің хатында баяндалған бір қырғыз ер

азаматты (Dzsumabek – Жумабек) ертіп келу ниеті өзгеше сипатқа еніп, жергілікті орыс мектебінің бітіруші түлегі Тұрған Бердікеұлы есімді жеткіншекті ерте келгенін, Алмаши иелігінде тұрып, екі ұлына орыс тілін үйреткеніне ден қояды. «Манас» дастаны үзіндісін қырғызшадан тәржімалауға Тұрғанның араласқандығын дәлелдейді (55-60 б.). Кейінгі тағдыры беймәлім қырғыз жеткіншегі «Тұрған қайда кетті?» деген полемикалық сауал тастап, ізденеді. Екі автор осыны анықтауға тырысқан және осы аттас дайындаған деректі фильмді (<https://www.youtube.com/watch?v=NM4AITxeUg>. «Тұрған қайда кетті -Hová lett Turgan» (Sántha István és Somfai Kara Dávid filmje) 2021) атты деректі фильм Лакителек халық университеті жазғы курсына алғаш жұртшылыққа ұсынды. Фильмнің видеотізбесін Алмашидің екінші сапарында сапарлас серік болған, аңкөс Хуберт Архерге сыйлаған қос том альбомының материалы құрайды, және осы кітапта да бірнешеуі қамтылған. Алтбомның бірінде 88x55mm көлемдегі 464, екіншісінде 75x97 mm 232 дана фотокарточка бар (sic!) Мюнхендегі мұрагерлері құндылықтың шымбайлы иесі Алмашидың ұрпағы Зитаның қолына табыстаған мұраны авторлардың ықпалымен Мажар этнография музейіне тапсырған. Бұл зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы неде дегенге бір жауап бола алады. Расында, экспедиция мүшелері көп суретке түсті. Айталық, сапардан 2,5 ай өткен соң Ыстықкөл аймағынан Пржевальск қаласынан жіберген хатында ол осы күнге дейін 260 фильм, «Арчер» фильмінен 150-ге жуық және бір-екі дискілер пайдаланылғанын айтады (32-бет). Саяхатшы-ғалым ол пленкаларды жерде өңдегендігі анықталған

Екі автордың Алмаши ізімен жүріп өткен сапарларының қысқаша күнделігі (64-95 б.) зерттеудегі басты сауалдар мен мәселенің шешу жолдары баяндалады: қажетті мәліметтердің деңізі Алмаши қосыны тұрақ еткен Қарақол (ескі атауы Пржевальск осында жерленген атақты жиһанкез құрметіне аталған) қаласы мен төңірегіннен іздеген: жергілікті телеканалдан жар салған, сол кезде директор болған, әрі заманында жиһанкезге үлкен қолдау жасаған Куценко ұрпақтарын тауып, сұрастырған. Тұрған оқыған мектеп архиві, жергілікті қытай стиліндегі дұңған погода-мешіт пен православ шіркеуінің қауымынан, Бішкектегі университет, зерттеу институттары, музей ұжымынан, зиялы, көнекөз қауымнан сұрастырған. Осындай күрделі сапарды ұйымдастыруға мажар дипломаттары мен

туыскандық байланыстар (Шомфай қырғыздарға күйеу бала), ынталы іскерлік ұйымдар көмекке келген.

Сөз етіп отырған кітапта толық көрініс тапқан және таратыла сараптай отырып, жекеленген сауалдарға жауап алуға деректік аргумент ретінде пайдаланылған.

Қырғыз мәдениетіндегі өзгеше бір институтқа айналған «манасшы» жыр айту дәстүрінің спиритуалдық сипаты расымен куә болғанын баяндайды және олардың тікелей және жанама түрде Алмаши кейіпкерлеріне барып тірелетініне ден қояды (78-79 б.). Бұл саладағы Шомфай зерттеуінің шынайылығы тағы бір мәрте қуаттала түскендігін (*Somfai, Kara Dávid. Eleven szellemek, hagyományos kazak es kirgiz spiritualitás. Kairosz Kiadó, 2018. 232 p*) айта кету орынды. Қырғыз ұлттық санасы мен идентификациясының фундаментиіне айналған «Манас» жырын жырлау дәстүрі Ыстықкөл айналасындағы бұғу тайпасы арасындағы дәстүрінің эволюциясына дәлелдермен дәйектеген. Бүгінгі маңдайалды «манасшы» Таланталы Бакшиевке Алмаши жырын орындауы, айтулы манасшылар сабақтастығын тарата баяндаған

Еңбекте бір-бірімен қабыса бермейтін алуан түрлі деректерді (фото, естелік, эпистолярлық мұра, информаторлар әңгімесі) шұқшия отырып, өзара себеп-салдарлық сараптан өткізе келе Алмашидің 1906 ж екінші сапардың тізбесін, ретін реконструкция тәрізді етіп сәтті түзіп шыққан.

Нарынқолда, Текесте олжаға байлаған жолбарысты фотосуретке түсірген кезде ортада болған Бердіке есімді аңшының Тұрғанның әкесі, жақыны болмас па екен? деген сауал тастайды авторлар. Жауап жоқ. Бұл бағытта әлі іздене тү-

суді, ел арасы мен архив қорынан індетте іздену күтіп тұрғаны аян.

Түрлі құжаттарға (хаттар, фотосуреттер, естеліктер, мұрағат материалдары, информаторлардың мәліметтері) сүйене отырып, авторлар Алмашидің 1906 жылғы Азияға екінші сапарын оның эпистолярлық және визуал антропологиялық мұралары, кебір естелкітер арқылы қалпына келтіруді сәтті жүзеге асырып, діттеген міндетін абыроймен еңсерген.

Орталық Азия зерттеулерінде орны ойсарып тұрған осы бір олқылықты толтыратын жұмыспен байытқаны үшін авторларға алғыс айтуымыз орынды. Бұл томды Орталық Азияның ғылым тарихымен, әлеуметтік антропологиясымен немесе сипаттамалық этнографиясымен айналысатын зерттеушілерге ғана емес, сонымен қатар мажарстандық жиһанкездердің зерттеушілерге, ортаазиялық өлкетанушыларға, персоналистикамен айналысатын және шығыстану ғылымдарына аңсары ауған оқырмандарға ұсынуға лайықты, толымды еңбек.

Қос автор бірлескен жұмысының нәтижесінде жасалған том Алмаши Дьөрдың өмірі мен шығармашылығына ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия зерттеулеріне қатысты бірнеше сұрақтарға жауап берді, сонымен қатар қосымша жаңа сұрақтарды да туғызды.

Осындай ғылыми, әрі практикалық жақтан үлкен мәні бар орны ойсырап тұрған олқылықтың орнын толтыруды мажар зерттеушілері Шанта мен Шомфай қолға алып, өте ұзақ уақыт бойы ізденіп, небір машақатты жолдармен, өте маңызды нәтижелерге қол жеткізгендігі, ғылым тарихы үшін маңызды жаңалық деп бағалауға лайық.

МАЗМҰНЫ

Жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы

Махат Д.А.

Қазақ тарихының ақтаңдақ беттері: оқу орындарын әлеуметтік-жат элементтерден тазарту науқаны 4

Тарихнама және деректану

Төлебаев Т. Ә.

Солтүстік және Шығыс Қазақстандағы ежелгі және ортағасырлық елді-мекендер туралы зерттеулер..... 20

Төлебаев Т.Ә., Абикенова Г.Е.

Түркі халықтарының баспаналары орыс зерттеушілерінің еңбектерінде (XIX ғасырдың соңы)..... 28

Ілиясбекұлы Әзірбек

Музей қорындағы қыш бұйымдар (керамика) құндылығы 41

Археология

Құрманғазов Ы.С., Шақшақов Қ.Ғ., Құттыбай М.М.

Ботай қонысындағы археологиялық зерттеулер 54

Этнология. Антропология

Ұрымұл, Понцуг Ұрхун

Қытайдың Ілі өзені алабындағы мәдени әралуандылығын этникалық алмасу және интеграция тұрғысынан зерттеу 62

Картаева Т.Е., Даубаев Е.

Асаяяқ: этноархеологиялық артефакт және қолданбалы өнер туындысы ретіндегі интерпретациясы 73

Рецензия

Хинаят Бабақұмар

Иштван Шанта және Давид Кара Шомфай. Азияның жүрегінен келген хаттар мен фотосуреттер.

Дьёрдь Алмашидің Орталық Азияға екінші зерттеу сапары (1906). (Лакителек: Антология баспасы, 2021. 165 б.)

зерттеуіне рецензия..... 84

CONTENTS

New and modern history of Kazakhstan

Makhat D. A.

The Undiscovered Pages of Kazakh History: A Campaign to Purge Educational Institutions of Socially Alien Elements..... 4

Historiography and source studies

Tulebaev T.A.

Study of ancient and medieval settlements of Northern and Eastern Kazakhstan..... 20

Tulebaev T.A., Abikenova G.E.

Shelter of the Turkic peoples in the works of Russian researchers (late 19th century)..... 28

Ilyasbekuly A.

The value of ceramic items in the museum collections 41

Archaeology

Kurmaniyazov Y.S., Shakchakov K.G., Kuttybai M.M.

Archaeological research in Botai settlement..... 54

Ethnology. Anthropology

Wurigemule, Pengsike Wuerhong

Research on the Cultural Diversity of Ili Valley in China from the perspective of Ethnic Interaction Communication and Interparticipation..... 62

Kartaeva T., Daubaev E.

Asatayak: ethnoarchaeological artifact and its interpretation as a work of applied art 73

Review

Hinayat Babakumar

Book review by Sántha István és Somfai Kara Dávid. Levelek és fényképek Ázsia szívéből. Almásy György második közép-ázsiai kutatóútja (1906) (Lakitelek: Antológiai Kiadó, 2021. 165 o.) 84